



КИСІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМДАУІР

ЖӘНЕ

ФЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



3/2013

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ



Қофам Дауір

ҒЫЛЫМЫ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ
2004 жылдан бастап
өр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президенттіңін жаңындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Үлес НЫСАНБЕК

Шығаруға жауапты:
А. Арысұлов

Беттеу
А. Жұмагалиева

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президенттіңін жаңындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж күөлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
кеширіп басқан, микрофильмдеген
жаддайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған макала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмей мүмкін.

ЖКК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек дар., 212/1.

Таралымы 500 дана.

Қофам Дауір
ҒЫЛЫМЫ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№3(39) 2013

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Мұрат Смағұлов
Дәстүрлі діннен айырылып фанатизмге
берілу – терроризмге апаратын жол 5

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Анна Гусарова
Қазіргі таңдағы Орталық Азиядағы
аймақтық өзара әрекеттестіктің
мәселелері мен келешегі 9

Еркебұлан Жұмашов
Қазақстан-Иран қатынастары:
тариҳы мен болашағы 19

ІШКІ САЯСАТ

Оразғали Селтеев
Еуразиялық ықпалдастық контекстіндегі
Қазақстан, Беларусь және Ресейдегі ішкі
саяси үдерістер 31

ЭКОНОМИКА

Гүлім Жұнісова
Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз
етудегі мемлекеттің рөлі: Қазақстандағы
жағдайы және өлемдік тәжірибе 40

Сөлеу Жолдыбаева
Көлік салалары өндірісін өтаратандыру
мен басқару 49

Құндызың Ерімбетова
Қазақстан дүниежүзілік экономикалық
үрдістер жүйесінде 59

МАЗМУНЫ

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Әбдігали Бекішев

Сирек кездесетін кітаптар мұражайы
қорындағы қолжазбалар мен сирек кітаптар:
зерттелу және аударылу мәселесі 79

**Берік Аташ,
Нұрсөүле Маханова**

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру
философиясы 90

Гүлмира Рахимова

Мәдениеттандырылған классикалық емес
көзқарастардың қалыптастасуы 98

Мархабат Нұров

Кеңестік идеология тұсындағы діни
таным ерекшеліктері 106

Түйіндеме 112

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ

- редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жаңындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (КСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы

Үлес НЫСАНБЕК

- жауапты редактор, ҚР Президентінің жаңындағы КСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты

Нұржамал АЛДАБЕК

- ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Рахман АЛШАНОВ

- «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оку орындары қауымдастырының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Мәулен ӘШІМБАЕВ

- ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты

Камал БҰРХАНОВ

- ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор

Куанышбек ҚАРАЖАН

- әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Бағлан МАЙЛЫБАЕВ

- ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы

Ләйлә МҰЗАПАРОВА

- ҚР Президентінің жаңындағы КСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты

Марат ТӘЖИН

- ҚР Мемлекеттік хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

Зарема ШӘҮКЕНОВА

- ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүш-корреспонденті

МАЗМҰНЫ

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Әбдігали Бекішев

Сирек кездесетін кітаптар мұражайы
қорындағы қолжазбалар мен сирек кітаптар:
зерттелу және аударылу мәселе... 79

Берік Аташ,

Нұрсөүле Маханова

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру
философиясы 90

Гүлмира Рахимова

Мәдениеттандырылған классикалық емес
көзқарастардың қалыптастасуы 98

Мархабат Нұров

Кеңестік идеология тұсындағы діни
таным ерекшеліктері 106

Түйіндеме 112

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ

- редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жаңындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (КСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы

Үлес НЫСАНБЕК

- жауапты редактор, ҚР Президентінің жаңындағы КСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты

Нұржамал АЛДАБЕК

- ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Рахман АЛШАНОВ

- «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оку орындары қауымдастырының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Мәулен ӘШІМБАЕВ

- ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты

Камал БҰРХАНОВ

- ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор

Куанышбек ҚАРАЖАН

- әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Бағлан МАЙЛЫБАЕВ

- ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы

Ләйлә МҰЗАПАРОВА

- ҚР Президентінің жаңындағы КСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты

Марат ТӘЖИН

- ҚР Мемлекеттік хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

Зарема ШӘҮКЕНОВА

- ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүш-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Булат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
- Улес НЫСАНБЕК – ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Нуржамал АЛДАБЕК – заместитель председателя Комитета по контроля в сфере образования и науки МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Куанышбек КАРАЖАН – профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук
- Баглан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ТАЖИН – Государственный секретарь РК, доктор социологических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

Дәстүрлі діннен айырылып фанатизмге берілу – терроризмге апаратын жол

Мұрат СМАҒҰЛОВ,
ҚР Президентінің жаңындағы ҚСЗИ-дың
Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің
ғылыми қызметкері

Б

үгінгі таңда діни сенімдердің мемлекеттің дамуына ықпал етуі күннен күнге өсуде. Әлемдегі жаппай барлық мемлекеттер дінді жамылып радикалды көзқарасқа әкеліп соғатын керітартпа ағымдармен бетпе-бет кездесіп отыр. Жан-жақты даму үстінде болған еліміз де олардың қатарынан тыс емес. Деструктивті әрі радикалды ағымдардың ұлтаралық және дінаралық бейбітшілік пен ауызбіршілікке тигізетін кері әсері барша жұртшылыққа мәлім. Осыны ескере отырып, Елбасымыздың халыққа Жолдауы арқылы бағыт көрсету нәтижесінде бірқатар шаралар іске асып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы» атты Жолдауында: «Мемлекет пен азаматтар радиализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс. Біз Жаратушыға деген кіршікіз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек. Соқыр фанатизм біздің бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мұлде жат. Ол Қазақстанның мұсылмандары ұстанатын ханафи мазнағына қарама-қайшы» [1], – деп, радиализм мен экстремизм туралы сөз қозғалған.

VIII ғасырдың ортасында қазақ даласына ислам діні кең қанат жайған соң, даналығы әрі парасаттылығымен танымал болған ата-бабаларымыз мұсылмандықты негізгі сенімі мен дәстүріне айналдырған. Ғасырлар бойы қанымызға ана сүтімен сіңген дәстүрлі

дініміз бен сенімізді соңғы уақытта фанатизм арқылы бұрмалап, ел тыныштығын бұзуға бет алған топтардың пайда болуы ойланарлық жәйттердін бірі.

Фанатизм (лат. *fanaticus* – булықкан, буырқанған) – жаңкештілік пен бірбеткейлікке салынып, ақиқаттылығына қарамастаң ешкімнің көзқарасына құлақ қоймай соқыр еліктеу [2]. Бұл ислам дініне жат әрі қабылданбайтын сипат. Құрандағы бірқатар аяттар мен хадистер ислам дінін ұстанушы мұсылманды ағымдардың тар шенберінде шектеліп қалмай, кең көзқараста болуды, айналасындағы құбылыстарды зерттеп, Құдайдың құдыретін тануға үндеуде. Алайда бұл ақиқаттарды тану үшін белгілі діни білім қажет. Өкінішке орай, тәнір мен сенім тұралы білімді аңсап ізденген отандастарынызды тұра жолдан экстремистік бағытты насиҳаттайтын топтар өкілдері тайдыруды көздеуде.

Қоғамда кездесетін діни фанатизмнің ең қауіпті жағы – ол радикалды әрі агрессиялық пікірде бекем тұрып, өзгелердің көзқарасын жоққа шығарып қабылдамау. Мысалы, соңғы уақытта елді үрейлеткен «ұлы жихад» (улken курес) терминін діни тұрғыдан жастарымызға деструктивті ағымдарда «қолға қару алғып немесе өзін-өзі жару арқылы жасалатын курес» деп түсіндірілсе, фанатизммен іске кіріскендерді дін мамандарына токтату қындыққа соғады. Тіпті шаригаттың негізі болған Құран мен хадистен дәлел көлтіріп, ұстанған сенімдері қате, шынында үлken курес олардың ойлағандарындай емес, керісінше «өз нәпсімен куресу» екендігін сендеру оқайлыққа соқтайды. Әйткені әуелден ақиқаттан хабары жоқтарға бұл жалған ой әбден насиҳатталып, миларына сіңіп қоймай, бұрмаланып, фанатизмге айналдырылған.

Діни іліммен сузындау барысында жастарымыздың Жаратушыға деген кіршікіз сенімінің қырып-жойғыш діни фанатизмге алмасуына жол берген жағдайда діни қауіпсіздікпен қатар ұлт қауіпсіздігін қауіп-қатерге ұшыратамыз. Бұл мәселенің бірде-бір шешім жолы – деструктивті ағымдардың насиҳаттау жолдарын тыю мен дәстүрлі ислам дінінің уағыздау арқылы сенімге деген оң көзқарасты жаңғыртып қалыптастыру әрі дін жайында халықты сауаттандыру. Мешіттегі имамдардың айтылған уағыз-насиҳаттарына ұлттың болашағы болатын жастарымыз құлақ асып тыңдал, Елбасы айтқандай, жұрттымызға жат болған ағымдардың арбауына қарсы тұратын ішкі «сүзгіні» нығайту. Ол үшін бір қатар жұмыстар атқарылып жатыр. Мысал ретінде жақын арада тұсау кесері еткен, дәстүрлі дінімізді түсіндіретін «E-islam.kz» атты мемлекеттік ресми сайтын келтірсе болады.

Елімізде қазіргі таңда фанатизмнің екі түрі байқалып отыр. Бірі – қазақтың салт-дәстүр мен дінді ажырата алмай, шаманизм мен тотемизмнен қалған әдеттерді орындај жүру болса, екіншісі оған қарама-қайшылық жағдайда туындаған – дәстүрімізді шетке ысырып тастан ағымдар насиҳаттаған діни үкімдермен қарым-қатынас жасап өмір сүру. Екеуі де біздің жағдайымызға сай келер емес. Қоғамымыздың рухани дүниесі алға қарай дамуына үлес қосқаны үшін, әрі тарихымызда қалыптасқан соң, халқымыздың дәстүрлі ислам дінінен бас тартып, діни ағымға берілгені жөн болмағандай, салттымыздан толығымен айырылғанымыз дұрыс болмас. Осы екі тәсілге кіріскен адам анық қателік жасаған болар. Әйткені деструктивті ағымға берілу экстремизм мен терроризмге алып келері айдан анық болса, белгілі бір ұлттың дәстүрін ғана қоштау иман мен ислами санадан алыстатуы мүмкін.

Қазақ елі осы таңда қалыптасқан дәстүрлі діні мен тарихын, тілі мен ділін сақтаумен жарқын болашаққа бет алғанына куәміз. Алайда қазақтың барлық әдет-ғұрыптарын дінге телуге болмаған секілді, шаригаттың барлық үкімдерін қысқа мерзімде дәстүрімізге айналдыра ала алмайтынымыз мәлім. Сондықтан бұл жағдайда салт-дәстүріміз дінмен біте қайнасып жатқан жерлерін халықтың алдына паш ету арқылы тепе-тендікті сақтап қалуға мүмкіндік бар.

Дәстүрді зерттеген жағдайда тарихшыларға жүгінгендей, дін саласында ғалым атанған исламтанушылардың айтқандарына сенуді *тақлид* деп атайды. *Тақлид* деп шаригатты терең білмеген мұсылмандардың төрт мазғаб мұжтахидтері салып кеткен сара жолымен жүруді айтады. Алайда тақлид ешқашан соқыр еліктегіштікі қоштамаған, керісінше шаригаттағы әр нәрсенің мән-мағынасы мен хикметін түсіндірген соң іске айналуын талап еткен. Хикметтерін түсіну терең діни ілімді талап еткендіктен, қарапайым мұсылманға ғалымдардың айтқандарын орындау жеткілікті.

Қазақстан мұсылмандарының бірінші құрылтайында 1990 жылы елімізде діні басқарма құрылды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жауапты және халқымыздың тыныштығы мен әлемдік бейбітшілікті әнұран етіп алған мекеме болғандықтан, еліміздегі дінге байланысты мәселелерде талапты пәтуалар шығаруда. Жұртшылыққа арнап шығарылған пәтуалар соқыр фанатизммен куресіп, діни негіздерге қайши келмей, ғасырлар бойы көздің қарашығындей сақталып келген салттымызды бұзуға апармайды.

Қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасы күштейтіліп отыр. Дін істер агенттігінің бастауымен жоғары

оку орындарында талапкерлермен дөңгелек үстелдер, сұхбаттар мен кездесулерді жи үйимдастыруда. Оған қоса үстіміздегі жылда «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013–2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» қабылданды [3]. Оның негізгі бағыты діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол болса халықпен, қоғаммен әрі жастарымызға бен тығыз байланысты сақтай отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізу.

Бағдарламада аталып кеткен істердің оң нәтижесіне жету үшін, Жолдауда көрсетілгендей, мемлекет пен азаматтарымыз радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, халықтың санасын оятар ілім іздең, жас ұрпақты дәстүрімізге сай тәрбиелеп, жарқын болашақ пен ел тыныштығына ат салысқанымыз біз үшін алтыннан да қымбат екенін түсінуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 04.12.2012 //http://www.akorda.kz.
2. А. Али-заде. Исламский энциклопедический словарь, издательство: Ансар, 2007 г. – С. 669.
3. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығы // http://adilet.zan.kz

Қазіргі таңдағы Орталық Азиядағы аймақтық өзара әрекеттестіктің мәселелері мен келешегі

Анна ГУСАРОВА,
ҚР Президентінің жаңындағы
ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкери,
әлеуметтану ғылымдарының магистрі

А

уганстандағы әскери операцияның 10-жылдық мерзімі аралығында Вашингтонның сыртқы саяси стратегиясында айтартылғанда өзгерістер болды. Орталық Азияның американдық стратегиялық жоспарлаудағы маңыздылығы төмендеп, аймақ АҚШ-тың екінші дәрежелі мүдделерінің қатарына өтті.

Ресми Вашингтонның сыртқы саяси бағытының Орталық және Оңтүстік Азия аймағынан АТ аумакына [1] ауытқығанына қарамастан, аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері әлі де өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі таңдағы дамудың негізгі трендтерін есепке ала отырып, Орталық Азияның тұрақсыздандырығыш әлеуеті алдағы уақытта энергетика (Каспий), су ресурстарында (трансшекаралық өзендер) және геосаясат (Ауғанстан және үнді-пакистан шиеленістіктері) саласында көрініс беруі мүмкін.

АҚШ-тың аймақтағы саясатының негізгі тетіктерінің бірі – Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы (ОААӘЫ)* болды, бұл шын мәнінде «Жаңа Жібек жолы» атты американдық геосаяси стратегияның жолбасшысы болатын. Сауда-экономикалық интеграцияны нығайту мақсатында оған Ауғанстанды қосу мен ҚХР тіркеу арқылы американдастырылған

* Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына он мемлекет кіреді (Әзірбайжан, Ауғанстан, Қазақстан, Қытай, Қыргызстан, Монголия, Пәкістан, Тәжікстан, Түркменстан и Өзбекстан) мен 6 халықаралық қаржығы институты (АДБ, ДБ, ЕДКБ, ИДБ, ХВК және БҰҰДБ).

тегтер өздеріне қажетті дискурс қалыптастырып, оның аясында Орталық Азияны еуразия құрлығындағы коммерциялық тасымалдарды жүзеге асыруға қажетті маңызды транзиттік аймаққа айналдыруды жоспарлады.

Қазіргі таңда ОААӘЫ өзара пікірлесу алаңы және аймақтық денгейдегі ортақ жобаларды жоспарлау мен жүзеге асыру саласындағы алаң ретінде танылып отыр. Халықаралық даму банктерінің ОААӘЫ көлік дәліздерін құру бойынша қаржылық қолдауды Орталық Азия елдерінің сыртқы сауданы дамыту арқылы аймақтың бәсекеге кабілеттілігін арттыруға жағдай жасады, бұл ОААӘЫ мүше-елдері экономикасы арасындаған емес, сонымен қатар аймақтың және жаһандық көлемде де көрініс берді.

OAAӘЫ аясындағы аймақтық ынтымақтастықтың келешегі

Ауғанстандағы әскери-саяси дағдарыспен тығыз байланысты аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Орталық Азия елдерінің экономикасына жеке инвестицияларды көптеп тартуға өзінің қолайсыз ықпалын тигізіп отыр. Осылан байланысты халықаралық даму банктерінің қызметі олардың экономикасын дамытудың бірден-бір қозғаушы күші болса, ОААӘЫ бағдарламасы осы мақсаттарға жетудің тетіктері ретінде қарастырылады.

ОААӘЫ аясындағы аймақтық ынтымақтастықтың келешегін бағамдау барысында келесідей шарттарды есепке алу қажет:

- **көлік дәліздері.** Жаһандық экономикалық үдерістерге толығымен кірігу үшін дұрыс жолға қойылған инфрақұрлылым қажет екендігі белгілі, бұған көліктік-транзиттік құрлылым да жатады. ОААӘЫ бағдарламасының бұл саладағы негізгі іргетасы ретінде алты көлік дәлізі саналады.

Қазіргі таңда ОААӘЫ ресми құжаттарында бұл жобалардың орындалу мерзіміне қатысты мәселеде ауытқушылықтар орын алып отыр. ОААӘЫ шаралары жоспарына сәйкес көлік дәліздері аймақтағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жаңандыру үшін 2017 жылға қарай толығымен дайын болуы тиіс [2]. Ал ОААӘЫ-2020 стратегиясы бойынша көлікке қатысты жоспарланған маңызды инфрақұрлылымдық жобалар 2015 жылға қарай аяқталуы керек.

ОААӘЫ құжаттарындағы ауытқушылықтармен қатар, бұл жобалардың тәжірибе жүзіндегі тиімділігін бағамдау да айтарлықтай қын мәселе болып отыр. Көлік дәліздерін қайта қалыптына келтіру жұмыстары өте баяу жылжуда. Бір айта кетерлігі, 2007

жылдың қорытынсызы бойынша ОААӘЫ көлік дәліздерінің 64% жаңартылса, 2012 жылдың қыркүйегіндегі көрсеткіш төрт мың жана жол құрылысын көрсетті. Жағдайдың қындауына жобаның нақты мүмкіндіктері мен жағдайын анықтауға мүмкіндік беретін ауқымды ақпараттық-сараптамалық қолдаудың болмауы әсерін тигізіп отыр;

- **Қытайдың рөлі.** ОААӘЫ қатысадағы болуы мүмкін экономикалық тиімділіктермен қатар, аталаңған көліктік және логистикалық дәліздер Орталық Азия аймағын Ауғанстан мен Оңтүстік Азия аймағымен қосып қана қоймай, ҚХР сауда-экономикалық байланыстың артуына ықпал ететіндігін айта кету қажет, өйткені алты дәліздің ішіндегі төртеуі Қытай жерінен бастилады немесе сол аймақта аяқталады. ОААӘЫ қатысу барысында Қытай жерінде 100-ге тарта көлік бағыттары пайда болған. Сонымен қатар, қытай басшылығы Орталық Азия аймағы, оның ішінде Қырғызстан мен Өзбекстан арқылы өтетін балама көлік бағыттарын салудың мүмкіндіктерін қарастырып отыр;

- **энергетика.** Энергетика саласындағы ОААӘЫ мүшемлекеттерінің ынтымақтастығы Вашингтон ұсынып отырған CASAREM жобасы аясында Орталық Азияның оңтүстігі және Оңтүстік Азия аймағын энергетикалық жағынан байланыстыру мен оны нығайтуға бағытталған жобаларды жүзеге асырумен шектеліп отыр. Орталық Азия аймағы елдерінің бұл жобаға қатысуы бірнеше тәуекелге баруға итермелейді.

Рогун ГЭС жұмысын бастауы мен оның CASAREM жобасына қосылуынан соң Тәжікстан мен Қырғызстан электр энергиясын экспорттаудан кіріс таба бастауы мүмкін. Жобаның жүзеге асуына белсенді кедерігі жасап отырған Өзбекстан бұл жағдайда ауғанстандық энергетикалық нарықтағы монополиялық дәрежесін жоғалтады, ол өз кезегінде Орталық Азиядан Ауғанстан, Үндістан мен Пәкістанға бағытталған энергетика нарықындағы күресті күштейді. Энергетика саласындағы өзара әрекеттестіктің нашарлауы трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану мәселесіндегі аймақтық қайшылықтардың себебі болып отыр. ОААӘЫ аясында бұл саладағы өзара әрекеттестік дипломатиялық каналдар бойынша екіжақты негізде жүргізілуде, бұл Қытайдың аталаңған мәселені басқа форматта талқылауға жол бермеуді көзделген стратегиялық мұддесіне* сәйкес келеді. Сондыктan да трансшекаралық өзендердің су ресурстарын тиімді пайдалану

* Ереже ОААӘЫ ресми құжаттарында бекітілген.

мәселесі энергетикадан бөлек қарастыратындей бағдараламаның маңызыды сұрағына жатпайды.

Сонымен бірге әлемдік энергетикадағы заманауи трендтер қалпына келетін энергия көздерін дамыту талаптарын қойып отыр. Бірақ, ОААӘЫ аясында бұл мәселеге назар аударылып отырған жоқ. Қазіргі таңда Қытайда балама энергетика саласы мемлекеттік қаржыландыруға байланысты қарқынды дамып отыр, сондықтан да бұл саладағы өзараәрекеттестік тек екіжақты форматта ғана жүргізуі мүмкін. Бұған Suntech Power Holdings қытайлық ірі компанияның Өзбекстанда жел және күн энергетикасын дамытуға қатысусы мысал болады;

- *Кедендік одақ пен ОААӘЫ қарым-қатынасы.* Экономикалық көқарас тұрғысынан Еуразиялық экономикалық одақ пен ОААӘЫ бағдарламасы бір-біріне қайшы емес. Орталық Азиядағы инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы аймақтық жаһандық нарыққа барынша терең интеграциялануына қолайлы жағдай жасайды.

Бірақ, 2020 жылға қарайғы ОААӘЫ алты көлік дәлізі мен Кедендік одақ аясындағы интеграция негізіндегі толық көлемді «бір терезелік» байланыстарды жүзеге асыру мәселелері әлі де ойластырылмаған жағдайда. ОААӘЫ экономикалық мақсаттылығына баға беру күрделі мәселе, өйткені бұл саладағы қандай да бір экономикалық есептеулер мен көрсеткіштер жоқ. Осыған байланысты ақпараттық-сараптамалық вакуумды ОААӘЫ аясында қалыптасып отырған қауіп-қатерлер тез арада толтырып отырғандығын көптеген отандық сарапшылар атап өтті. Бір айта кетерлігі дәл осындағы ақпараттық қолдауы әлсіз болып отырған Кедендік одаққа қатысты пікірталастың орын алмауында болып отыр;

- *ОААӘЫ институттың қалыптастыру* (ОИ). Қазақстанның өз жерінде ОИ негізін орналастыруға қатысты кандидатурасы көптеген себептерге байланысты дәлелденген мәселе. Жаңа құрылымның ашылуына кететін қаржының шамамен 7-10 млн долл. болатынына қарамастан, ел аумағында орналасатын ОИ мақсаттылығын да есепке алу қажет:

- 1) қабылдаушы тарап барынша ауқымды үлес косуы тиіс;
- 2) институттың ел аумағында орналасуы қожайын-елдің аймақтық мәселелерге белсенді араласуын білдіреді.

Осылайша, ОААӘЫ доноңлары ауқымды қаржылай инвестициялар арқылы жаңа мегааймақтың сауда-экономикалық интеграциясының негізі болатын инфрақұрылым қалыптастырады.

Соған қарамастан Қазақстан ОААӘЫ жобаларының жүзеге асырылуына бағдарламаның басқа мүше-мемлекеттермен салыстырғанда айтартылғай аз тартылған. Осы мәселеге қатысты келесідей жағдайға назар салып өткен дұрыс:

1) ОААӘЫ нақты «бизнес-жоспарының», ақпараттық және сараптамалық қолдаудың болмауы АҚШ Орталық Азиядағы саясатындағы төмен деңгейлі орында болуына ықпал етеді. 2014 жылдан кейінгі кезеңдегі ОАА ықпалының төмендейтіндігін сезіне отырып, АҚШ Ауғанстаннан әскерлердің шығарылуынан кейінгі кезеңдегі аймақтағы негізгі басымдықтарын айқындалмай отыр. «Жаңа Жібек жолы» стратегиясы аясында Орталық және Оңтүстік Азияның сауда-экономикалық интеграциясын қолдауға шақырудан басқа қазіргі таңда Вашингтонның қолында Орталық Азия елдерін өз ықпал ету шенберіне тартуға қажетті басқа да тиімді тетіктөр болмай тұр.

Осыған байланысты ақпараттық-сараптамалық вакуумды жоюмен аймақ елдерінің бағдарламаны дұрыс қабылдауы мақсатында жаңа аймақтық құрылым – ОААӘЫ институтын құру көзделінген. ОИ Әзербайжанда немесе Қытайда орналасуы Вашингтон мен Пекиннің аймақтағы өз ықпалдарын арттыруға қажетті қосымша тетік болуы мүмкін. Бұл жағдайда АДБ Хатшылығы өкілеттілігінің ОИ негізінен кеңейтілуі дұрыс болады;

2) ОААӘЫ – Орталық Азияның бес мемлекетін біріктіріп отырған айрықша механизм ретінде көптеген салалардағы аймақтық өзара әрекеттестіктің нығаюына жағдай жасайды. Бірақ, қазіргі таңдағы ОААӘЫ экономикалық мақсаттылығының нақты көрінісінің болмауына байланысты Қазақстан үшін бағдарламаға белсенді тартилуға ешбір қажеттілік болмай отыр. Сонымен бірге тағы бір айта кетерлігі американлық стратегиялық жоспарлауда бірінші кезекке өз экономикасын дамыту алынған болатын. Осыған байланысты Орталық Азияның маңызы төмөнделеп, аймақ АҚШ-тың екінши кезектегі қызығушылықтары зонасына өтті.

Сонымен бірге «үйқыдағы» жобалардың жандануы мен пассивтенуі көп жағдайда Орталық Азия елдеріндегі ішкі саяси конъюнктураның өзгеруімен тығыз байланысты.

Аймақтағы Ресей саясаты

Қазіргі таңдағы жағдайда, яғни 2014 жылдан кейінгі Ауғанстандағы халықаралық жағдайдың дамуындағы белгісіздік

Ресейдің орталықазия мемлекеттерімен өзараәрекеттестігін, әсіресе ҮҚШҰ аясындағы шараларын жандандыруды талап етеді. Аймақтың барлық елдері АИР тарайтын қауіп-қатерлерді сезінетіндіктерін айта кету қажет. Бірақ, қандайда бір жағдайларда да аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыратын ынтымақтастықты белсендендіру шаралары түрақты түрде қайшылықтарға кезігіп отыр, оны былайша сипаттауға болады:

- 1) Ресейдің ҮҚШҰ аясында Қыргызстан және Армениямен біріге отырып әскери-техникалық ынтымақтастықты арттыруна Тәжікстан тарапының қанағаттанбаушылығы;
- 2) Мәскеу мен Душанбенің шешімін таппаған энергетикалық мәселелері кейбір жағдайларда Ресейдің Тәжікстандағы әскери базаларының жағдайына белгілі-бір түрде ықпал етеді;
- 3) Орталық Азия елдері территорияларындағы әскери объектілерге қатысты тұрлаусыздықтар;
- 4) Көлік және энергетика саласындағы, оның ішінде ірі ГЭС салу мен көлік тасымалы мәселесіне қатысты тәжік-өзбек қайшылықтары;
- 5) Өзбекстанның ҮҚШҰ мен аймақтағы қауіпсіздік мәселесіне қатысты диалогтан өзін алшақ ұстауы;
- 6) еңбек миграциясы мен заңсыз есірткі саудасы саласындағы шешімін таппаған қындықтар.

Бұл жағдайлар бойынша Ресей екіжақты серіктестік қатаинастарды нығайтуға талпынис жасайды.

Шетелдік әскердің шығарылуынан кейінгі Ауғанстандағы экономикалық қалпына келтіруді ұйымдастыру қажеттілігін сезіне отырып, Ресей жаңа геосаяси құрылым жасауды көздейді, ал ол болса болашақта Мәскеудің аймақтағы экономикалық мұдделерін қорғауына мүмкіндік береді. Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық жөніндегі ресейлік корпорация құру туралы РФ ЕБФҚ ұсынысы АҚШ-тың аймақта әскери орналасуын қамтамасыз етуге бағытталған американалық «Жаңа Жібек жолы» және «Азия жүрегі» стратегиялық жоспарларының баламасы саналатын Ресейлік жобаларды лоббileу болатын. Бірақ, бұндай геосаяси жоспарларды жүзеге асыру үшін көлемді инвестициялар қажет, ал Мәскеу қазіргі таңда оны бөлуге қауқарсыз. Корпорацияны іске асыруға жұмсалған 2 млрд рубль түріндегі 51% акция шын мәнінде Арменияға салынған ресейлік қаржы салымына да, сонымен катар американалық жобаларды жүзеге асыру үшін аймаққа салынған қаржы көлемдерімен де салыстыруға келмейді.

Осыған байланысты аймақтағы сыртқы акторлардың (АҚШ, ҚХР) бәсекелестігінің артуы барысында және қауіпсіздіктең жаңа қауіп-катерлерінің пайда болуы жағдайында Орталық Азия елдерінің билеуші топтары мен сараптама қауымдастығы өкілдерінің Ресейге деген карым-қатынасында белгілі үдерістер орын алғып отыр. Бір жағынан ресейлік саясатты сынға алу, оның ішінде бірлесіп құрылған мемлекетаралық құрылымдар жұмысы да бар. Ал екінші жағынан өзара әрекеттестікten бас тарту немесе оның көлемін айтартықтай қысқарту шаралары Орталық Азия елдерінің стратегиялық мақсаттарына сәйкес келмейді. Ресейдің орталықазия елдерінің сыртқы экономикалық байланыстарында, әсіресе қаржы аударылымдары мен тауарларның бойынша көшбасшылық позицияда екендігін атап өткен жөн.

ҮҚШҰ аясында Ауғанстан бойынша кешендік жоспардың жасалынуы Ұйымның позициясының қүшнейгендігін көрсетеді, бірақ та оның нақты толтырылуы әлі де шешімін таппаған мәселе. Бұл жерде Орталық Азияның әлі де бөлшектенуі қауіпі бар, өйткені ресейлік инвестиция негізінен Қыргызстанның әскери-техникалық саласына бағытталуы Тәжікстан тарапын қатты алаңдатып отыр. Осыған байланысты Мәскеу атальған елдерге қатысты өзінің саясатын тенгеруі қажет, және де Өзбекстанның аймақтық қауіпсіздік, оның ішінде есірткі тасымалы мен миграцияға қатысты пікіралмасуға тарсылуына ықпал етуі тиіс.

Ресей-американдық қарым-қатаинастары мәннендердегі Ortalық Азия елдерінде орын алуы мүмкін тәуекелдер

Ресей мен АҚШ-тың маңызды сұрақтарға байланысты өзарақайшылықтарға баруын есепке ала отырып, Орталық Азия аймағының келешекте қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белгілі бір катерлерге бой алдыруы мүмкін, оның ішінде келесілерін атап айтудағы болады:

- қауіпсіздік. Еуразия құрлышындағы геосаяси өзгерістерге байланысты қазіргі таңдағы әлемдік жетекші геосаяси объектілер ретінде Ауғанстан мен Каспий танылады.

Біріншіден, қазіргі таңдағы маңызды инфракұрылымдар объектілеріне бакылау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапкершілікті ауған тарапына өткізіп беру шарасы АҚШ пен оның НАТО-дағы одактастырының АИР миссиясының нәтижесіздігін, және Альянс стратегиясы басымдықтарының өзгеріске түскендігін

байқатады. Бірінші кезекке Сирия мәселесі мен Таяу Шығыстағы химиялық қару қолдану қауіп шығып отыр.

Қазіргі танда АҚШ әскери құрал-жабдықтарын Ауғанстаннан шығару Пәкістан арқылы, ал Вашингтонның НАТО бойынша одақтастырының кару-жарап пен әскери техниканы тасымалдау шарасы Қазақстан мене Өзбекстан территориясы арқылы жүзеге асырылуда. Тәжіктан қайта тасымалдау бойынша серіктестер тізімінен шығарылса, қыргызстандық Манас ТҚО бойынша мәселе тек бір жылға ғана шешілді.

Бұл жағдай Орталық Азиядағы Ресей мен АҚШ арасындағы кайшылықтарды шиеленістіріп жіберуі мүмкін екендігін айта кету қажет. Вашингтонға Манас ТҚО* әскери объект түрінде сақтауға нақты кепілдіктер беру Ресейдің Қыргызстанға көрсетіп отырған әлеуметтік-экономикалық көмегінің жетістіктерін көруге кедергі болады. Сонымен бірге ҰҚШҰ бойынша міндеткерліктерін орындауын АҚШ тарапынан өз пайдасына қолданып, ресейлік әскери-саяси ықпалының төмендеуі есебінен өзінің аймақтағы ықпалын арттыруына жағдай тударыды. Нәтижесінде, Қыргызстанда кезекті мемлекеттік төңкерістің орын алуын жокқа шығаруға болмайды, ал ол Орталық Азияның жалпы қауіпсіздігіне қолайсыз ықпал етеді;

Екіншіден, Каспийдегі көліктік және құбыр бағыттарына бақылау орнатуға деген күрестің күшеюі Каспий өнірінде тұрақсыздықты және/немесе милитаризация үрдісінің орын алуына ықпал етуі мүмкін. Мәскеу мен Вашингтонның Иранға қарсы экономикалық шектеулер мәселесіндегі ауызбірлігіне қарамастан, бұл жағдайды шешүуге қатысты ресейлік және американцың ұстанымдар әртүрлі болып келеді. Ресеймен салыстырғанда, АҚШ ирандық ядролық мәселені (ИЯМ) әскери жолмен шешу қажеттілігін жоққа шығармайды.

Сонымен қатар жағдайдың одан ары шиеленісуіне ИИР шығатын қауіп-қатерге қатысты Израильдің өз әскери қуатын арттыруы ықпал етуде. Егер де Иранға қарсы әскери күштің қолданылуы мүмкін сценарийді қарастыратын болсақ, орталықазия елдері ядролық объектілерді зымырандық-бомбалық атқылау нәтижесінде болған радиацияның таралу салдарынан орын алған экологиялық апаттарды бастан өткереді. Бірақ, ИЯМ бойынша келіссөздердің қайта басталуы және ИИР мен АҚШ арасындағы тікелей келіссөздер жүргізу шарасы аймақтағы қауіпсіздік қатерлерін төмендетуге қауқарлы;

* Мемлекеттің жыл сайынғы кірісі 60 млн долл.

Үшіншіден, соңғы кездерде «араб қөктемі» қатерінің Түркменстандағы әлеуеті айтартылғатай өсті. Бұл елде таяушығыстық көптеген белгілер бар, олардың ішінен келесілерін атап айттар болсақ:

- 1) ауқымды энергоресурстар қоры;
- 2) демократияның болмауы, адам құқықтары мен бостандығының бұзылуы;
- 3) жемқорлықтың жоғарғы деңгейі;
- 4) әлеуметтік тенсіздік пен қоғамның тапқа бөлінуі.

Сонымен қатар экономикалық саладағы түркмен-америка байланысының жандануы, оның ішінде Түркменбаши портын АДХБ қаржысы негізінде модернизациялау шарасы Вашингтонның аймақтағы өзінің әскери-саяси ықпалын сақтап қалу мақсатында Ашхабадқа сенім артып отырғандығын білдіреді. Бұл жағдайды және елдің халықаралық Freedom House, Transparency International және Шекарасыз репортерлер рейтингтеріндегі орнын есепке ала отырып, «араб қөктемі» технологиялары болашақта Түркменстанда да орын алу мүмкін екендігін айтуда болады;

- саясат. АҚШ-тың Ресейге қатысты қолданып отырған құқыққұрғау технологиялары Орталық Азия мемлекеттерінде де қолданылып отыр. Келешекте демократиялық деңгейі қажетті деңгейде емес елдер қатарында Қазақстан қалып, бұған ұдайы қосылып келген, Freedom House рейтингі бойынша демократия жоқ және адам құқықтары сақталмау бойынша алғашқы орындарда тұрған Өзбекстан мен Түркменстан* кірмеді. Бұл жағдайда Вашингтонның ұстанымы ҚР Ресей Федерациясымен тығыз интеграциялық байланыстарға қатысуымен байланысты. Дәл осындай механизм Кедендей өткізу жағдайда Қазақстан мен Қыргызстан үшін де қолданылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылған ойларды есепке ала отырып, келесідей жайттарға көніл бөліп өткен жөн:

1) ресей-америкалық қарым-қатынастар барлық кезде өзара кайшылықтар мен келіспеушліктерден тұрды, бұл Орталық Азия аймағы бойынша мәселелерге де қатысты. Бұл көп жағдайда Вашингтон тарапынан АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігінің қатерлері Ауғанстан, Иран және Пәкістан секілді елдермен географиялық жақындықтың ықпалы саналады. Ал екінші жағынан, өз интеграциялық жобаларын («Жаңа Жібек жолы» және Еуразиялық экономикалық одак») аймақта дамыту талшыныстары көп жағдайда

* НАТО әскери мен әскери жүктерін АИР шығаруға Өзбекстан, Қыргызстан және Түркменстанның қатысуы мүмкіндігі оларға қатысты демократия мен адам құқықтары талаптары сұрақтарында маңызыды фактор болады.

ресей-америкалық қайшылықтардың негізі болып, әрқайсысы Орталық Азиядағы екінші тараптың әскери-саяси және басқа да ықпалын төмендетуге бағытталды. Аймақ елдерінің белгілі-бір жобаға қатысуы олардың сыртқысаяси басымдықтарын анықтайды (бұл жағдайда Түркменстан мен Өзбекстанның қатыспауы). Осыдан келіп шығаратын қорытынды Орталық Азияның өзара бөлшектену үрдісіне ресей-америкалық қайшылықтар ықпал етті деуге болады, ал аймақтағы тұрақты мемлекет ретінде ҚР ғана атауға болады;

2) АҚШ-тың Ауғанстаннан кетуі негізінде Орталық Азия Вашингтон үшін стратегиялық маңызды аймақтардың қатыранан шығып отыр. ИИР қатысты жағдайдың қолайсыз сценарий бойынша дамуы орын алса 2014 жылдан соң аймақтың онтүстік бөлігі жалпы Орталық Азия елдері үшін қауіпсіздіктің қатерлі ауданына айналады. Егер де атаптынған мәселе өзінің оң шешімін тапқан жағдайда, яғни аймақ елдері ИИР қатысты өзара үйлестірілген саясат ұстанатын болса Орталық Азия үшін бұл қатердің ықпалы төмендейді.

Қазақстан-Иран қатынастары: тарихы мен болашағы

Еркебұлан ЖҰМАШОВ,

Л.Н. Гумилев Еуразия ұлттық университеті,
Халықаралық және аймақтық
зерттеулер орталығының
аға ғылыми қызметкере

И

ран мен тәуелсіз Қазақстан арасындағы қатынастар бастапқыда бірқатар сарапшылар күткендей қоян-қолтық болып кетпесе де, бірқалыпты дамып келеді. Кенес Одағы ыдырап, Орталық Азия елдері темір қырсаудан босап шыққаннан кейін көршісі Түркия бауырластығын алға тартып, бетін осылай қарай бұрып, қоғамның барлық саласында байланыстарды жандандырып жатқанда ресми Тегеран самарқау қимылдады. Эйтпесе сарапшылар, Иран да діни және тарихи жақындығын пайдаланып Орталық Азияға қарай ашылады деп күткен еді. Иран басшылығының неге бұлай шабан қимылдағанын дөп басып айту қын. Мүмкін мемлекетке сыртқы құштердің қысымы адымын аштырмады немесе ішкі жағдайы мүмкіндік бермеген шығар, болмаса осы мәселені көтеретін стратег саясаткер табылмады, яки жақын аралассақ түрік елдерінің ықпалында қалып кетерміз деп күдіктенген болар... Эйтесе бастапқыда Иран жағы тек экономикалық байланыстармен шектеліп қалды (оның өзі де көніл көншітерлік емес). Тек, соңғы жылдары «сең жібіп» бұл аймақпен қатынастарға көбірек назар салуды колға алды. Бұл, Иранның сыртқы саясаттағы басым бағыттарды белгілеген доктринада Орталық Азияның да орын алғандығынан байқалады. Сөйтіп, кейінгі жылдары ресми Тегеранның Иранды транзит ретінде пайдалану саясатына байланысты Қазақстанмен арадағы түрлі барыс-келіс те көбейді.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің мәліметтеріне жүгінsek екі елдің арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 22 қаңтарынан

бастау алады. Иран Ислам Республикасындағы Қазақстан елшілігі 1993 жылы ашылған. Ал Иранның Қазақстанның астанасындағы елшілігі 1992 жылдан бері жұмыс істеп келеді [1].

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылы 6 қазанда Тегеранға жасаған ресми сапарында «Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы декларация» қабылданды. Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы саясат, экономика, мәдениет салаларындағы жан-жақты ынтымақтастықты нығайту және дамыту, әрі достық байланыстарды тереңдету мақсатында қабылданған декларацияның әр тарауы аталған салаларды жандандыруға бағытталған:

I-тарауы: Саясат саласындағы ынтымақтастық;

II-тарауы: Экономикалық ынтымақтастық;

III – тарауы: Ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастық.

Саясат саласындағы ынтымақтастық тарауында өзара ынтымақтастық, достық, Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы тұрақтылықты сақтау, Каспий мәселесі бойынша ортақ келісім жолдарын іздеу және құқықтық статусын анықтауға күш салу, жағалауындағы мемлекеттер арасындағы байланыстарды жандандыруға күш салу, экологиясын сақтау, сондай-әк Ауғанстандағы бейбітшілікті қалпына келтіруге мән беру сияқты мәселелер қамтылған.

Экономикалық ынтымақтастық тарауын екі ел арасындағы резервтерді пайдалана отырып сауда айналымын дамыту, Каспийдің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану, мұнай саласында, оның ішінде оны тасымалдауда өзара бірігіп жұмыс істеуді көтерген. Сондай-әк осы тарауда транспорт инфрақұрылымдарын тиімді пайдалану мен Қазақстан бидайын экспорттау және жекелеген қәсіпорындардың өзара байланыс мәселелері де қарастырылған.

Ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастық тарауында көтерілген тарихи-мәдени салалардағы әріптестік мәселесі, екі ел осы салада мұрындық болатын іс-шараларға қолдау білдіру және Жібек жолы бойындағы ойшылдардың мұраларын зерттеу мәселелерінде де үағдаласылды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Мәдени ынтымақтастық туралы келісім 17.04.1993 жылы жасалынған болатын [2]. Алайда бұл келісім тек қана алты жылдан кейін барып қана Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 наурызындағы №318 қаулысынан кейін күшіне енді. Осы келісім екі елдің арасындағы

мәдени байланыстардың төлкүжаты болды. Бұдан білек «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Иран Ислам Республикасының Ұлттық кітапхана және мұрағаты арасындағы кітапхана, мұрағат ісі және құжаттама салаларындағы өзара түсіністік меморандумы» жасалып, оған 15.10.2007 жылы Тегеранда қол қойылған. Осының арқасында Ирандағы Қазақстанның тарихына қатысты көптеген құжаттарды зерттеуге мүмкіндік туды.

Жоғарыдағы мәдени ынтымақтастық туралы келісімнен білек мұнай-газ, кедендейтік істер, теңіз сауда кемелері қатынасы, әуе қатынасы және қылмыскерлерді ұстап беру бойынша жеке-жеке салалық келісім-шарттар жасалған. Сонымен бірге Каспий мәселесі бойынша немесе басқа да өнірлік маңызы бар салалар бойынша бірнеше елдің арасында жасалған арнайы халықаралық құжаттар аясында да екі ел өзара қатынастардың басын ашып алған. Екі елдің арасындағы жалпы келісімдердің саны 60-тан асады.

Екі елдің арасындағы байланыстардың бірқалыпты дамып отырғанын, кейінгі жылдары сауда-экономикалық қатынастардың жақсы жолға қойылғанын Сыртқы істер министрлігінен алынған төмендегі мәліметтер де көрсетеді:

«Азық-тұлға келісім шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы Акционерлік қоғамының инвестициялық жобаларына сәйкес, 2010 жылы 19 маусымда Амирабад портында бірлескен астық терминалы және ұн дайындау диірмені іске қосылды.

Қазақстанның батыс облыстарының Каспий теңізі жағалауындағы Иранның провинцияларымен тікелей сауда-экономикалық байланыстары орнатылған.

2011 жылғы екіжакты тауар айналымының көлемі 1,11 млрд. АҚШ долларын (экспорт – 1,08 млрд. долл., импорт – 34,9 млн. долл.) құрады.

Екі ел арасында қол қойылған 60-тан астам мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдер мен құжаттар екі жақты қатынастар дамуының негізін қалады.

Қазақстан және Иран сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық бірлескен комиссиясының (ҰБК) отырыстары тұрақты түрде өткізіледі.

Алайда Қазақстан мер Иран өздерінің экономикалық әлеуетін толыққанды пайдаланып отыр деп айтуда әлі ерте. Өйткені екі елдің арасындағы тауар айналымы 2012 жылы небәрі 1,2 млрд. долл құрапты, бұл соманы бірнеше есе арттыруға мүмкіндік

бар екенін сарапшылардың барлығы алға тартады [3]. Екі елдің арасындағы сауда айналымына басты кедергі логистиканың дұрыс дамығандығында жатыр, яғни елдерді жалғастыратын тас жол мен теңіз жолы әлсіз, ал темір жол мүлдем жоқ. Дегенмен, алдағы уақытта бұл олқылықтың орны толтырылады деп үміттенуге болады.

«2007 жылды Тегеран қаласында Қазақстан, Түркіменстан және Иран арасын жалғастыратын Жаңаөзен-Қызылқая-Берекет-Этрек-Горган теміржолын салу туралы үкіметаралық келісімге қол қойылған болатын. Ұзындығы 934,5 шақырымды құрайтын, жылдан 10-12 млн. тоннаға дейін жүк тасымалдауға мүмкіндік беретін» бұл теміржол Қазақстанны Парсы шығанағымен байланыстыратын үлкен экономикалық маңызға ие [4]. Балтық жағалауы елдері мен Парсы шығанағы елдерін байланыстыратын халықаралық «солтүстік-оңтүстік» жолының бір бөлігі ретінде қарастырылып отырған бұл жоба, Азия мен Еуропаны жалғастыратын көпір болады деп үміттенетіндер де көп. 2013 жылдың жазында біtedі деп күтіліп отырған Қазақстан мен Иран арасын жалғайтын жол (бастапқыда 2011 жылдың желтоқсан айында бітуі тиіс болатын, алайда Түркіменстан тарапы кешеуілдettі) екі елдің арасындағы сауда айналымын бірнеше есеге ұлғайтары анық. Иран Ислам Республикасының Қазақстанның төтөнше және өкілетті ешісі Горбан Сейфи: «...өткен жылды екі елдің арасындағы тауар айналымы 1,2 млрд. АҚШ долларын құраса, болашакта бұл соманың 5 млрд. дейін жету мүмкіндігі бар», деп айтқан болатын [5].

Әйтсе де, ресми Тегеранның атом жобасынан бас тартпауына байланысты 2012 жылы салынған экономикалық санкциялар да екі елдің экономикалық байланыстарының жандануына кедергі болуы ықтимал.

Қабысатын көзқарастар мен алишак ұстанымдар

Қазақстан мен Иранның аймақтық және жаһандық деңгейдегі көптеген мәселелерге қатысты ұстанымдары бір біріне жақын немесе ұқсас болып келеді. Аймақтың қауіпсіздігі, онда болып жатқан үдерістер, терроризм және экстремизммен курсес, есірткі саудасы мен тасымалы, сондай-ақ Азиялық немесе жаһандық деңгейдегі кейір мәселелерде бір-біріне қолдау беріп, ортақ ойлар ұсынып жатады.

Ауғанстанда бейбітшілік орнату екі елді де жақындастыратын ортақ мәселелердің бірі, өйткені бұл елдердің ішкі жағдай Қазақстан мен Иранның қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Сондыктан екі

елдің де басшылығының Ауғанстандағы жағдайға алаңдап, ондағы экстремистік топтарды қарузыздандыру, гуманитарлық жәрдем, есірткі плантацияларын жою, халықтың сауатын ашу сияқты мәселелерде бір шешім табуға тырысатыны түсінікті.

Байырғы Жібек жолын қайта жандандыру арқылы Қытай мен Батыстың арасын құрлық арқылы жалғап, халықаралық транзит жолы ету де екі елдің мұддесін жақындалатын тақырыптардың бірі. Себебі, Қытайдан шығып Орталық Азиямен өтіп, Иранды кесіп (немесе Парсы шығанағына) Түркия арқылы Жерорта теңізі мен Оңтүстік Еуропаға апаратын жолда тасымалданатын тауардан түсер қырауыр каржы екі елдің де бюджетін қомайтатыны, халқына қосымша жұмыс көзін ашатыны, тұрлі инфрақұрылымдардың дамуына септігін тигізетіні анық. Тек бұл ғана емес, сонымен бірге Ресей мен Парсы шығанағы арқылы Араб әлемін және Оңтүстік Азияны да темір және тас жолдар арқылы жалғауда Астана мен Тегеранды бірге құмылдалатын мақсаттардың бірі. Каспийдің Қазақстан мен Ресей жағында өндірілетін мұнайын Иран арқылы тасымалдан, халықаралық базарға саудалава да екі елдің басшылығын жұмылыш әрекет етуге итермелейді.

Ислам елдеріндегі тұрақтылық, Палестина мәселесін шешу, Таулы Қарабақ бойынша бейбіт келісім орнатудың жолын табу секілді тақырыптардың Астана мен Тегеранның сыртқы саясат ведомостваларының айналысып отырған ортақ проблемалары ретінде көрсетуге болады.

Алайда алшақ көзқарастар да жетерлік. Каспий мәселесі, уран байыту, мемлекеттің басқару құрылымы, түрік бірлігі т.б. мәселелерде екі елдің ойы екі жаққа айырылады...

Каспийдің құқықтық статусын анықтап, шекараларды белгілеп алу мәселесінде екі елдің көзқарасы бір-біріне қайши келіп тұрған басты проблема. Кезінде КСРО мен Иран арасында 1921 және 1940 жылдары Каспий туралы келісім жасалған болатын. Ол бойынша халықаралық заңдардағы «траншекаралық көл» статусына ие сұлар сияқты Каспийді «Астара – Гасан-Кули» сызығы бойынша екі ел бөлісіп алды, сөйтіп, «көлдің» 13% Иранға, қалғаны КСРО-ға тиесілі болып, бұл жерде тек осы елдердің ғана кемелерінің журуіне рұқсат етілді. Сондай-ақ, балық аулау сияқты теңіз суының биоресурстық байлығын пайдалану еркіндігі де сақталды (тек бір елге тиесілі жағалаудың 10 мыльіне дейінгі аймағына енуге болмайды).

Дегенмен, КСРО ыдырағаннан кейін ол құжаттың күшін жойып жана келісімге келу төнірегінде каспийді қоршаған бес мемлекет

бір шешімге келе алмай отыр. Сонау 1992 жылдан бері жалғасып келе жатқан келіссөздерде, әр ел әртүрлі ұсыныс айтып, бәрін де қанағаттандыратын ортақ мәміле табу зорға айналды. Осыны байқаған кей сарапшылар, Каспийдің құқықтық статусын анықтау мәселесі қарулы қақтығысқа да алып баруы мүмкіндігін ескерткенді. Тіпті, Иран мен Әзербайжан және Түркіменстан мен Әзербайжан арасында кішігірім «ескерту» ретінде атылған оқтың да дауыстары естіліп қалды. Әрине, мұнай мен газға бай теңізден көбірек қарпыш қалу, болмағанда өзінің есесін алып қалуға тырысудың Каспийді коршаған барлық мемлекеттердің мақсаты екені анық. Әзірge Қазақстан, Ресей және Әзербайжан арасында бұл мәселеде ортақ мәміле жасалып, үш ел арапарындағы бұл дауды шешкендей әсер қалдышуда. Дегенмен, Иран мен Түркіменстанның бұл келісімдегі шарттардан бас тартып қана қоймай, барлық бес мемлекет қол қоймайынша ешқандай мемлекеттер арасы келісімдерді мойындауы жағдайы курделі қалпында сақтап отыр.

Бастапқыда Иран тарапы КСРО-дан қалған келісімді сақтап қалуды ұсынған, алайда ондай жағдайда өзіне аз ғана территорияның тиетінін ескеріп көп ұзамай бүкіл теңізді теңдей етіп беске бөлуді ұсынды (мұны Түркіменстан да қолдағанды)... Ресми Тегеран тоқсаныншы жылдардың орасында, тіпті, «Каспийдің 50% өзіне тиесілі екенін, өйткені кезінде КСРО мен жасалған келісім бойынша екі елдің теңізді теңдей бөлгенін, сондықтан бүгін оның етегінен шыққан елдердің қалған 50% өзара бөлісу керектігін» ұсынғанды. Бірақ, мұндай ұсыныстың ешқашан қабылданбайтынын ескеріп, қайтадан бастапқы 20%-дан бес елге теңдей бөлісудің дұрыстығын қорғауды жалғастыруда.

Алайда бұл ұсыныска теңіздің бойын алып жатқан террitorиясы 20% көп Қазақстан тарапы келіспейді. Теңіз бойындағы террitorиясымен және бұрынғы Одақтас республикалармен арадағы шекара бойынша есептегенде Қазақстанға Каспийдің 27% пайызы қарайды, сондықтан Астананың Тегеранның ұсынысына келісіп 7%-ды басқа төрт мемлекетпен бөлісе салмайтыны анық. Астана тарапы Каспийдің қайраңын әр ел алып жатқан террitorиясына сәйкес бөліп, жерінің астындағы минералды ресурстардың сол мемлекетке тиесілі қалуын, ал сүй мен биоресурстарды ортақ пайдалануды (жағаға дейінгі белгілі бір қашықтықтан басқа) және экологиясы үшін де бірдей жауапкершілік алуды ұсынып келеді (Қазақстанның Ресей және Әзербайжанмен арадағы келісімдері осы негізде жасалған).

Отken ғасырдың соңында шешілмestey болып көрінген Капийдің құқықтық статусын анықтау мәселесінде жаңа дәуірдің басынан бастап біршама оң өзгерістер байқалып, «сөң бұзылғандай» болды. Оған әрине әлемде қара алтынға деген сұраныстың күрт өсүі, бағасының шарықтауы, жаһанда және аймақта болып жатқан геологияси өзгерістер өз ықпалын тигізді. 2007 жылы Тегеранда Каспийді қоршаған елдердің алдымен сыртқы істер министрлері, артынан президенттері бас қосып, ортақ Декларацияға қол қойды. Ол құжатта теңіздің құқықтық статусын анықтамағанымен, биоресурстарын пайдалану, экологиясын жақсарту сияқты бірқатар өзекті мәселелер қарастырылған [6],[7],[8].

Уранды байыту бойынша ұстанымда да екі елдің көзқарасы бір біріне қайшы келеді. Жалпы 2012 жылға дейін Қазақстан жағы Иранның уран байыту бағдарламасына «бейтарап» болып келген еді, алайда сол жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Сеулде өткен конференцияда Тегераннан бұл ойна қарсылығын айтқан болатын. Елбасы кейін Германияда да бұл мәлімдемесін қайталады, осылайша елдің Тегераннан уран байытуға қатысты ресми көзқарасы ашық айттылды. Сондықтан уран байыту Қазақстан мен Иранның арасын алшактатын екінші проблема болып отыр.

Иран мен Қазақстанды алшактатын тағы бір үлкен мәселе бар, ол – түрік халықтарының бірлігі. КСРО ыдырап, оның құрсауынан босап шыққан Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказдағы түрік тілдес халықтармен қарым қатынасты жандандырған Түркия, аймақтағы Иранның байыргы «бәсекелесі». Бауырлас халықтардың арасындағы байланыс терендер, түрлі мінберлерде, баспасөз беттерінде кей кейде айттылып қалатын Түрік одағы, конфедерациясы, ежелгі Түранды қалпына келтіру сияқты ойлар Тегеранды алаңдатары анық. Өйткені Иранның Каспий жағалауында әзербайжандар мен басқа да түрік халықтары тұрады (ресми емес мәліметтер бойынша Иранда 20-30 миллион көлемінде түрік халқы бар), алайда мемлекет парсылардың идеологиясына негізделгендердін, бұл ел түрік халықтарының одағына қарсы, одан аулақ тұруға тырысады, қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін деп сессенеді. Сондықтан «түріктік» деген сөзге сүймен қарайды, ал ресми Астана сол түріктік әзірге «белсенді» ойыншыларының бірі болып отыр.

Екі елдің арасында туындауы мүмкін тағы бір мәселе дінге деген көзқараста туындаиды. Иран – шиилік бағыттағы шариатқа арқа сүйейтін діни мемлекет және режимді сыртқа таратуды, жаюды көздейтін төңкөрістің алғашқы жылдары (құдды төңкөрістен кейін

коммунизмді жиуды көздеген КСРО секілді). Тіпті сонау тоқсаныншы жылдардың ортасында З. Бжензинский өзінің әйгілі «Үлкен шахмат үстелі» деген кітабында Иранның Орталық Азияда діни мұддесі үшін жұмыс жасайтынын жазған болатын [9]. Дегенмен, Орталық Азия елдерінің халқы сунниттік, Иран шииттік бағыттың ұстанатын болғандықтан, оның діни ықпалы аса зор бола қойды деп айтуда өрте. Оның үстіне ресми Тегеран да бұл ойының іске асуы қын екендігін ескеріп, одан ғөрі pragmaticalық байланыстар орнатуға күш салып келеді. Әйтсе де, кейінгі жылдары режимді жаю саясатын ресми көзге біраз әлсірткенімен, одан әлі толық бас тартты деп айтуда өрте. Бұл зайырлылық бағытын тандаған Қазақстанның ұстанымдарына қайшы.

Иран мен Қазақстанның арасындағы келіспеушілік «Израильмен қарым-қатынас мәселесінде» де туындаиды. Ирандағы діни режим «Израиль» мемлекетін мойындағысы келмейді, оның Палестинаға жасап отырганы «қиянат» деп біледі. Иран басшылығының «Израиль мен сионизм» туралы қайшылықты пікірлері бірнеше мәрте халықаралық дауға ұласып, баспасөз беттерінде көтеріліп жатты. Иран режимі: «Таяу Шығыстағы кикілжіндердің артында АҚШ пен Израиль тұр», – деген көзқарасын да ешқашан жасырған емес [10]. Ал, Қазақстан мемлекетінің керісінше Израильмен арақатынасының өте жоғары деңгейде екенін атап өткен жөн. Бұл екі ел сауда-экономикалық қатынастардан бастап саяси байланыстарға дейінгі барлық салаларда тығыз әріптестік орнатқан.

Дегенмен, «сананы тұрмыс билейді» деген қағидаға сүйенген қос мемлекет басшылығы, соңғы жылдары арадағы көзқарас алшақтықтарын «ұмытып» экономикалық байланыстарды жандандыруға күш салуда. Өйткені екі елдің де бір бірінен алар пайдасы көп, Иран Қазақстан үшін Парсы шығанағы арқылы әлемдік мұхитқа шығудың жолы болса, өз жерінен өтетін тасымалдан транзит салығын алатын Тегеранға да бұл пайдалы болмақ. Сондай-ақ Иран территориясы арқылы тек қана Қазақстанның емес, Солтүстік-Оңтүстік темір жолын іске қосу арқылы Ресейдің де шикізатының тасымалдануына және Еуропаға баратын құрлық жолы су жолынан әлдекайда жақын болғандықтан Қытайдың да тауарының тасымалдануына мүмкіндік береді. Мұның барлығының бюджетке қосынша табыс әкеліп, жергілікті бизнесті дамытуға серпін беретінін ескерсек, «саясат-экономика үшін», деген қағиданы екі елдің де берік ұстайға тырысып отырганын түсінуге болады.

Иранның уранды байытуына Қазақстанның көзқарасы қандай болуы керек?

Қазақстанның соңғы бірнеше жылға дейін Иранның уран байыту бағдарламасын қолдамаса да, оған қатысты «бейтарап» позицияда болып келгендігін жоғарыда атап өттік. Алайда 2012 жылдан бастап Астана бұл позициясын өзгертіп, Иранның уран байыту бағдарламасын қолдамайтындығын ашық білдіре бастады. Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан (ядролық қарудан алғаш бас тартқан ел ОАР), оның зардабын шеккен ел ретінде Иранның атом бағдарламасын сынауға көшті. Астананың бұлай позициясын өзгертуі қаншалықты орынды?

Халықаралық қауымдастық түрлі санкциялар салғанына қарамастан Иран уранды байытуды жалғастырып келеді және районан қайтар түрі де байқалмайды... Ресми Тегеран өздерінің «бейбіт мақсатта, яғни энергетикалық мақсатта» уранды байытып отыргандығын айтады (әрине ешқандай елдің «әскери мақсатта» атомды зерттеп отырмыз деп айтпаса анық). Ендеше оған кінә арту қын, өйткені Қазақстанның өзі де атом қаруынан өз еркімен бас тартқанымен соңғы жылдары АЭС салуға құлшынып отыр. Ондай жағдайда Иранға «АЭС салма» деп айту әбестік болар, дегенмен Тегеран ертен уранды байытуды үйреніп алған соң, атом қаруын жасап журмей ме?! Бұл сұрақ барлығын мазалайтыны анық. Өйткені оған ешқандай кепілдік жоқ, егер атом қаруын жасайтын болса оны алыстағы АҚШ-қа жеткізерлік ракета әзірге Иранда жоқ, алайда Қазақстанға жеткізе алатын ракеталары бар... Қазақстан мен Иранның арасында кейбір келіспеушіліктердің, әсіресе Каспий мәселесінде алшақ ұстанымның бар екені анық. Олай болса, ертен күтпеген жерден екі елдің арасы сұып кетсе, атомы бар оқтұмсықтың қалай қарай бұрылатынын болжаку қын... Сондықтан Иранның атомды байытуына қарсы болуымыз түсінкіті де.

Алайда бұл жерде туындаитын басқа бір мәселе бар, санкцияларға қарамастан Иран уранды байытуды жалғастыруда. Мүмкін Батыстық державалардың қысымымен бұл жолы да уран байытуды тағы да «бірнеше жылға» тоқтатқаның өзінде (осыған дейін мұндай қысымдардың нәтижесінде Иран уран бағдарламасын «қатырып» қойғаны белгілі), Тегеран бірнеше жыл мұнай сатып қайтадан корын қаржыға қампайтып алған соң оны жалғастыруы ықтимал. Сондықтан ерте ме, кеш пе Иран діттеген мақсатына жетуді көздел отыр. Олай болса Қазақстанның басқалармен бірігіп оған кедергі болуға тырысуынан түк өнбейді...

Оның үстіне Қазақстан «атомды бейбіт мақсатта пайдалануды қолдаймыз, алайда оны таратуға қарсымыз», деген позиция ұстал келеді. Демек, «бейбіт мақсатта» уран байытып отырмымыз деп жариялаған Иранның бағдарламасы Қазақстанның позициясымен сәйкес келеді. Сондықтан Қазақстанның бәз баяғыша «сен тимесен мен тиме бадыраң көз» деп бейтарап қалпын сақтағаны жөн сияқты.

Негізі, Қазақстанның позициясының соңғы жылдары бұлай өзгере калуы халықаралық саясаттың ықпалы екені анық, Батыстық мемлекеттермен де араны алшактаптауды ойлайтын, көпвекторлы саясат ұстанатын Астана жаһандық акторлармен арасын суытып алмауды, олардың қөнілін табу арқылы өзінің басқа мүдделерін іске асыруды ойлады. Сол себепті Қазақстан тарапынан айтылған қарсылықтың астында «зілі» жоғын, тек мұдде үшін айтылып отырғандығын Тегеран да түсінеді. Сондықтан екі елдің арасындағы қатынас бәз-баяғыша жалғасуда. Өзара қарым-қатынастар барысында бірі «айтпағандық» қалып көрсетсе, екінші «естімегендік» күй танытып келеді.

Қазақстан-Иран қатынастарының болашағы

Қазақстан Иран қатынастарының болашағын екі түрлі сценарий арқылы қарастыруға болатындей. Екі елдің де бір-бірімен байланыстарды дамытуға мүдделі екендігі белгілі; Астана үшін Иран – транзит мемлекет ретінде тиімді, оның бай мұрағаттарында Қазақстанға қатысты мәліметтердің толы екендігімен қызықты және аймақтағы ықпалды мемлекеттердің бірі болғандықтан саяси әріптестік пайдалы. Тегеран болса Қазақстанға Каспийде өндірілген шикізаттың және Қытай мен Ресейден арқылы тасымалданатын тауарлардың өз территориясынан етүіне жол ашатын, сонымен бірге ирандықтардың астыққа деген сұранысын қамтамасыз ете алатын және аймақтағы тұрақтылықты сақтауға үлес қоса алатын ел ретінде манызды. Міне, екі мемлекетті осындағы мүдделер тоғыстыратындықтан, болашақта арақатынастарды жақыннатуға қос тарапта күш салары сөзсіз. Мұндай жағдайды бірінші сценарий деп алуға болады. Алайда сыртқы немесе ішкі факторлардың әсерінен қос тараптың арасындағы байланыстар бұзылуы да мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды. Ондай жағдайда арадағы байланыстар дамымақ түгілі, кері кету де ықтималдылығы бар. Екі сценарийді кезек-кезек қарастырып өтсек.

Алғашқы сценарий бойынша соңғы жылдары жандана бастаған байланыстар осы жылды іске қосылатын темір жол мен басқа да транзиттік жолдардың ашылуы нәтижесінде қарқынды дами түседі.

Мұндай жағдайда Каспийдің транзиттік рөлі де мейлінше тиімді пайдаланылатын болады. Қазақстанның мұнайын, астығын және басқа да табиғи байлықтарын Иран арқылы Парсы шығанағына шығарып, әлемдік нарықта саудалашу да кең қанат жаяды. Экономикалық байланыстар өз кезегінде саяси және мәдени қатынастардың да дамуына жол ашады. Арадағы барыс-келістерді оңайлату үшін екі елдің басшылығы белгілі бір мерзім үшін арадағы визаны да алып тастауды ықтимал. Осылайша екі елдің арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстар дамып, бұл салалардағы мемлекеттердің әлеуетін барынша тиімді пайдалануға тырысады.

Екінші сценарий бойынша арадағы байланыстар қарқынды емес, осы уақытқа дейінгі жарым-жартылай қалпында дамиды. Мұндай сценарий, державалар Иранға қарсы санкцияларды сақтағанда, басқа мемлекеттердің онымен байланыстар жасауын шектегенде ғана қалыптасады. Сондай-ақ, екі мемлекеттің арасындағы қатынастарға сызат түсіретіндей (Каспийге байланысты немесе Тегеранның ядролық қаруға ие болып, онымен басқа мемлекеттерді «корқыту») себептер болған жағдайда да осы сценарий бойынша жүреді байланыстар арадағы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР сыртқы істер министрлігінің ресми сайты: <http://mfa.gov.kz/kz> (09.02.2013)
2. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпардаттық-құқықтық жүйесінің ресми сайты: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P990000318_\(13.02.2013\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P990000318_(13.02.2013))
3. ИИР ның ҚР дағы төтөнше және әкілдеп елшісі Құрбан Сейфи / [http://caspionet.kz/rus/personagrata/archive/Gorban_Seifi_\(09.02.2013\)](http://caspionet.kz/rus/personagrata/archive/Gorban_Seifi_(09.02.2013))
4. Перекресток железных дорог. <http://www.turkmenistaninfo.ru/?page...> (06.04.2013)
5. Железная дорога из Казахстана в Иран откроется к лету 2013 года / <http://kapital.kz/economic/10918/zheleznaya-doroga-iz-kazahstana-v-iran-otkroetsya-k-letu-2013-goda.html> (06.04.2013)
6. Тимофеенко Л.А., Стратегические приоритеты Ирана в Каспийском регионе / <http://kisi.kz/site.html?id=9551> (29.03.2013)
7. Темирбулатов А.М., Правовой статус Каспийского моря: позиции прикаспийских государств / <http://www.geobez.ru/index.php/arkhiv-nomerov/8-kategoriya-na-glavnogo/20-new-one> (29.03.2013)
8. Федурова Н. Правовой статус Каспийского моря: позиции прибрежных государств // Мировая экономика и международные от-

- ношения. – 2008, № 8. – С. 68. / <http://finanal.ru/008/pravovoi-status-kaspiskogo-morya-pozitsii-pribrezhnykh-gosudarstv?page=0,0> (29.03.2013)
9. Zbigniew Brzezinski, The Grand Chessboard: American Primacy and Its Geostrategic Imperatives / http://www.takeoverworld.info/Grand_Chessboard.pdf (06.04.2013).
 10. Месамед В. Иран – Центральная Азия: пределы и ограничения сотрудничества. – 31 августа 2010 / <http://www.elections-ices.org/russian/publications/textid:6746/> (30.03.2013)

Еуразиялық ықпалдастық мәнмәтініндегі Қазақстан, Беларусь және Ресейдегі ішкі саяси үдерістер

Оразғали СЕЛЬТЕЕВ,
Еуразиялық ықпалдастық институты
Саяси зерттеулөр бөлімінің бас сарапшысы

Еуразиялық ықпалдастықтың дамуы, тәжірибе жүзінде іске асуы және терендеуі әртүрлі факторлармен, соның ішінде ішкі саяси факторлармен негізделген. Осыған байланысты Қазақстан, Ресей және Беларусытегі аталған контексте әлеуметтік-саяси үдерістердің сипатын және динамикасын зерттеу ерекше мәнге ие болып отыр.

Мемлекеттің ішкі үдерістері мен сыртқы саясаты арасындағы байланыс – анық және даусыз.

Теорияда белгілі болғандай, сыртқы және ішкі саясаттың өзара тәуелділігі қоғамдық өмірдің барлық саласына таралады. Сондықтан ішкі саясаттың қажеттілігінің қызыметі болып табылатын ішкі саяси факторлардың мемлекеттің сыртқы саяси бағытына әсері – занды күбылыс.

Қазіргі заманғы саяси ғылымда ішкі және сыртқы саясаттың арақатынасына қатысты бірнеше көзқарас бар.

Әдеттегідей, саяси реализмнің жақтастары оларды тенденстіреді. Сонымен, американдық саясаттанушы Г. Моргентau халықаралық саясаттың болмысы ішкі саясатпен біркелкі және осы салалардағы туындастырын әртүрлі шарттармен өзгеретін үстемдік үшін курес деп болжайды [1].

Австриялық әлеуметтанушы Л. Гумпловичтің еңбектерімен сыртқы саясат ішкі саясатты айқындауды деп тұжырымдайтын басқа көзқарас ұсынылған. Онымен халықаралық саясат заңдарының жүйесі қалыптастырылған, оған сәйкес шекара шегіне байланысты көрші мемлекеттер арасында тұрақты курес жүреді және кез-келген мемлекет саяси тепе-тендіктің қамын ойлай отырып, көрші күшінің өсуіне қарсы тұра алуы қажет [2].

Алайда, еуразиялық ықпалдастық үдерістері жағдайына басқа ұстаным сәйкес келеді. Ол марксизммен ұсынылған, оған сәйкес сыртқы саясат ішкі саясатпен анықталады және экономикалық себептермен, нақты тарихи жағдайлармен және басқарушы элиталардың ұстанымдарымен негізделген қоғамдық ішкі үстем қатынастарының бейнесі және жалғасы болып табылады.

Осы жағдайда ықпалдастық үдерістің жалпы тұжырымдамасының алғаш рет қалыптасуына негіз болған Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 1994 жылы М.В. Ломоносов атындағы МГУ сөйлеген сөзі – бүгінгі күні аз дегенде Қазақстан, Ресей және Беларусьтің еуразиялық жақындысұына қатысты қоғамдық қатынастардың үстемдігінің болжамы болды.

Бұл қазақстандық Көшбасшы сол уақытта азаматтардың өмір сапасын серпінді жақсарту мақсатында еуразия даласының территориясында еркін сауда үшін жағдайлар жасау және экономикалық өзара қарым-қатынасты кеңейту секілді адал ниеттерінің салдары болып табылатын прагматикалық идеяларға ие болғандығын дәлелдейді. Нақты осы еуразиялық ықпалдастықтың жалпы мазмұндалған мәні болып табылады.

Сонымен қатар, бұл халықаралық байланыс контекстінде саяси көшбасшылықтың танылуына жарқын мысал болды. Г. Сондерс жазғандай, көшбасшы назарын тек өзінің жақтаушыларына және басқа елдің басшыларына аударып қана қоймай, сонымен бірге басқа елдегі көшшіліктің конституэнттерінің үміттеріне, қажеттіліктеріне және түсініктеріне тез арада жауап берे алу керек [3].

Бүгінгі күні еуразиялық ықпалдастық Қазақстан, Ресей және Беларусьтің сыртқы саясатының басты басымдықтары болып табылады.

«Еуразиялық даму банкінің ықпалдастық барометрі – 2013» зерттеулерінің мәліметтеріне сәйкес КО және БЭК қоғамдық колдау жоғары деңгейде сақталып отыр: Қазақстанда – 73%, Ресейде – 67% және Беларусьте – 65% [4].

Бұл үш мемлекеттің көшбасшыларымен көшшілік қолдауына ие болған ықпалдастықтың еуразиялық векторының дұрыс анықталғандығының айғағы болып табылады.

Алайда, француз зерттеушісі Ж. Блондель көрсеткен бір маңызды аспектті айта кеткен жөн. Саяси көшбасшылардың халықаралық аренадағы істері қоғамның ішіндегі тұрақты қызымына душар және оның қанағаттанбаған бөлігінің бар болуы сөзсіз [5].

Сөз жоқ, ықпалдасу елдеріндегі болып жатқан ішкі саяси үдерістер қандай да болмасын жағдайда еуразиялық ықпалдастықтың жалпы барысына өз әсерін тигіздеді. Олар қоғамдық-саяси субъектілердің әртурлі ұстанымдары және іс-әрекеттерімен сипатталады және сонымен бірге кейбір айрықша ерекшеліктерге ие.

Еуразиялық ықпалдастық үдерістерінің терендеуіне байланысты бұл мәселе қазақстандық ішкі саяси дискурста нық орнықкан.

Қазақстандық қоғамның және саяси элитаның ықпалдастық ықыласының негізгі білдірушісі «Нұр Отан» партиясы болып табылады. Бұл көшшілік әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін және біріктіретін біртұтас басым саяси күш. Қазақстандықтардың еуразиялық ықпалдастықтың қолдауының жоғары көрсеткіштері нақты сондай деңгейдегі «Нұр Отан» партиясы тұрақты деңгейі негізінде орнатылатындығын болжау орынды деп болжаған дұрыс болады [6]. Партия көшбасшысы Н. Назарбаевтың деңгейі одан жоғары.

Оппозиция топтары үшін ықпалдасу тақырыбы қарсы пікірлері үшін маңызды себеп болмаса да, наразылық талабы болып табылады. Кедендік одактың қызмет етуінен бастап олар еуразия ықпалдастығының шарттары елдің ұлттық экономикалық және стратегиялық мүдделеріне жауап бермейді деп негізсіз жария ете отырып, Қазақстанның ықпалдасу нысанын саяси кеңістікке ауыстыруға тырысада.

Бірқатар оппозиция субъектілерінің Қазақстанның еуразиялық бірлестігінен шығуына қатысты референдумды өткізу талпыныстары сәтсіз аяқталды. Бұл акция оппозиция лагерінде көшбасшылық дәрежеге үміткер арнайы қайраткерлердің кезекті пиар-кампаниясы ретінде қабылданды («Азат» партиясы мен тыым салынған «Алға» партиясын қоса алғанда).

Қоғамның алдында оппозиция құрылымдары тағы бір рет өздеріне сенімсіздік танытты. Сонымен қатар, бұл оппозицияның қабілетсіздігін мойынданда отырып, оның бытыраңқылығы және бөлшектенуінің айғағы болды. Қазақстандағы оппозиция қозғалысы

дамуындағы амалсыз дағдарысының туындаудың оның өкілдерінің көшпілігі де мойындайды.

Еуразиялық ықпалдастықтың тәжірибе жүздін іске асуы қазақ ұлттық-патроиттарының белсенділік танытуына себепші болды, олардың сыйндары елдің саяси және экономикалық тәуелсіздігін жоғалту және қауіп мүмкіндігіне негізделді. Олар үшін бұл тақырып қызметтерін қайта жандандыру үшін себеп болды. Алайда, айта кететін жайт, ұлттық-патриоттық бірлестіктерінің болуы популисттік және аморфты сипатқа ие. Олар арнайы номиналды көшбасшылар ретінде ұсынылған, белсенді қатысушыларының көшпілік бөлігі әлеуметтік желілерде, ал жақтастарының саны бұлдырып және беймәлім.

Ұлттық қазақ мемлекетін құру қажеттілігі туралы негізгі жорамалының негізі де, болашағы да жоқ. Еуразиялық ықпалдастық институттының мәліметтері бойынша қазактардың 80% және басқа ұлт өкілдерінің 90%-ның принциптері Ұлттық бірлік доктринасында көрсетілген азаматтық қоғамның қалыптасуын қолдайды.

Еуразиялық ықпалдасу үдерістері төңірегіндегі Беларусьтің ішкі саяси жағдайы басқа контексте қалыптасты: Шығыс және Батыс бағдарларының қарама-қарсы әсері негізінде.

Бұл жағдайда әртүрлі үш ұстанымды білдіретін және шартты түрде оларды «батысшылдар», «славянофилдер» («еуразияшылдар») және «орталықшылдар» деп атауды ұсынған белорус сарапшысы В. Бондаренконың классификациясы қызығушылық тудырады [7].

Осыдан шығатыны, «батысшылдар» еуразиялық ықпалдастықтың қарсыластары болып табылады және Еуроодакпен жақындауда бет бұрган. Оларға «Беларусь Халық Фронты» (БХФ) партиясы, Беларусь социал-демократиялық партиясы (Халықтық Громада), Н. Статкевичтің Белорусь әлеуметтік-демократиялық партиясы және Біріккен азаматтық партиясы жатады.

Сонымен, Беларусьтің Еуразиялық экономикалық одағына кіруге қарсы оппозициясының мерзімсіз компаниясының бастамашысы ретінде БХФ шығып отыр. Беларусь тәуелсіздігіне қауіп төнү дәлелін басқа оппозиционерлер елдің жалпы европалық жобаларға қатысу мүмкіндігін шектеуге шағым жасады.

Алайда, беларусь сарапшылары ресейге қарсы риторика және европалық құндылықтарды ұстану себебін батыс тараپынан қаржыландыру тәуелділігімен байланыстырады.

«Славянофилдер» немесе «еуразияшылдар» Беларусьтің либерал-демократиялық партиясын (БЛДП), Еңбек және әділет

республикалық партиясын және Беларусь коммунистік партиясын жатқызуға болады.

Сонымен қатар, БЛДП ашық түрде ресейлік ұстанымды ұстанатындықтарын жарияладап отыр.

«Орталықшылдар» геосаяси ұстанымы көп векторлы сыртқы саясатты қолдайтын ел басшылығының ұстанымымен сәйкес келеді. Бұл рөлге үміткер – «Белая Русь» РКБ. Сарапшылардың пікірі бойынша, бұл ұйым басты қоғамдық-саяси күшке айналып келеді және билік партиясын құруда негіз болып шығады деп айта кеткен жөн.

Беларусь саясаттанушысы В. Ровдо «Беларусьтегі ресейлік ұстанымды ұстаушы оппозицияның ұстанымдары әлсіз болып табылады. Болашақта бұл жерде негізгі саяси акторлар болып А. Лукашенконың үйымдары және өзін мемлекеттік егемендікке қауіптің өсуінің алдында нығайтуға міндетті демократиялық, европалық оппозиция қалады» деп есептейді» [8].

Сонымен, Беларусьтің ішкі саяси кеңістігінде еуразиялық ықпалдастық тақырыбы шешуші рөлге не болды. Сонымен қатар, 2015 жылы болатын президенттік сайлау кампаниясы барысында маңызды электоралды сұрақ болуы мүмкін.

Ресейде еуразиялық ықпалдастыққа қатысты ішкі саяси кеңістік басқа қырынан, яғни күрделі қалыптасты.

Сараптамалы-талдамалы және қоғамдық-саяси ұстанымдар арасындағы шегі жоқ. Көп жағдайда қоғамшылдар және саясаткерлер сарапшылар ретінде шығады және көрініште.

Бастапқыда еуразиялық ықпалдастықтың негізгі қозғауышы қүші және бұл мәселедегі ресей басшылығының ойын білдіруші ретінде «Единая Россия» партиясы болды, оның қамқорлығымен еуразиялық ықпалдастықты қолдау мақсатында Қоғамдық күштердің конфедерациясы құрылды.

Алайда, белгілі болғандай, «Единая Россия» қоғамдық-саяси үstem күшінің дәрежесін жоғалтты. «Левада-центр» мәліметтері бойынша, тек соңғы айларда партияның танымалдылығы және қолдау дәрежесі тұрақты түрде ауытқып отыр және орташа алғанда 30-40% деңгейінде [9]. Сонымен қатар, бұл ресейліктердің Президент В. Путинга деген қатынасына әсер етпеді, оның қызметін 65%-ы қолдайды.

Бұл жағдайда ішкі саяси мәселелер секілді Еуразиялық жоба идеологиясын алға өрлемету Жалпыреспейлік халықтық фронтқа (ЖХФ) қайта бағдарланған және жүктелген.

Қазіргі уақытта ЖХФ шегінде екі еуразиялық үйім бар: Еуразиялық халықтық фронт (ЕХФ) және «Еуразиялық Халықтық Одақ» аймақаралық бірлестігі. Бұл құрылымдар халықаралық деңгейде ақпараттық-идеологиялық жұмыстарды жүргізе отырып және қызметтерді қайталай отырып, негізінде, жаңа ұлгіде шетелдегі ресейлік отандастардың мұдделерін қоргаумен айналысады.

Халықаралық еуразиялық қозғалыс (ХЕК) және А. Дугиннің Еуразия жастар одағы (ЕЖО) бұл жағдайда «туыс» болып табылады. Алайда, А. Верховский жазғандай, ХЕК шыныны саяси жоба бола алмады, ал ЕЖО қоғамға жалпы алғанда әсер ете алмайды [10]. Соңда да Еуразия жастар одағы өзін ішкі саяси кеңістікте бекітуге тырысада. «Көше» оппозициясын және А. Наваль жақтастарын ашық түрде айыптаиды.

Белгілі болғандай, ЕЖО және оған жақын «Еуразия» партиясы Еуразиялық одақ құру мәселесіне байланысты жалпыресейлік референдумды дайындау шенберінде белсенді жұмыс атқаруда.

Сонымен қатар, еуразиялық ықпалдастықты насиҳаттаумен айналысатын басқа да жақтастар және қоғамдық-саяси платформалар бар, бірақ бір-бірімен қарама-қайшы жағдайда. Оған түсініктеме бар. Жаңа ішкі саяси трендтың толқынында ұйымдардың көшбасшылары қоғамдық-саяси танымалдылыққа ие болуға тырысады деп көрсетіледі.

Оларға ресей басшылығының бағдарын қолдайтын, бірақ «дугингітер» идеологиясын айыптаитын «Жас Еуразия» қозғалысы жатады.

Демократиялық Еуразиялықты насиҳаттайтын және саяси элитаның кейбір параметрлерімен келіспейтін Халықтың құқығын қорғау жөніндегі халықаралық қозғалыс (еуразиялықтар-халықшылдар) бірден-бір орынға ие.

Оппозиционны айтатын болсақ, онда Еуразиялық ықпалдастықтың радикалды қарсыластары ретінде өздерін ұлтшыл-демократтар деп аттайтын орыс ұлтшылдарын тізіп айтuga болады. Бұл жерде «негізгі тас» деп мигранттар мәселесін айтuga болады. Соның ішінде, Ұлтшыл-Демократиялық партиясы және «Жаңа күш» партиясы Орталық Азия және Закавказье елдерімен визалық тәртілті енгізуі алға тартуда. Ұлтшыл-демократтар «Стоп миграция!» жалпыұлттық азаматтық кампаниясын өткізуде және жалпыресейлік қол жинауда. Бұл партиялар зандау тіркеуден өтпеген, бірақ зансыз кеңістікте әрекет ете отырып, аталған орын үшін күрестіп жатыр.

Бұл жағдайда академик В. Тишков, Ресейдегі миграция саяси күрестің факторына айналуда деп атап өтеді [11].

Еуразиялық ықпалдастық мәселесі бойынша басқа саяси партиялардың ұстанымдары қызықты.

Сонымен, Г. Зюгановтың РКП «Русский Лад» жалпыресейлік жасампаз қозғалысына бастамашы болып, «еуразиялық бағыттағы кеңестік орыс өркениетін» қалыптастыруды ұсына отырып, коммунистік Еуразияшылдықтың басқа атасын ұсынып отыр [12]. Сөз жоқ, электоратты жұмылдыру және партияның деңгейін көтеру тұрғысынан алғанда, коммунистер үшін Еуразиялық ықпалдастық идеологиясы КСРО-ны әнсау ағымында тиімді.

Еуразиялық одақ тақырыбын «Азаматтық платформа» партиясы электоралды мақсатта қолданады. 2013 жылдың мамырында кандидаттар форумында Төраға М. Прохоров «жанғыртылған болашақ Еуроадақтың ықпалдасуы негізінде» экономикалық негізде Еуразияшылдық жобасын қарастыра отырып, партияның ұстанымын белгіледі [13].

Алайда, шын мәнінде, Ресейде оппозициялық ағым өкілдерінде мемлекеттің сыртқы саясатындағы ұлттық мұдделердің көрінісі жоқ және қалыптастырмаған, немесе ол басқарушы элитаның ресми тұжырымдамасымен сәйкес келеді. Соңықтан ішкі саяси пікірталастар мойындалған сыртқы саясат бағытын іске асyrу бойынша әртүрлі көрініс арнасында өтіп кетеді, соның ішінде Еуразиялық ықпалдастыққа да қатысты.

Осылай, ресей саясатында Еуразиялық фактор мемлекеттің сыртқы саяси мақсаттарымен өзара бекіген және ішкі саяси үдерістің барысына тікелей әсерін тигізеді.

Кортындылай отырып, келесі тұжырым жасауға болады.

Бірінші. Жалпы, Қазақстан, Ресей және Беларусьтегі Еуразиялық ықпалдасу үдерістерін қоғамның қолдау деңгейі жоғарғы көрсеткіштерді сақтап отыр.

Екінші. Еуразиялық ықпалдастық Кедендік одақ – Бірыңғай экономикалық кеңістік елдерінде орнықты ішкі саяси трендке айналып келеді, әртүрлі қатысу сипаты және идеологиялық толғанысқа ие. Сонымен бірге Еуразиялық мәселе тұрақты қоғамдық-саяси пікірталастардың мәні бола отырып, үш елдегі ықпалдасу үдерісінің ағымдағы серпініне және оның болашық пішіндерінің айқындалуына әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, қоғамның ең аз бөлігінің ойын білдіретін қоғамдық-саяси субъектілердің ұстанымының және факторының болуымен ескермеуге болмайды.

Үшінші. Үкпалдастық идеяларын және бастамаларын алға тартудағы тәжірибелік формаларда қоғамдық-саяси құрылымдар толық түрде тартылмаған. Үзінді сипатының қызметі ақпараттық кеңістіктің перифериясы деңгейінде. Әртүрлі қоғамдық-саяси топтармен ықпалдастық риторикасын еркін тарату байқалады.

Қазақстан, Ресей және Беларусытегі ішкі саяси субъектлердің көпшілігі еуразиялық ықпалдастыққа қатысты сыртқы саяси нақты нұсқаулықтары жоқ. Сонымен бірге, сыртқы саяси стратегиялық басымдықтарды жасау және іске асыруға әсерін тигізуге үмтүлыштары жоқ.

Еуразиялық ықпалдастықтың қоғамдық платформасын қалыптастыру уақытында мелекеттің алдыңғы қатарлы саяси күштерінің бұл үдерісте белсенді қатысуын талап етеді, ал нақтырақ айтқанда, басқарушы партиялар мен қозғалыстар. Саяси жобалардың бәсекелестігіне мақсатты бастама беру. Қоғамдық-саяси субъектлерге өзіндік көрініске ие болу, еуразиялық ықпалдастықты дамыту бағдарламаларын, өзіндік жобаларын жасауда нақтылық кепек.

Қазақстан үшін жүйелі ауқымды қоғамдық жоба елдің басты саяси күші – «Нұр Отан» партиясы бастамасымен жасалуы маңызды.

Еуразиялық ықпалдастық жобасы жаһанды және аймақтық мәселелерді шешудің көптеген механизмдері ретінде бекітілуі керек. Нақты осы шақырулар туралы Қазақстан Көшбасшысы Н. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» атты Жолдауында айтып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Антанович Н., Достанко Е. Ганс Моргентай: реалистическая теория международной политики // <http://filosof.historic.ru>
2. Мухаев Р. Политология. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. – 495 с.
3. Saunders, Harold. International Relationships — It's Time To Go Beyond «We» and «Them». – «Negotiation Journal», July 1987. – P. 245-273.
4. Интеграционный барометр ЕАБР – 2013 (вторая волна измерений): Аналитический доклад. – ЦИИ ЕАБР, 2013. – С. 102.
5. Блондель Ж. Политическое лидерство: путь к всеобъемлющему анализу / Пер. с англ. Г.М. Квашнина. – М.: Российская академия управления, 1992. – С. 135.
6. По данным ЦИК РК, на выборах в Мажилис в 2012 г. партия получила 80,99% голосов // <http://election.kz>. Дата обращения: 18.07.2013.

7. Бондаренко В. Интеграция. Разновекторное развитие белорусского гражданского общества, 17.01.2013 // <http://naviny.by>
8. Ровдо В. План Путина и потенциал пророссийской оппозиции в Беларуси, 26.12.2011. – Сайт Экспертного сообщества Беларусь «Наше мнение»: <http://nmnby.eu>.
9. Единая Россия вошла в зону турбулентности, 26.07.2013 // <http://www.levada.ru>
10. Верховский А. Эволюция постсоветского движения русских националистов // Вестник общественного мнения: Данные. Анализ. Дискуссии. – 2011, №1 (107).
11. Тишков В. Интервью радио «Голос России», 22.07.2013 // <http://rus.ruvr.ru>
12. Лагутин М., Богачёв А. ВСД «Русский Лад», КПРФ и евразийская интеграция, 21.05.2013. – Официальный сайт КПРФ: <http://kprf.ru>
13. Речь Михаила Прохорова на Форуме кандидатов, 20.05.2013. – Сайт партии «Гражданской платформы» // <http://mihail-prokhorov.ru>

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлі: Қазақстандағы жағдайы және әлемдік тәжірибе

Гүлім ЖҮНІСОВА,
Т. Рысқұлов атындағы
Қазақ экономикалық университетінің
аға оқытушысы

Азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздік жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттің экономикалық орнықтылығы және тұрақтылығын, саяси тәуелсіздігін, сонымен қатар өз азаматтарының азық-түлік қажеттілігін қамтамасыз етуін білдіреді. Сонымен қатар мемлекеттің сырттан әкелінетін азық-түлікке тәуелсіздігін сактау мен оның мұдделеріне зиян келтірмей тұрғындардың өмір сүруіне қажетті азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігін сақтай отырып керекті көлемі мен сапасын ұсынуды танытады.

Басқаша айтқанда, бұл елдің өз өндірістік қуаты негізінде барлық тұрғындарды азық-түліктің басым бөлігімен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар, әсіресе тұрғындардың әлсіз және кедей топтарын қамсыздандыруға бағытталған экономикалық жағдайды атапыз [1].

Еліміздің «Казахстан-2050» стратегиялық даму бағдарламасына сәйкес, заманауи әлемдегі негізгі қатерлердің бірі ретінде жаһандық азық-түлік қаупсіздігі саналады, өйткені әлемнің жалпы халық санының жоғарғы есімі азық-түлік мәселесін туындарып отыр.

Қазақстан үшін бұл қатер аясында айтарлықтай мүмкіндіктер байқалады. Еліміз әлемдегі дәнді дақылдарды экспорттаушы ірі мемлекеттердің қатарына енеді. Ауқымды экологиялық таза-

территорияға ие болып отыруға байланысты тұтынуға қажетті экологиялық азық-түлік түрлерін өндіруге қауқарлы саналады.

Қазақстан ауылшаруашылық өнімдерін өндіру саласында айтарлықтай нәижелі қадамдар жасауға қауралы, ол үшін мемлекеттік деңгейде жаңа жоспарлау үлгісі қажет [2].

Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіз туралы» Занына сәйкес азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, әкімшілік және басқа да шарапарды жүргізе отырып азық-түлік қауіпсіздігі қателерінің алында-алу және жою арқылы жүзеге асыралады. Азық-түліктің әлемдік дағдарысының қорытындыларын қарастыра келіп, атальынған занға азықтардың қауіпсізігі туралы жаңа тарау енгізілуі мүмкінідігі бар. Бүгінгі таңда қазақстандықтардың рационындағы азық түрлерінің жартысынан көбін шетелік өнімдер, ал шын мәнінде оларды Қазақстан өзі өндіруге шамасы жетеді. Егер де белгілі бір өнімнің импорттан әкелінетін көлемі ішкі өндірістік өнімнің 20 пайызын қамтитын болса, онда бұл өндірісті тұралаған деп санауға болатындығы ғылыми дәлелденген. Ал егер де бұл көрсеткіш 60 пайызға жетсе өндіріс толығымен жойылады. Біздеңі азық импортының көрсеткіші шамамен 35-40 пайызды қамтыш отыр. Яғни, отандық аграрлық сала мүлдем жойылудың алдында тұрғандығын көрсетеді [3].


Қазақстанның азық-түлік қауіпсізігін жалпы экономикалық қауіпсіздік тұрғысынан қарастырған өзекті өзекті мәселе, өйткені бұл үрдісте ауылшаруашылық өндірісінің нақты даму үдерістері, ішкі нарықтың жағдайы және бұндағы тұтынуышыларың орны, ұлттық экономиканың әлемдік азық-түлік нарығына тартылу деңгейі мен оған тәуелділігі көрініс беріп, елдің дамуының сыртқы және ішкі факторларын есепке ала отырып мемлекеттік стратегия механизмдерінің қолданылуы жүзеге асырылады.

Мемлекеттің сыртқы және ішкі қауіпсіздігіне ықпал ететін саяси-экономикалық категория ретінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне қазақстандық заннамада айтарлықтай назар аударылған. Азық-түлік қауіпсіздігінің құқықтық негізі ретінде ҚР Конституциясы, халықаралық құқық пен ҚР халықаралық келісімдерінің жалпыға ортақ принциптері мен нормалары, ҚР Азаматтық кодексі, ҚР зандары, және де агроЕнеркәсптік өндірісті құқықтық реттестірудің негізі қарастырылған барлық нормативтік-құқықтық актілер жатады. Әлемнің көптеген дамыған елдерінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арналы заннамалық актілер қабылданған. Қазіргі таңда Қазақстанда осы бағыт бойын-

ша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мысалы, Қазақстанда елдің ішкі нарығын қорғау, әлемдік стандартқа сәйкес ауылшаруашылығы өнімдерін шығаруға, селекциялық нәтижелерді сақтауға, стандарттауға қатысты жаңа заңдар қабылданып, кедендік кодекске өзгертулер енгізілді. Бірақ бұл заңнамалық актілер азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатысы жоқ. Сондықтан да, осы мәселеге және түсінікке тікелей қатысы бар заңнама қажеттілігі туындейды. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Астық туралы» заңында азық-түлік қауіпсіздігіне келесідей анықтама берілген: «Азық-түлік қауіпсіздігі — тұрғындардың физиологиялық тамақтану нормаларына сәйкес олардың тұтынушылық қажеттіліктерін ішкі және сыртқы жағдайларға қарамастан азықпен қанағаттандыруға ашылшаруашылық кешенінә және жалпы экономиканың ресурстық, әлеуеттік және кепілдік жағдайының болуы». Бұл заңнамалық актіде келтірілген анықтама қарастырып отырған категорияның толық мазмұнын ашпайды. Жасалынған құжаттар, оның ішінде «Қазақстан Республикасының 2003-2005 жж. арналған мемлекеттік агроеңдірістік бағдарламасында» Қазақстан үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің үш басым бағыты: азықтың физикалық және экономикалық қолжетімділігі, тамақтанудың қауіпсіздігі көрсетілсе, «Қазақстан Республикасының 2006-2010 жж. арналған агроеңдірістік кешенді тұрақты дамыту тұжырымдамасында» азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мәселесі шешу қарастырылған. Нормативтік-құқықтық базаның толық болуы үшін «Азық-түк қауіпсіздігі туралы» заң қажет. Бірақ, Қазақстанда аталынған заңынң жобалануына қажетті әдістемелік және тәжірибелі алғышарттар толығымен қалыптасып отырғандығына қарамастан, бұл мәселе күн тәртібіне қойылып отырған жоқ. Осыдан онжыл астам уақыт бұрын ТМД елдерінің Парламентаралық ассамблеясының 199 жылғы 16 қазандығы Санкт-Петербургте өткен он төртінші пленумында «ТМД азық-түлік қауіпсіздігі туралы» үлгілік заң қабылданған болатын. Аталынған құжат ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі саналатын ТМД елдерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, және де ағымдағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін қажетті жағдай болып саналады [4].

Мемлекет елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне баса назар аударады, бұл үшін көптеген шаралар мен

әдістер қолданылады, оның қатарына бағаны реттестіру, АӘК дамытуды ынталандыру, астық және басқа да негізгі азық-түліктер бойынша тұрақтандыру қорларын құру, сыртқы экономикалық қарекетті реттестіру және тағы да басқа шаралар жатады. Бұл аталынған әдістердің әрқайсысының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өзіндік ықпал ету жолдары бар (1-сурет).



1-сурет. Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмдерінің сыйбасы

Жаһандану жағдайында мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі жағдайына халықаралық денгейде басқарылатын сыртқы факторлар айтартылған ықпал етеді.

Автордың пікірінше Қазақстанның Дүниежілік сауда ұйымына кіруі елдің АӨК дамуына қоласыз ықпал етеді. Бұл ұйымда бекітілген ереже бойынша ауыл шаруашылығына көрсететілетін мемлекеттік қолдау көлемі мен кедендей-тарифтік қорғаныс деңгейі еуропалық елдермен салыстырғанда Қазақстан үшін төмен көлемде болуы еліміздің сыртқы және ішкі нарықта бәсекеге қабілетті агроөндірістік өнемдер шығаруға мүмкіндік бермейді, яғни бұл әділ әлемдік ауылшаруашылықтың тәртіптің болуын жоққа шығарады [5].

Қазақстанның агроөндірістік кешені республика экономикасының негізгі өндіруші салаларының біріне жатады. Бұл салада ұлттық кірістің үштен бір бөлігі өндіріледі. АӨК әлеуетінің ауқымды екендігіне 223 млн гектар ауылшаруашылығы жерінің, оның ішінде 21 млн гектар егістік алқаптарының болуы, ауылдың жоғарғы еңбектік әлеуеті (ауылды жерде тұрғындардың 45% өмір суреді), астық және бүршақ дәнді дақылдарды, картофель мен көкіністер өсіруге ая-райының қолайлығы, мал шаруашылығына қажетті аса үлкен жайылым жерлердің (жалпы жер көлемінің 84%) болуы мысал бола алады.

Асық өндіру жағынан Қазақстан ТМД елдері ішінде Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды иемденеді.

Астық экспортты республика экономикасының валюталық түсімдерінің негізгі көздерінің бірі саналады. Еліміз тәуекелдік егіншілік аймағына жататындығына, , ал жыл сайынғы жиналатын астық мөлшерінің ауытқуы 50% артық болуына қарамастан, Қазақстан өзін ғана толығымен нанмен қамтамасыз етіп қана коймай, куанышылық болған жылдардың өзінде жиналған астықтың 70% экспорттауға мүмкіндігі бар. Мысалы, 2013 жылдың ақпанында АҚШ Ауылшаруашылық министрлігі Қазақстанның осы шаруашылық жылғы (2012 жылдың шілдесі – 2013 шілдесі) астық өнімін 9,84 млн, ал оның экспортқа шығатыны 6,5 млн деп болжамдаса, Қазақстан өзіндегі жиналатын астық көлемін 14,3 млн тонна деп болжап отыр. Ал 2011 жылы 25 млн тонна астық жиналып, ауылшаруашылығы өнімдері тарихындағы рекордты бекітті (1-кесте) [6].


Бірақ, Қазақстандағы дәнді дақылдар түсімінің өсімін тұракты деп атаптаға келмейді, өйткені 2004, 2005, 2008 және 2010 жылдары елімізің экспортқа шығарылатын негізгі дақылы астықтың (оның ішінде бидайдың) көлемінің төмөдеуі орын алды. Соңғы жылдардағы, яғни 2009 және 2011 жылғы астық түсімінің жоғарғы

денгейде болуы негізінде азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан тұрғындардың жан басына жаққандағы деңгейі 1,4 тонна көлемінде бекітілді (2-сурет).

1-кесте. ҚР астықтың жалпы жиынтығы, он жылдық мерзім ішінде (мың тонна)

№	Мәдени дақылдың атасы	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
1	Астықтың жалпы жиынтығы (мың тонна)	14 777	12 374	13 781	16 511	20 138	15 578	20 831	12 185	26 961	12 865
	Оның ішінде бидай	11 537	9 937	11 198	13 461	16 467	12 538	17 052	9 638	22 732	9 841
2	Астықтың жалпы жиынтығындағы бидайдың үлесі (%)	78,1	80,3	81,3	81,5	81,8	80,5	81,9	79,1	84,3	76,5

Ескертпе – деректер арқылы автор құрастырган [6]



2-сурет. Қазақстан Республикасындағы бидай жиналымының жалпы көлемі (мың тонн) [6].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің жиырма жылды аралығында өзінің АӨК барлық салаларын реформалаудың күрделі жолын бастаң өткөрді. Бүтінгі таңда ауылшаруашылығының барлаша салалары мен онымен байланысты өнімдерді өндөудің барлық салалары еліміздің бар аймағында қарқынды даму үстінде. Бұған тауарөнірушілерді жаңа экономикалық жағдайға бейімдеу, халық шаруашылығының басқа салаларын дамыту, тұрғындардың кірісін

көтеру, ауыл шаруашылығы өнімдеріне ұснысты аттыру мен мемлекеттің осы бағыттағы саясаты қолайлы ықпал етті.

Бұл мемлекеттік саясатты жүргізудегі АҚ «Азық-түлік келісім шарт компаниясы» Ұлттық компанияның алдын орны ерекше.

«Азық-түлік келісім шарт компаниясы» мемлекеттің агенті ретінде үкімет тарапынан Қазақстан Республикасындағы астықтың мемлекеттік ресурстарын және астық компаниясын басқарады. Компанияның басты мақсаты – ел аумағында астық нарығын реттеу, азықтық бидайға, нанға және ұннан жасалынған өнімдерге бағаны тұрақтандыру арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар аталынан компания жеміс-жидек секторын, мақта өндірісін және қазақстан астықтың экспортына қажетті инфрақұрылымды дамыту бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асырумен айналысады.

Компания отандық ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар кепілі негізінде тікелей неси-елеу және қаржыландыру арқылы қолдау көрсетеді [7].

Астық нарығында орын алған жағдай, астықтың 2011 жылғы жоғарғы өнім беруіне байланысты аймақтық және әлемдік нарықтағы бидай бағасының төмендеуіне алып келді. Нәтижесінде ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілердің өз бидайын өткізуіне қатысты қын жағдай туындағы, оған қоса элеваторлардың толып кетуі де солтүстік аудандардағы бидайды сақтауға қатысты қындықтарға алып келді.

Астық қорының артық көлемде болуы нарықты тежеп, бағаға ықпал ете бастады. Бұл жағдайда астықты экспорттауды арттырып, ел аумағында бидайды сақтауға қажетті элеваторларды босату қажет болды.

Экспортты арттыру мақсатында мемлекет РФ мен Қытай территориясы арқылы теңіз порттары бағыттындағы көлік шығындарына субсидия берді. Сонымен берге экспорттың жөнелтулерді қолдау, оның ішінде бидай тасығыш-вагондар санын арттыру бойынша шаралар жүргізілді. ҚТЖ 2011 жылы көрші мемлекеттер, әсіресе Ресей мен Украинадан қосымша вагондар тарту арқылы мәселені шешті.

Ішкі нарықты сауықтыру мақсатында экспорттың жөнелтілімдерді айна 1 млн тоннаға жеткізу міндеті қойылды.

2011–2012 жылдары астық пен оның өнімдерін сыртқа шығару көрсеткіші рекордтық жағдайға жетті, 2011 жылдың 1 шілдесінен 2012 жылдың 30 маусымы аралығында экспортқа 12,1 астық және астық өнімдері шығарылған, бұл 2010–2011 жылмен салыстырғанда

2,2 есе артық. Осылайша, ай сайынғы экспортқа 1 млн тонна астық (астық өнімдері) шығарылып отырған [6].

Қазақстандық экспорттың негізгі бағыттары Орталық Азия елдерін (Өзбекстан, Түркменстан, Қыргызстан, Тәжікстан), Иран, Ауғанстан, Түркия, Грузия, сонымен қатар алыс шетелдер – Қытай, Египет, Сауд Арабиясы, Йемен, Швеция, Латвия және Литва елдерін қамтыды.

Корпорацияның еншілес үйимы – «Астық қоймалары» ЖШС қол астында астық сақтау мүмкіндігі 572,6 мың тонна болатын 6 астық қабылдау мекемелері бар. Сонымен қатар «Астық сақтайтын жана қоймалар салу, бұрынғыларын жаңарту және сатып алу» жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылуда. Жалпы сыйымдылығы 700 мың тонна болатын жана элеваторлар салу көзделуде.

«Азық-түлік корпорациясы» экспорттың саналатын онтүстік және батыс бағыттарда астық сақтау қоймаларын салуды жоспарладап отыр. Оған Сарыагаш бекетінде салынатын сыйымдылығы 200 мың тонна болатын өте ірі астық қоймасы (Тәжікстан, Өзбекстан және Ауғанстанға бағытталған онтүстік жол), ирандық Горган портындағы терминал (астықты Иран мен Таяу Шығысқа тасымалдау) жатады [7].

Жалпы наң және наң өнімдері бірінші кезекте қажетті тауарларға жатқандықтан елдің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей ықпал ететін экономиканың әлеуеттік маңызды саласына жатады. Соңықтан да халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғаныңдай кез-келген мемлекет өзінің ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерін нарықтың колайсыз ықпалдарынан қорғауға бар мүмкіндікті жасайды.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасызету саласындағы шетелдердің тәжірибесін қарастыра келіп, оның ауқымды мәселе екендігіне көз жеткізген Қазақстан Республикасының бастамасымен 2011 жылды ТМД азық-түлік қауіпсіздігін арттыру жылы деп белгілеу шарасы ТМД мүші-мемлекеттері басшылары тарапынан қолдау тапты.

ТМД мүші-мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі бұл шарасы осы үйим аймағындағы тұрғындарды азық-түлікпен қажетті көлемде және сапада қамтамасыз ету ТМД мүші-мемлекеттер тарапынан өндірілген тауарларға негізделуді білдіреді. Корыта келгенде азық-түлік қауіпсіздігі – бұл экономикалық байқуаттылықтың құрамдас бөлігі және кез-келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің басым бағыттарының бірі. Сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі саналады, өйткені ол қоғамдағы ұлттық,

әлеуеметтік, демографиялық және экономикалық факторларды қамтиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Зельднер А. Концептуальные подходы к обеспечению продовольственной безопасности России // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2004. – №4.
2. Послание президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050» «Новый политический курс состоявшегося государства». – Астана: Акорда, 2012.
3. Законом РК «О национальной безопасности» <http://www.zakon.kz/116460-v-kazakhstane-problemy-s-obespecheniem.html>
4. Колесняк А. Продовольственное обеспечение как система // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2005. – №2.
5. Карнаухова М.О. Оценка продовольственной безопасности Казахстана [Электронный ресурс] – URL: <http://www.group-global.org/>
6. Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по статистике: www.stat.kz
7. Официальный сайт Акционерного общества «Национальная компания «Продовольственная контрактная корпорация»: <http://www.fcc.kz>
8. Файзуллин Г.Г. Роль государства в обеспечении продовольственной безопасности: международно-правовой аспект // Право и государство: теория и практика. – М.: Право и государство. – 2013. – №7 (43). – С. 72-76.
9. Новости Kazakhstan Today. – Астана. – 2008. – 17 янв.

Көлік салалары өндірісін әртараптандыру мен басқару

Сәулө ЖОЛДЫБАЕВА,

Тұрар Рысқұлов атындағы

Қазақ экономикалық университеті,

«Экономика» мамандығының PhD докторанты

K

азіргі уақытта кез келген мемлекеттің экономикасында көлік саласының маңыздылығы артуда, себебі көліктің даму деңгейі экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен елдің қауіпсіздігіне сөзсіз ықпал етеді. Еліміздің ішкі экономикасының маңызды секторы болып, ЖІӨ құрылымында алар үлесі зор болып табылады. Көлік жүйесінің деңгейін көтеру мемлекет тараапынан және жеке кәсіпорындар тараапынан тартылатын қаржы көлемі ауқымды болуы керек. Ал сол ауқымды қаржының дұрыс бағыттау, көлік салаларындағы өндірісті басқаруға – өндірісті әртараптандыруды басқарудың тигізер ықпалы өте жоғары. Сонымен қатар, әртараптандыру арқасында қысқа мерзімде жоғары экономикалық нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Өндірістік әртараптандыру жүйесін басқару ағымдық қана емес, кәсіпорын дамуының ұзак мерзімді де міндеттерін шешүге бағытталып, жоспарлылықтың, пропорционалдық қағидаларын карауда маңызды бола түседі. Жұмыстың бір кезеңінің аяқталуы көліктік кәсіпорында, келесі кезеңінің бастапқы кезі болып саналады. Өндірістік үрдістің барлық кезеңдерін байланыстыру, кәсіпорынның болашақ қызметін оның нақты ағымдық жұмысымен жоспарлау күралдарының ағымдық жұмысымен байланыстыруы ықтимал.

Өндірісті әртараптандырудың стратегиясы (ӨӘС) деген сөздің кең мағынасын бәсекелестік артықшылықтарды құру, өндірістің тиімділігін арттыру, экономикалық табыс алу мен оның дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатымен өндірістік өзара байла-

нысты және байланысты емес технологиялық интеграцияларының үрдістерінің кешенін қамтитын кәсіпорынның толық түрде қайта құрылуын түсінген жөн [1, 54-56]. Өндірістік жүйелердің негізгі элементтерінің бірі, технологиялық қорлар екендігі белгілі, ал олардың жағдайы кәсіпорынның мүмкіндіктерін сипаттап, өндірістің шынайы әртараптануын жүзеге асырады. Өндірістің бірігуіне объективті түрде себепкер болатын, басты себептердің бірі, өнімді жылдам жаңарту мен технологиялық қорларды жылдам түрде жаңартудың мүмкін еместігі арасындағы қарама-қайшылықты арттыра түсетін жағдай болып табылады. Қазіргі уақытта экономикалық ғылымда көлік салаларында өндірісті әртараптандыруды басқарудың бірнеше қағидалары бар. Біз зеттейміз, көлік салаларында өндірісті әртараптандыруды басқаруды жаңа нарықтық стратегия зерттейміз. Статьяда қарастырылған қағидаларды қарастыру, біздің пікірімізше, көліктік кәсіпорындағы өндірісті әртараптандырудың дамуына ықпал ететін болады.

Қазіргі таңда көлік кәсіпорындары қызметін жан-жақты зерттеу негізінде көлік кәсіпорындары өндірісін әртараптандыруды басқару мен саланың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде әртараптандыру тетіктерінің дамуын жетілдіру бойынша теориялық негізdemeler және ғылыми-тәжірибелік түрғыдан ұсыныстар дайындау өте маңызды мәселе болып отыр.

Қазақстандық экономикада өндірістің әртараптануы тек бірнеше кәсіпорындарда қолданыста болса, ал шетелдік тәжірибеде ӨӘ стратегиясы тәжірибеде жуз жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. Шетелдік мемлекеттерде жүргізілген өндірісті әртараптандырудың теория-әдістемелік талдауы келесідей қорытындыларды шыгаруға мүмкіндік берді [1, 54-56]:

- 1) ӨӘ ең кең тараған түрі конгломерат болып табылады, мұның өзінде түрлі елдерде оның қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері бар: осылайша, АҚШ-тағы конгломерат біріккен компаниялар арасында өндірістік жалпылыққа жол бермейді, ал Батыс Еуропа елдерінде, керісінше, кәсіпорындар белгілі бір өндірістік өзара байланысты болады;

- 2) даму барысында ӘС кең тараған түрі холдингтік құрылым болды, ол ӨӘ толық жүзеге асуы үшін мейлінше ықпал етті;

- 3) жаһандану үрдістерінің әсерімен «интергломерат», «метакорпорация» деп аталатын көптеген стратегиялық бірігулердің қалыптасуы орын алада.

Кәсіпорынды әртараптандыруда қажет:

- әртараптандырудың стратегияларының бөлшектерін жасау мен ӘС құру мақсатымен басқарушылық шешімдердің қабылдану алгоритмін құрау;

- ӘС ағымдағы қызметінің негізгі өлшемдерінің тиімді ету міндеттерін шешу;

- өнеркәсіптік кәсіпорынның дамуының кезеңдік айналымына негізделген стратегиялардың алгоритмін негіздеу;

- ӘС басқаруының ұйымдастыраның бағдарламаларын құру үшін алгоритмін жасау.


ӘС ұйымдастыраның басқару бағдарламасының жасалған алгоритмі өз уақытында ағымдағы өзгерістерді бақылап отыруға мүмкіндік береді, оның қызметіне өзгерістер енгізуге, бәсекелестік ортада тұрақты дамуды қамтамасыз етуге және де мыналардың позициясымен кәсіпорынның ұйымдық құрылымының сапасын арттыруға да мүмкіндік береді [1, 57]:

- а) үнемділік (басқарушылық шығындардың басқарылатын каражат мөлшеріне қатынасы);

- б) тиімділік (стратегия әсерлері – әлемдік экономикалық кеңістікте орын иелену);

- в) нарықтық жағдайға бейімділік (бәсекеге қабілеттілікті арттыру).

ӨӘ өнделген стратегиясының әдістемесі Қазақстанның ӨӘ көліктік кешенінің кәсіпорындарының өзгеріске ұшырауына себепкер болады, олар ішкі және сыртқы экономикалық артықшылықтарға кол жеткізуге бағдарланған 1-сурет, олар мынаған мүмкіндік береді: кәсіпорынның даму стратегиясын нақты міндеттердің денгейіне жылдам жеткізу; нарықта кәсіпорынның қызметінің толық айналуы инновациялық дамудың нәтижесінде болады, ол негізінен кәсіпорынның бәсекелеге қабілеттілігінің өсімін қамтамасыз етіп, ұлттық экономика мен жаһанданған әлемдік шаруашылықтың мейлінше тиімді интеграциялануына септігін тигізеді.



1-сурет. Өндірісті әртараптандыруға
сыртқы және ішкі факторлардың әсері

Ескерткі: Әдебиеттер негізінде автор құрастырган

Әртараптандырудың мақсаты – кәсіпкерлік қызметтің мақсаттарына сәйкес келетін корпорацияның тәуекелдерден


корғануының осындай жағдайына қол жеткізіп, сол жағдайды қолдауға тырысады. Кәсіпкерлік қызметтің тәуекелділікті болдыру мау үшін тәуекелділікті басқару алгоритмін жасау қажет деп Носова С.С. «Өнеркәсіптік өндіріс кәсіпорындардың әртараптандыруының стратегиясы» еңбегінде көрсетілген, **тәуекелдерді басқару алгоритмі:**

- тәуекелді басқару стратегиясын жасау;
- берілген кәсіпорын тәуекелділігін анықтау;
- есептемелерге бағдарламалық қамтамасыздандыру таңдау;
- тәуекелді басқару кезеңдерін өндеу;
- тәуекелдің әр түрі үшін ішкі бақылаудың кезеңдерін жасау;
- тәуекелдің түрлеріне есептік формаларды жасау;
- кәсіпорында берілген тәуекелділікпен кім айналысатындығын анықтау

Тәуекелдерге қатысты келесідей басқарушылық ресімдердің болуы ықтимал [1, 56]:

- егер одан келетін шығындар болып, бірақ қауіпті салдарға әкелмесе, тәуекелді қабылдау;
- егер ол компания үшін тиімсіз болса, тәуекелден бас тарту;
- тәуекелді тапсыру, мысалы - сактандыру компаниясына немесе тасымалдаушыларға;
- шығындарды азайту, мысалы, оның пайда болу ықтималдылығын төмендететін немесе ауыр нәтижелерге әкелмейтін құралдарды ендіру арқылы.

Әртараптандыру бұл табыс көздерін арттыру мен кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Фылыми жұмыста көліктік кәсіпорындардың шарттарына сәйкес, дағдарыстық жағдайлардың алдын алу міндеттерін шеше отырып, көліктік кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық қызметінде олар дағдарыс пен банкроттықтың алғышарттарынан шығу бойынша арнайы стратегиялар жасай отырып, негізделеді. Кәсіпорын қызметтерінің басты мақсаты мен стратегиялық бағыты оның өнімінің сапаны арттыру негізінде бессекеге қабілеттілігінің артқандығын мойындау, өндіріс шығындарын қысқарту мен баға саясатын жүргізу, өндірістің көлемін арттырып, ішкі және сыртқы нарықтардағы өнім сатылымын қамтамасыз ететін еді.



2-сурет. Кәсіпорын қызметтің әртараптандыруды басқару тетігі
Ескерткі: Әдебиеттер негізінде автор құрастырган

Осы тақырыпқа арналған зерттеу нәтижелерін жалпыландыру негізінде, өндірісті әртараптандырудың тиімділігін арттыру мен оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қағидалар анықталды [2, 13]:

- кормен қамтамасыздандырылуы;
- сәйкестік;
- өзін-өзі ақтауы;
- өзектілік;
- бірігулер мен олардың артықшылықтары;
- мүдделердің сәйкестігі;
- сатылымның орны мен шарттары;
- жоспарлылық, пропорционалдық.

Егер қарастырылатын қағидаларды мәні бойынша реттесек, онда көлік саласындағы мейлінше өзектілері кормен қамтамасыздандырылу, сәйкестік, бірігулер мен олардың артықшылықтары, жоспарлылық пен пропорционалдылығы қағидалары мейлінше өзекті болып табылады. Оның үсітіне кормен қамтамасыздандырылу қағидасы аса үлкен мәнге ие, бұл көлік өнеркәсібінің жоғары қорсыйымдылығымен түсіндіріледі.

Әртараптандыруды жүзеге асырудың негізгі бағыты кәсіпорынның макро және микро жағдайын анықтау болып табылады. Нарықтың

белгісіздік жағдайында, көліктік кәсіпорындарға нарықтық жағдай мен нарықтық мүмкіндіктерді бағалау талап етіледі. Ол нарықтық үрдістерге сандық және сапалық сипаттама беруге, ағымдағы кәсіпорындар әлеуетін бағалауға, тұтынуышылық сұраныс пен бәсекелестік ортаның даму мүмкіндіктерін сзып көрсетуге мүмкіндік береді. Эртараптандырудың мүмкіндіктері мен бағыттарының маркетингтік диагностикасы келесідей кезендердің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін [2, 15]:

- нарықтық мүмкіндіктерді талдау;
- мақсатты нарықтарды тандау;
- маркетингтің кешенін жасап шығару;
- әртараптандыру шараларын іске асыру.

Әртараптандыру тиімділігінің мәселелерін анықтауға жүргізілген зерттеулер осы үрдістің экономикалық тиімділігін бағалауда көптеген әдістердің бар екендігін көрсетеді. Мейлінше толық түрі көліктік кәсіпорындардың өндірісінің әртараптандыруының (әсерін) нәтижелерін бағалау ретінде көрсеткіштердің белгілі бір жүйелерінің көмегімен көрініс табады.

Кәсіпорынның нарықтық жағдайларын көрсететін нәтиже, түрлі өлшемдерден көрініс табуы ықтимал: табыстың көрсеткіші, өзіндік табыс, нарықтық иеленетін үлесінің көлемі, әртараптандыруды жүзеге асыруда өндірілетін тауардың бәсекеге қабілеттілігінің деңгейі.

Әртараптандырудың тиімділігін бағалау үшін жалпыланған көрсеткіштерді алуға бағытталған, әдіstemелік тәсіл қолданылады, олар салмағы мен мәндерін ескерумен көптеген жеке сипаттамаларды біріктіреді.

Әртараптандырудың нәтижелерінің қосынша көрсеткіштері ретінде көліктік кәсіпорынның жұмысшылар құрамының мамандар құрамының сақталуын бағалауды да енгізуге және оның өндірістік қуаттылықтарын іске қосуға болады. Ол келесідей көрсеткіштердің көмегімен жүзеге асырылады: жұмыс орындарының саны, орташа еңбекақы, енбек өнімділігі, жұмысшылардың санаттық құрамы, корқайтарымдылығы. Ұсынылатын алгоритм көліктік кәсіпорындардың өндірісін әртараптандырудың нәтижелерінің сандық және сапалық бағалауын жүргізуге және нәтижесінде олардың бақылауын жүргізуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның әртараптандыруының жүзеге асу тұжырымдамасын қалыптастыруда мақсат қою кезеңі ерекше орын алады. Міндеттердің дадурыс анықталуына байланысты кәсіпорынның кейінгі да-

муы тәуелді, сәйкесінше, әртараптандыру бағдарламаларының нәтижелілігі де тәуелді болады.

Әртараптандыру бағдарламасын жасауда баламалық қағидасы міндетті болып табылады, ол кәсіпорынның бірнеше даму нұсқалаларындағы енгізілген, сәйкесінше әртараптандырудың баламалы нұсқаларының стратегиялық мақсаттарын таңдау болып табылады. Мұндайда әртараптандырудың қандай да бір баламасының тиімділігін бағалау қажет. Өндірістің әртараптандыруы екі бағыттан тұрады: кәсіпорын ағымдық қызметінің тиімділігін арттыру құралы мен кәсіпорын өндірісінің дағдарыстан кейінгі кайта қалпына келу стратегиясы мен белгілі бір сәйкес нарықтағы стратегиясы ретінде. Бірінші жағдайда кері әртараптандырудың қолданылуы жайлы айтуда болады, ал екіншісінде - стратегиялық әртараптандыру жайлы сөз қозғауда болады [3, 10].



3-сурет. Кәсіпорын әртараптандыруының стратегиясының алгоритмі
Ескерту: Зәдебиет көзінен алынды

Шұғыл әртараптандыру аясында негізгі мақсат өндірістік кәсіпорынның қызметінің барлық бағыттары бойынша тиімділігін арттырудың өндірістік қорларын жүзеге асыру бағдарламаларын қалыптастыру мен кейінгі жүзеге асырылуы [3, 10-11].

Өндірістің шұғыл және стратегиялық әртараптандыру жайлы шешімді жүзеге асыруды қабылдау белгілі бір құрылымға ие. Кәсіпорынның әртараптандыру бағытталуы ішкі де, сыртқы ортаның да өзара әрекетінің өлшемдерімен анықталады, бірақ ең бастысы өзекті қажеттіліктермен, яғни ынталандырулармен белгіленеді.

Сәйкесінше, кәсіпорының қажеттіліктері өзектіліктің түрлі деңгейін қамтуы ықтимал. Егер қажеттілік өндірістік жүйенің қалыпты қызмет ету есебінен қанағаттандырылса, өзектілік деңгейі төмендей түседі [3, 11].

Кәсіпорын әртараптандыруын жүргізу туралы негізделген шешімді қабылдау үшін сәйкес әдіstemелік аппарат өзіне келесідей кезеңдерді қамтуы тиіс [4, 9]:

- 1) компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін әртараптандыруды жүргізу қажеттілігі туралы талқылауға мүмкіндік беретін кезең;
- 2) кәсіпорының жаңа салаларын анықтау;
- 3) әртараптандырудың бағыттарын тандау;
- 4) ағымдық тәуекелдерді бағалау;
- 5) әртараптандырудың әлеуетін мейлінше ауқымды түрде қолдануға мүмкіндік беретін әртараптандырудың әдістері мен нысандарын анықтау;
- 6) әртараптандырудың жобасын дайындау.

Жоғарыда келтірілген ұсыныстарға жалпы сипаттама берейік. Қабылданатын, қабылданған шешімдер салыстырмалы көлемде енеді немесе кәсіпорының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін әртараптандыруды жүргізуге қажеттіліктің болуы. Статьяда келтірілген талдауда әртараптандырудың негізгі басымдықтары келесідегідей мақсаттар жүйесінде қалыптасқан, ол үшін әртараптандыру мақсатты түрде жүзеге асырылады (1-кесте).

1-кесте. Көліктік қызмет көрсетуші кәсіпорындардың мақсаттарын жүзеге асыру үшін әртараптандыруды жүргізуін мақсаттылығын бағалау

Мақсат	Әртараптандырудың қажеттілігін бағалау		
	Мақсатқа – әртараптандыру жолымен де, басқа тәсілдермен де қол жеткізуге болады	Мақсатқа - қол жеткізу әртараптандыру жолымен жүргізілсе, артықшылықты болуы ықтимал	Мақсатқа – әртараптандыру жолымен қол жеткізуге болады, бірақ ол айтартылғай үлкен тәуекелділікпен бірге жүреді
1) Компанияның жылдам өсімін қамтамасыз ету		+	
2) Компания құнының артуы			+
3) Сапалы жұмыс құшын қамтамасыз ету	+		

4) Ішкі инвестициялық қорларды тиімді қолдануды қамтамасыз ету	+		
5) Табыстылық			+

Ескерту: Әдебиеттер негізінде автор құрастырган.

Бірінші кестеде келтірілген форманы қолданумен әртараптандырудың мақсаттылығы туралы талқылау мүмкіндіктері пайда болады. Себебі әртараптандыру іс жүзінде кез-келген жағдайда тәуекелмен орын алады, ол оның жүргізуі туралы, бір мәртелең қажеттілігі кәсіпорында стратегиялық мақсаттар болған жағдайда ғана айтылуы ықтимал, оларға қол жеткізу тек қана «әртараптандыру жолымен ғана ықтимал» (яғни кестенің екінші бағанына түсken мақсаттар).

Кәсіпорының жаңа салаларын анықтау және кәсіпорын қызметтің тартымды салаларының кейбір алдын-ала жасалған тізімі қалыптасады. Нарықтың әр жаңа бағытында кәсіпорын стратегиясының мүмкіндіктерін бағалау және көлік салаларында әртараптандырудың негізгі артықшылықтарының жүзеге асу мүмкіндіктерін бағалау. Әртараптандырудың қарастырылатын көліктік кәсіпорынға негізгі стратегияны жүзеге асырудың әр кезеңінде рационалды түрде стратегиялық бизнес-бірліктер арасында қорларды бөлуге мүмкіндік береді, өндірістік-технологиялық базаның техникалық жаңаруы үшін қажетті ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту арқылы, жалпы кәсіпорының тұрақтылығын арттыру үшін негізгі жағдайларды қамтамасыз етеді. Кәсіпорының стратегиялық ұстанымын анықтағаннан соң мақсатты анықтау үшін инвестиациялардың көлемін анықтау қажет және де инвестиацияларды тартуың қайнар көздері мен олардың нақты стратегиялық бизнес-бірліктер үшін олардың арақатынасын тартуды да анықтау қажет [5, 12].

Корытындылай келгенде көлік салаларының өндірісін әртараптандыру мүмкіншіліктерінің бірі көліктік технологияларын және заманауи техника мен құрал-жабдықтарды жетілдіру болып табылады. Өндірісті әртараптандыруды басқару жүйесінің тұжырымдамасы өзінің көрінісін әртараптандыруда табады, ол негізгі құзіреттіліктерге негізделген және де кәсіпорының қолданысында барларын қолданумен емес (бірігу, жұтылу), ішкі дамудың басым нысанымен байланысты. Өндірістік кәсіпорының бәсекеге қабілеттілікте арттыруға бағытталған (қажетті әртараптану үрдісін

минималды азайту, сақтау) басқару, сәйкесінше компанияның өсімі мен құны, тиімділігінің артуы, шығындардан арылу (әдетте, дәл осы мақсаттарды компания дағдарыс жағдайында қояды) жалғаспалы үш кезеңді қамтиды: шұғыл әртараптандырудың тұжырымдамасын жасау, әртараптану жобасының әртараптану мен жүзеге асу жобасын жасау. Келік кәсіпорындарының қызметін тұрактандыру және жоғары экономикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін көліктік кәсіпорындарында өндірісті әртараптандыруды басқару мен стратегиялық жоспарлаудағы бағдарламалық-мақсатты әдісті дұрыс жүзеге асыру және кәсіпорынның әртараптандыру стратегиясын тиімді қолдана білу, басқару қажет. Қазір кәсіпорындар табысының бір бөлігін көбіне жоғалтуда, салынған қаржының нәтижесінде кайтара алмау жағдайымен. Сол себептен көлік кәсіпорындарының өндірісін әртараптандыруды басқару осы салада қызмет көрсетуші кәсіпорындарға маңызды шара болып отыр, және бүгінде кәсіпорындар бұл жағдайдан шығу үшін және жоғары деңдеде пайда табуға ынтылуда. Сондықтан өндірісті әртараптандыру бұл тауар түрлерінің артуы, өндірістің жаңа түрлерін бәсекелестерге қарағанда үздік сырт бейнесімен және сипаттамаларымен өзгерту мен менгеру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- Носова С.С. К вопросу о стратегии диверсификации производства промышленных предприятий // Московский инженерно-физический институт (государственный университет). – С. 54-57 // library.mephi.ru/data/scientific-sessions/2009/t6/2-3-1.doc.
- Тазетдинова И.М. Формирование системы управления диверсификацией производства на предприятиях текстильной промышленности // Автореферат, Санкт-Петербург, 2002 г. – С. 13-16.
- Манохина Е.Э. Диверсификация производства как форма реализации стратегии промышленного предприятия в условиях кризиса // Автореферат Санкт-Петербург, 2009 г. – С. 8-13.
- Тихомирова Е.С. Проблемы обеспечения успешной диверсификации промышленной компании в современных условиях // Автореферат Санкт-Петербург, 2010 г. – С. 6-9.
- Ермолин А.И. Повышение эффективности инвестиционной деятельности диверсифицированных станкостроительных предприятий // Автореферат, Москва, 2009. – С. 10-15.

Қазақстан дүниежүзілік экономикалық үрдістер жүйесінде

Құндызыай ЕРІМБЕТОВА,

Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

K

азақстан Республикасы қысқа мерзім ішінде нарықтық реформалар жүргізіп, экономиканы түпкілікті реформалауға, тиісті заңнамаларды жасауға қол жеткізді. Реформаға дейін әлемдік қауымдастық Қазақстанның экономикалық әлеуетімен толыққанды таныс емес еді [1]. Ал жүргізілген реформа нәтиже бере бастаған, XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының ортасында Қазақстан әлемдік экономиканың бөлінбес белгіне айналған, нарықтық экономикалық қатынастағы, жаһандық бәсекелестік арнасына еркін ене бастаған ел ретінде мәлім бола бастады. Қазақстанда ТМД елдерінің ішінде бірінші болып, тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, сыртқы қолайсыз факторларға тәуелді болмау мақсатында Ұлттық кор құрылды. 2005 жылы ақпан айындағы Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауы тәуелсіздік жылдар тарихының ерекше оқиғасы әрі халық алдындағы жеке жауапкершілікпен сөйлеген батыл мәлімдемесі болды.

Болашақтағы экономикалық реформалар тетігін жүзеге асыру халықтың келешекке жасаған таңдауында да болды: 2005 жылдың 9 қыркүйегінде Алматыда 470 мыңнан астам мүшесі бар республикалық «Отан» саяси партиясының кезектен тыс VIII съезі өтті. Съезде 4 желтоқсан күні өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауына «Отан» партиясының атынан кандидат ұсыну және сайлау науқаны қарсаңында партияның міндеттері туралы, сонымен бірге, өздері ұсынған және сенім білдірген кандидатын қолдау үшін

сайлау алдындағы блокқа кіру жөніндегі мәселелер талқыланды. Съезде Саяси кеңестің шешімі бойынша «Отан» партиясы атынан Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауына Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасы ұсынылып, келісім беруін сұрады. Съезд Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдау үшін «Асар» партиясымен бірлесіп, Қазақстанның халықтық коалициясын құруды ұсынды. Елдің аса жауапты кезеңінде қолдау көрсеткен зор сенімге алғысын білдіре отырып, Елбасы «Отан» партиясынан Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына үміткер болып сайлауга түсуге өз келісімін мәлімдейтінін айта келіп: «...өткен жылдар мен жолдар барша қазақстанның таралығында алға қойған ортақ мақсатқа жету жолында одан әрі топтастыра түсетініне» сенім білдірді.

2005 жылдың 25 қазанынан бастап үміткер Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – тек қана алға!» сайлауалды «Әрбір қазақстанның қандай ігіліктеге қол жеткізеді?», «Экономикамыз қалай өрлейді?», «Біз неліктен демократияны тандаймыз?» бағдарламасында алдағы жеті жылда Қазақстанның әлемдегі ең бай 50 елдің біріне айналдыру жоспары назарға алынады: «...Қазақстан 2012 жылы әлемдегі индустрисы дамыған елдер қатарына қосылу, жалпы ішкі өнімді үш есеге өсіру, яғни 6,8 триллион теңгеден 17,7 триллион теңгеге арттыру. Экономикаға салынатын инвестиция мөлшерін 2,5 есе арттырып, 1,8 триллион теңгеден 2012 жылы 4 триллион теңгеге жеткізу. Сонымен қатар Қазақстанның (2005-2012 жж.) жеті жылда әлемдегі астық экспорттаушы елдердің алдыңғы бесіншінде, мұнайды экспорттаушы елдердің алдыңғы ондығына енгізу, шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 7 жылдан кейін 20 пайыздан 40 пайызға дейін өсіру» жөніндегі тұжырымдамалары.

2006 жылдың 16 ақпавында КР Парламенті қос палатасының бірлескен отырысында Президенттің Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына ену жөніндегі стратегиясын жүзеге асыру мақсатында жасалған Үкіметтің 2006-2008 жылдарға арналған іс-кимыл бағдарламасы талқыланды. Бұл бағдарлама бойынша ішкі жалпы өнімнің орташа жылдық өсімі 8,5 пайыз құрайтындығы жоспарланып, яғни бұл көрсеткіш бойынша экономиканың жалпы өсімін аталған үш жылда 27,7 пайызға арттыруға болатындығын көрсетеді. Орташа жылдық инфляцияны 5-7,3 пайыз шегінде қалдырып, енбек өнімділігін жыл сайын 6,3-7,0 пайызға арттыру көзделді. Негізгі капиталға инвестиция салу 14-15 пайызға өсептіндігі, ИЖӨ-нің жан басына шаққандағы үлесі 2008 жылы 5450 АҚШ долларына жеткізу міндеті қойылды. Депутаттар бағдарлама

ұсынысына сынни тұрғыда қарап, өнеркәсіп өндірісі өсімінің өте төмен (жалпы өсім 5%, өндеуші сала 6,5%) деңгейде көрсетілгенді, салынған инвестициялардың қайтарымының аздығы, жалпылама сездер мен көтеріңкі мәлімдемелердің көптігі, өнеркәсіпті көтерудің нақты жолдары көрсетілмегені жөнінде сын-ескерпелермен ұзақ талқылаудан етіп, айтылған ескертулермен баяндама мақұлданы. 2006 жылдың 1-ші наурызында бірлескен Парламент палаталарының отырысында Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын» жария етті. Стратегия бойынша әлемнің бәсекеге барынша қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қадам басуы жолындағы таяу болашақтағы бағыт-бағдардың негізгі жеті басымдықтары ұсынылды:

Бірінші басымдық: Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдан кіргігуі – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі;

Екінші басымдық: Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту және әртараттандыру;

Үшінші басымдық: Халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат;

Төртінші басымдық: Осы заманғы білім беруді дамыту және саяси жүйені жаңарту;

Бесінші басымдық: Демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту;

Алтыншы басымдық: Осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы бара-бар ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру;

Жетінші басымдық: Қазақстанның мұдделерін, өнірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін тенденстірлігендегі және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру. 2006 жылы ТМД елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық дамуында экономикалық есу қарқыны сакталды. Достастық мемлекеттерде қаржылық жағдайы тұрактыланғанмен дебиторлық және несиелік қарыздар мөлшерінің өсімі жалғасын тапты, ал кейбір елдерде енбек жалақылары бойынша мәселелер туындағы[2].

Ел экономикасының қарқынды өсуі, Қазақстанның әлемдегі дамыған елу елдің қатарына кіру үшін өркендерпен дамыған қоғамның іргетасы заманауи бәсекеге қабілетті және тек шикізат

секторымен шектелмейтін ашық нарық экономикасымен ғана қаланатыны негізделді. Бұл – жеке меншік институты мен көлісім-шарттық қатынастарды құрметтеу мен қорғауға, қоғамның барлық мүшелерінің бастамашылығы мен іскерлігіне негізделген экономика. Белгіленген басымдылықтардың барлығы маңызды әрі өзара байланысты болғандықтан да бірлескен жұмыс үйлесімділігі мен нақты жауапкершілік қажет болды.

Негізгі белгіленген басымдылықтарды орындау бойынша іш-шаралардың бастысы – Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру маңызында 2006 жылғы 30 наурызда Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы және Президенттің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына арналған Жолдауын іске асыру жөніндегі іш-шаралардың жалпыұлттық жоспарының бекітілуі болды. Маңыздық қол жеткізу үшін Үкіметке мемлекеттік жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен тетіктерін ендіру қажеттігі, бюджеттік жоспарлаудың тиімділігін арттыруды, нәтижеге бағдарланған басқару жүйесін енгізу, өнірлердің тұрақты дамуын арттыру, жинақтаушы зейнетакы жүйесін одан әрі дамыту бойынша ұсыныс әзірлеу, бағдарламалық құжаттар әзірлеу сатысының экономикалық құрылымдарын сапалық тұрғыда жақсартуға қабілетті ілгері бастырушы нақты жобаларға көшу қажет болды. Үкімет (Д. Ахметов бастаған) мұндай жауапты Стратегияны орындау алдында дәрменсіз болып шықты. Жаңа Үкімет жаңа күш-куатпен ел экономикасын серпінді дамытуға кірісті. 2007 жылдың 26 қаңтарында Премьер-Министр К. Мәсімовтің төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген Үкімет мүшелері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері қатысқан алқа мәжілісінде жаңадан жасақталған Үкіметтің алда тұрған міндеттері айқындалды:

- әкімшілік реформаларды терендетеуге күш салу
- мемлекеттік жоспарлауды жетілдіру міндеттеріне байланысты Үкіметтегі 120-та жуық бағдарлама жобаларының тиімділігі мен бақылау мүмкін еместігін Үкімет басшысы айта келіп, нақты нәтижелерге қол жеткізетін 5-7 бағдарламаға дейін қысқарту;
- мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру. Министрлер кабинеті мемлекеттік органдар басшыларына, сондай-ақ бюджеттік салага белгілі бір деңгейде дербестік беру, олардың жауапкершілігін арттырып, бақылау шараларын қатаңдату;

- орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың көптеген бағдарламалық құжаттарын Үкімет деңгейінде бекіту шаралары азайтылып, тек стратегиялық жоспарларды талқылау және маңызды қорсеткіштер ғана бекітіletін болды;

- бюджетті жоспарлау және бюджетаралық қарым-қатынасты жетілдіру. Жергілікті атқарушы органдарға қаржы ресурстарын басқаруда белгілі бір деңгейде дербестік ұсынылатындығы;

- өнірлерді дамыту (ірі өндірістер ашу, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру);

- экологиялық мәселелерді ескеру;

- әлеуметтік даму (халықты әлеуметтік қолдау жүйесі, еңбекпен қамту саясаты, көші-қон саясаты және т.б.).

Мемлекет басшысының 2007 жылғы 10 қаңтарда алға қойған міндеттерін шешуге арналған Жаңа Үкіметтің 2007-2009 жылдарға арналған Үкімет бағдарламасының негізгі басымдықтары мен бағыттары Парламент палаталарының бірлескен отырысында мақұлданды [3, 310].

2007 жылдың наурызында Президенттің қатысуымен өткізілген республика ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мәжілісінде 2006 жыл қорытындыланып, саланы дамыту жөніндегі міндеттер белгіленді. Экономиканы әртаратандыру мен елдің экспорттық мүмкіндігін арттыруды агроенеркәсіп кешенінен бастау керектігін ескерткен ел Президенті ауылды одан әрі өркендетудің негізгі міндеттерінің белгіленуіне байланысты, оларды орындау жөнінде нақты тапсырмалар берді. Өнір басшыларының міндеттері нақтыланды. Бұл кезең Қазақстан экономикасы дамуында жаңа кезеңнің қажеттілігі туындағанын қазақстандықтардың түйсіне алуының өзі үлкен маңыздыға ие болған еді. Алда қысқа мерзімді экономиканы жаңғырту шараларын жасап, «өтімді жобаларды» жүзеге асыру жұмыстары тұрды. Өндеуші өнеркәсіпті, көлік пен инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру, оған инвестиция тартуда даму институттарының рөлі, құрылыш жатқан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметіне және т.б. мәселелер қарастырылды.

Қазақстанның жаңа экономикалық жүйе мен мемлекеттілігінің іргетасы қаланып, заманауи қоғамдық институттар нығайып, өмірдің сапасы мен ұстанымдары өзгерді. Кемел келешегі жанжақты сараланып, түбекейлі жаңа кезеңге батыл қадам басуына байланысты, 2007 жылдың 28 акпанында «Қазақстан-2030» Стратегиясының келесі онжылдықтағы «Жаңа әлемдегі жаңа

Қазақстанның» жаңа міндеттерінің тиімді шешімдерімен алға ұмтылыс жасау:

Бірінші міндет – экономиканың түрлаулы дамуын ұстап тұру емес, оның өсуін басқару;

Екінші міндет – өнірлік экономикада сапалық жаңа табыстарға жету және жаһандық экономикаға толыққанды қатысады қамтамасыз ету;

Үшінші міндет – өндіруші сектор тиімділігін арттыру;

Төртінші міндет – өндірістің шикізаттық емес секторының дамуын, экономикалық әртараптандырылуын қамтамасыз ету;

Бесінші міндет – өнірлік және жаһандық экономикадағы өзіміздің жаңа рөлімізге сәйкес заманауи инфракұрылымды дамыту;

Алтыншы міндет – заманауи білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту;

Жетінші міндет – атаулы әлеуметтік қолдау және әлеуметтік саланы нарық қағидаттары негізінде дамыту;

Сегізінші міндет – дамуымыздың жаңа кезеңінің бағытына сәйкес саяси жүйені жаңғырта жаңарту;

Тоғызыншы міндет – халықаралық іс-тәжірибелі ескеріп, әкімшілік реформаны жеделдете жүргізу;

Оныншы міндет – Жаңа Қазақстанның Орталық Азия өнірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін ілгерлете [4].

Жоғарыдағы он міндетті орындау үшін Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды 30 серпінді бағытын, яғни Қазақстанның жаңа кезеңдегі даму Стратегиясын айқындалған берді.

Өтпелі кезеңнен ойдағыдан өткен Қазақстан дамуының сапалық жаңа кезеңіне қадамының басы болған 30 серпінді бағыттың шешімін табуғатиісті алты өзекті мәселенің алғашқы екеуі іске жаңаша қарауды қажет етілетін кешенді жаңарту үдерістерге бағытталды: бірінші – қолдағы мүмкіндіктерді айқындау және пайдалану, сондай-ақ жаңа бәсекелестік артықшылықтар қалыптастыру арқылы Қазақстанды жаһандық экономикаға ойдағыдан кіріктіруге бағытталған және екінші – әртараптандыру, инфракұрылымдық дамыту және жоғары технологиялық одан әрі индустріяландыру негіздерін жасау арқылы Қазақстан экономикасының өсуі мен түрлаулығын басқаруға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру негізделген.

Стратегия әрбір жұмысты заман талабына сай ұйымдастыру, билік тармақтарының, бизнес-қауымдастықтың, академиялық және қолданбалы ғылымның, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ-тың іс-қимылын оңтайлы ұйымдастыру, отандастар қолдауымен ғана шешілетін міндеттер еді.

Басты мақсат - әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарынан ның орын алу және 30 корпоративтік көшбасшыларын қалыптастыру негізінде елді индустріяландыру болды.

Жалпы алғанда 2007 жылы дүниежүзінде ГЖӨ өсу қарқының жоғарлылығы сақталынды (5,2%). Бұл жаһандық еңбек наркы тұрақтылығына және еңбекпен қамтылғандар санының өсуін қамтамасыз етті. Мәселен, 2007 жылы 15 және одан жоғары жастағы 3,0 миллиард адам жұмыспен қамтылған, жұмыссыздардың жалпы саны – 189,9 млн. адамды құраған, 2006 жылмен салыстырғанда сәл өскендігі байқалды. Жұмыссыздық деңгейі бұрынғы қалпын сақтады – 6,0 пайыз. Ал ТМД елдерінің басым көшшілігі 2007 жылы дамудың жоғары қарқынымен сипатталды. Ресейде ГЖӨ өсімі 9 пайызды құрады, басқа мемлекеттерде оның көрсеткіші одан да жоғары болды. Бұл еңбек наркындағы жағдайды жақсартуға мүмкіншілік берді[5].

2007 жылдың ортасынан бастап әлем елдерінде қаржылық дағдарыстың алғашқы белгілері біліне бастады. АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыстың жыл сонына дейін ауқымы көбеймесе азаймайтындығы қобалжу туғызды. Ондағы банк-несие саясаты құлдырады. Ипотекалық дағдарыс қаржы дағдарысын, ал ол тиісінше әлемдік деңгейде әсерін беретін әлемдік экономикалық дағдарыска ұласы. XX ғасырда да әлемді шарыған дағдарыстар етек алған еді: ол бірінші дүниежүзілік соғысынан кейінгі дағдарыс, ал 1929-1933 жж. «ұлы құлдырау жылдары» дамыған елдерде 50 млн. адам жұмыссыз қалды, АҚШ ұлттық байлығының 40 пайызға жуығын жоғалтты. Өнеркәсіп өндірісі АҚШ пен Францияда 46 пайызға, Ұлыбританияда 23 пайызға, Жапонияда 33 пайызға, Италияда үш есеге дейін қысқарды. 1997-1998 жылдардағы Оңтүстік-Шығыс Азия мен Ресейдегі дағдарыс осы елдерді ғана көбірек қамтыды, басқа елдерге аз ғана қындық келтірді.

2007 жылдан басталған қаржы дағдарысы бүкіл әлем елдеріне жайылып, экономикалық дағдарысқа ұласы. АҚШ-тың алпауыт банктері «Lehman Brothers» және «Merrill Lynch» банктері банкротқа ұшырады және олардан несие алып отырған кәсіпорындардың жұмыс ырғағына салқынын тигізді. 2006 жылдан бастап АҚШ

банктері бұрын беріп келген несие құнын бір пайыздан бес-жеті пайызға дейін өсірді. Бұл өсімді қарапайым халық та, кәсіпорындар да көтере алмады. Бірі несиеңін қайтара алмаса, екіншісі берген несиеңін қайтара алмады. Тиісінше сұраныс төмендеп, өндіріс көлемі азая бастады. 2008 жылдың күзінен бастап дамыған елдердің алып компаниялары мен өндіріс орындары мындаған адамдардың жұмыстан қысқағандығы және өнім өндірудің төмендегені туралы ақпараттар жариялай бастады. Әлем елдеріндегі өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі Қазақстанның шикізат секторына едәуір зардабын болды, мұнаймен, газбен қатар металдың, түсті металдардың және тағы басқа шикізат қорларының арзандауы ел экономикасына әсерін тигізбей қоймады.

2007 жылы Мемлекет басшысы Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Манғыстау, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарына жұмыс сапарымен барып облыс активтерімен, түрлі ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлерімен, ауыл шаруашылығы өндірушілерімен, жүртшылық өкілдерімен кездесті. Өнеркәсіп және әлеуметтік нысандарда болып, жаңа өндірістердің іске қосылуына қатысты. Мәселен, Алматы облысындағы керамо-гранит плитка өндірісі ЖШС «Гранито Плюс» зауыды, Шығыс Қазақстандағы автокөліктің жаңа үлгісін жинау жөніндегі желілер АҚ «Азия Автодағы» «Шевроле» және бұрғылап қашау өндірісі бойынша технологиялық жели АҚ «Востокмаш завод», Қарағанды облысында (куқіртті ангидритті пайдаға асыру бойынша) «Балқаштүстіметалл» заводы, Жамбыл облысында биоэтанол өндірісі бойынша ЖШС «БМ», Қостанай облысында Варваринск алтын-мыс рудасы кен орнының ашилуы, Павлодар облысында электролиз заводы мен ЖШС «KSP Steel» болат құбыр заводы, Манғыстау облысында Көлік-логистикалық орталығы құрылды және өнеркәсіптік және медициналық түрлі заттар өндірісі бойынша жаңа заводтар орнына белгі салу; Оңтүстік Қазақстанда Қазақстандағы ірі АҚ «Химфарм» фармацевтикалық заводында мазды медициналық дәрмектер цехының іске қосылуы, жаңа мақта өндеу заводы және Шардара су қоймасындағы кен көлемді бөгетті қайта жасау мен нығайту жұмыстарының аяқталуы [6, 6].

2007 жылдың қыркүйек айында, жаңа оқу жылы басында Президенттің қатысуымен «Қазақстан» ұлттық телеарнасының тікелей эфирінен бүкіл ел-жүртшылығына арналған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» интерактивтік сабағы өтті.

2007 жылдың қазан айында «Қазақстан-2030» Стратегиясының он жылдығына арналған халықаралық конференцияда республиканың келешектегі дамуы талқыланды.

Дағдарысқа қарсы шаралар 2007 жылдың күзінен бастап қолға алынып, 11 қазанда Үкімет мүшелерімен болған кеңесте Мемлекет басшысы ел экономикасының беріктілік қоры өте жоғары және банктердің аяқтарынан нық тұрганын мәлімдей келе, дағдарыс үрдісінің жоқтығын, ал қыындықтар туған жағдайда мемлекеттік қолдау көрсететіндегі мүмкіндіктер барлығын айтады. Дегенмен Қазақстан экономикасы мен банктері сыр бериуіне байланысты дағдарыстың алдын алу үшін Президент Үкіметке нақты тапсырмалар берді: азық-түлік бағасын себепсіз өсірмеу, халықтың әлжуз топтарын әлеуметтік қорғау жөнінде ықпалды шаралар қабылдау, қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау, 2008 жылдың бюджетіне қажет болған жағдайда банк секторына қаржылай қолдау көрсетуге 4 млрд. доллар беру, электр энергетикасы мен энергия сақтауда тариф саясатын жетілдіру [3, 358].

2007 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда экономикалық өсу қарқыны 8,5 пайызды құрады. Жалпы ел экономикасы 2001 жылдан бастап жылына орта есеппен 10 пайызға өсіп отырды. Елдің айтарлықтай резерві қалыптастырылып, Ұлттық қор қаражатын коса есептегендегі ол шамамен 40 млрд. АҚШ долларына жеткен жинақтаулардың болуы, елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын камтамасыз етуде өзекті рөл атқарды. Әлеуметтік салада 2000 жылдан бастап, мемлекеттік бюджеттің білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындары 5 еседен астам ұлғайды. 5 миллионнан астам адам әлеуметтік қорғаумен камтылды. Халықтың зейнетақылық жинақтау көлемі 1,1 триллион теңгеден асып түсті. Әлеуметтік инфрақұрылым нығайды, 2007 жылы республика бойынша 76 мектеп, 23 денсаулық сақтау нысаны салынды. Бұл жыл Қазақстан үшін жан-жақты экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында тағы бір сенімді ілгері қадам жасаған жыл болды. Демографиялық құлдырау тоқтатылды. 2007 жылғы экономиканың өсу қарқыны 8,5 пайызды құрады [7, 301].

2007-2008 жылдары экономикаға қолдау көрсетуге Президенттің тапсырмасы бойынша 540 миллиард теңгеден аса, тұрғын үй рыноғын тұрақтандыруға (бірінші кезекте үлескерлерді қолдау) 175 миллиард теңгеден астам қаржат болғанға.

Қазақстан 2008 жылды жаңа экономикалық жетістіктермен, жаңарған саяси құрылыммен қарсы алды. Негізгі іс-қимылдар

әлемдік қаржы дағдарысының салдары мен оны еңсеруге арналған іс-шаралармен байланысты болды. Қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы ілгерлеу серпіні-әлеуметтік-экономикалық өркендеу тиімділігін айғақтады. Орын алған қызыншылықтарға қарамастан, мемлекеттік холдингтердің, даму институттарының, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың ішкі инвестициялық ресурстарының белсенділігін арттыру қажеттілікке айналды. 2008 жылдың 6 ақпанында Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты бағыты» Жолдауының негізгі арқауы – әлемдік экономикалық дағдарыстың зардалтарына қарсы тұру әрекеті болды. Президент қысқа мерзімді және орта мерзімді міндеттерді шешудің басым бағыттары жөнінде халыққа жариялады [7, 2]. Ал 14-ші ақпанда Президент төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысында 2007 жылдың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы шығарылып, таяу арада жарияланған Жолдаудағы межелерді жүзеге асыру міндеттерімен бірге, банктердегі, қаржы жүйесіндегі, құрылым пен қозғалмайтын мүлік секторындағы мәселелер, сонымен қатар билік пен ведомостволар алдына қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету және әлемдік қаржы нарындағы дағдарыстың үлттық экономикаға теріс ықпалын төмендету жөнінде міндеттер қойылды. Облыс, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне тұрмысы төмен тұрғындарға назар аудару, жұмыспен қамтылаған құрылымшыларды және т.б. жұмысқа орналастыру, оларды қайта мамандық даярлаудан өткізу, 100 мектеп пен 100 аурухана бағдарламасының орындалуын қадағалау, өнірлерде сыйайлас жемқорлықпен күрес жұмыстарының нақты нәтижелері қажет болды.

Дағдарысқа қарсы қабылданған іс-шаралар және оның барысы

Дағдарысқа қарсы қабылданған іс-шаралар нәтижесі ретінде 2008 жылы Қазақстанның 9 облысында 19 жаңа өнеркәсіптік өндіріс орындарының іске қосылуын атап өтуге болады. Астана-Бурабай автобаны ашылып, Шар-Өскемен темір жол магистралі құрылышы аяқталды, 2 театр, жана мектептер, ауруханалар және т.б. нысадар салынды. Астана қаласының 10 жылдығында Президент Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен инновациялық жобалардың Алматы облысының Іле ауданында «Даму» индустримальық-логистикалық

орталығы, Шымкенттегі ТМД елдері бойынша баламасы жоқ Медициналық мақсаттағы құрал-жабдықтар мен бұйымдарды за-лалсыздандыру орталығы, Астана-Шортанды (ұзындығы 224 шақырым) алты жолақты автобаны, Алматы әуежайының жаңа ұшу-кону алабы, Караганды облысындағы «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасының шеңберінде салынған «Silicium Kazakhstan» металлургиялық кремний өндіру зауыты және т.б. тұсаукесері болды. Мерекеге арналған «Астананың 10 жылдығы» төсбелгісі тағайындалып, республика бойынша 30 мынға жуық адам мара-тады.

2008 жылдың қыркүйек айындағы Парламенттің төртінші шақырылымының екінші сессиясындағы Елбасының сөйлеген сөзі қоғамдық серпіліс тудырды. Депутаттық корпус алдына қойылған міндеттерге сәйкес, 2008 жылы Салық және Бюджет кодекстері, 2009-2011 жылдарға арналған үшжылдық бюджет, Бәсекелестік ту-ралы заң қабылданды [3, 374].

2008 жылдың күзіне қарай АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыстан басталған қаржылық тоқыраумен Еуродак, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қаржы нарығы тұрақсызданды. Ресей және өзге де көрші ел-дерде қаржы дұмпуі нақты экономикаға тікелей әсерін берді. Осындағы жаһандық дағдарыс тигізетін әсерінің алдын алу мақсатында Үкімет жұмысының 2009-2010 жылдарға арналған бағыты айқындалды. 2008 жылдың 13 қазанында Үкіметтің әлемдегі қаржылық дағдарыстың Қазақстан экономикасы үшін салдары және оны еңсеруге арналған шаралар туралы Үкімет мүшелері мен әкімдер, парламент депутаттары, Президент әкімшілігі және есеп беретін органдардың басшылары мен БАҚ өкілдері қатысқан Үкіметтің кеңейтілген мәжілісі болып өтті. Атальынған мәжіліс қарсаңында Президент Н.Ә. Назарбаев «Үлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейір шаралар туралы» Жарлығымен мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі «Самұрық» қазақстандық холдингі акционерлік қоғамы мен «Қазына» орнықты даму қоры акционерлік қоғамын біріктіру жолымен «Самұрық-Қазына» үлттық әл-ауқат акционерлік қоғамы, яғни басқаша айтқанда «Қазынаның» белсенді инвестициялық ұстанымын «Самұрықтың» стратегиялық ресурстарымен біріктіру арқылы кез-келген ауқымдағы жобаларды іске асыруға қабілетті әлемдік деңгейдегі мемлекеттік корпорация құрылды.

Бұл әл-ауқат қорының негізгі мақсаты – үлттық даму институттарының, үлттық компаниялар мен басқа да занды

тұлғалардың өзіндік менишік құқығында тиесілі акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқаратын үлттық басқарушы холдингі болып айқындалды. Аса ірі мемлекеттік активтерді біріктіру туралы мәселені шешуде бірқатар корпорациялардың («Қазатомөнеркәсіп» үлттық атом компаниясы, «Eyrazian Natural Resources Corporation», «Қазақмыс» корпорациясы, «Қазақстандық ипотекалық компания», «Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепіл беру қоры») акциялар пакеті және жеті әлеуметтік-қасіпкерлік корпорациялар («Сарыарқа», «Оңтүстік», «Ертіс», «Жетісу», «Каспий», «Тобыл», «Батыс») «Самұрық-Қазына» жаңа холдингіне берілді. Президент Жарлығымен «Самұрық-Қазына» үлттық әл-ауқат қоры акционерлік қоғамының басқарма төрағасы болып Қайрат Келімбетов тағайындалды.

Үкімет алдында экономиканы және қаржы секторын тұрақтандыру жұмыстары тұрды. Құрделі экономикалық сынақтарды қарсы алған Үкімет, Үлттық банк және Қаржылық қадағалау агенттігі экономиканың өсуінің құлдырауына және қаржы дағдарысына жол бермеуге қол жеткізді.

Экономиканың тұрақты бес пайыздық өсімі, орташа әлемдік өсу қарқынынан әлдеқайда жоғары еді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығын дамыту үшін 2008 жылы 135 миллиард теңге, ал шағын және орта бизнесі қолдауга 165 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Жұмыссыздық деңгейі 7 пайыз, экономикаға салынған инвестицияның артуы 10 пайызды құрады. Тұрақтай алғанда тұрақтандыруши бағалар, 2008 жылдың қыркүйегіндегі инфляция деңгейі 2007 жылғы желтоқсанға қарағанда 8,1 пайызды құрады. Сонымен қатар қын экономикалық жағдайда 2008 жылдың 1 қазанында елдің «халықаралық резервтері» мен Үлттық кор активтерінің жалпы көлемі 51 жарым миллиард АҚШ долларынан асып түсіп, жыл басынан 34 пайызға үлгайды [3, 359].

«Экономикалық даму саласын арттыру бағытында, экономика үшін дағдарыс кезеңінде де пайда табуды үйренуге» шақырған Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев дағдарысты жағдайдағы ахуалды жақсы мүмкіншілктермен ұштастыру қажеттігін нақтылай келе, Үкімет алдындағы 2009-2010 жылдардағы міндеттердің үш шешуші бағытын тұжырымдады: макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қазақстандықтардың әлеуметтік ауқаттылығы және экономиканы жаңарту. Осы кезеңде Мемлекет басшысы Үкіметке Экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру бағдарламасын іске асыруға карт-бланш және қалыпты емес шешімдер қабылдау үшін

үлкен өкілеттіктер берді. Сонымен қатар осындай мүмкіндіктермен бірге Үкімет пен Үлттық банкке экономиканың қаржы жүйесі мен әлеуметтік саланың жай-күйі үшін дербес жауапкершілік жүктелді. Үкіметке бірінші кезекті шараларды қаржылай қамтамасыз ету үшін Үлттық кор қаржатынан әзірленген және келісілген Тұрақтандыру бағдарламасы үшін 2009-2010 жылдарға 10 миллиард АҚШ доллар қаржысын бөлу жөніндегі тапсырма берілді.

2008 жылдың қараша айының соңындағы Үкімет отырысында «Қазақстан Республикасы Үкіметтінің, Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған Бірлескен іс-қимыл жоспары» мақұлданды. Жоспардағы шараларды жүзеге асыру үшін Қазақстан экономикасы бюджетте қаралған 2,2 триллион тенгеден кем емес қаржы көлеміне қолдауға ие болды. 2008 жылғы 1 қарашада Қазақстанның алтын-валюта резервтері мен Үлттық кордың жалпы көлемі 47 млрд. АҚШ долларынан астам болды. Алға қойылған басты Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға жаһандық дағдарыстың теріс салдарын жұмсарту және болашақта сапалы экономикалық өсу үшін қажетті негіздерді қамтамасыз ету мақсатына жету үшін Үкіметтің, Үлттық Банк пен Қаржылық қадағалау агенттігінің іс-шарасы бес бағытқа шоғырландырылды:

1. Қаржы секторын тұрақтандыру (4 млрд. АҚШ доллары)
2. Жылжымайтын мұлік рыногындағы мәселелерді шешу (3 млрд. АҚШ доллары)
3. Шағын және орта бизнесі қолдау (1 млрд. АҚШ доллары)
4. Агроенеркәсіптік кешенді дамыту (1 млрд. АҚШ доллары)
5. Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық (1 млрд. АҚШ доллары)

жобаларды (ҚР Үлттық қорының 1200 млрд. теңге қаржат жұмсалатын болды) іске асыру. Жоспарды іске асыру бойынша Үкіметтен негізгі оператор «Самұрық-Қазына» қоры болғандықтан, оны 607,5 млрд. теңгеге қосымша капиталданыруды жүзеге асыруды. «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазагро» холдингі тиісінше 4 млрд. АҚШ доллары және 1 млрд. АҚШ доллары сомасына облигация шығару жолымен Үлттық қордан қарыз алуды жүзеге асыруды міндеттенді. Бұл үшін Үлттық қордың инвестициялық саясатына өзгерістер енгізілетін болды. Осындай шаралар жасалғанмен де жаһандық тұрақсыздық елдің экономикалық өсу қарқынына ықпалын

тигізді, 2008 жылы экономикалық өсу 3,1 пайызы, жұмыссыздық деңгейі шамамен 7 пайызы, инфляция жыл соңында 9,5 пайызы күрады [3, 362].

2009 жылы қантар айының соңында Давос (Швейцария) қаласында өткен Бүкіләлемдік (бизнес әлемінің 1600-ге жуық өкілдері, 18 мемлекеттің президенттері мен 22 елдің үкімет басшылары, БҰҰ Bas хатшысы Пан Ги Мун бастаған 8 беделді халықаралық ұйымдардың жетекшілері қатысады) экономикалық форум аясындағы кезесулер мен отырыстар жаһандық дағдарысқа арналды, олардың пікірі жаһандық қаржы дағдарысына байланысты әлем экономикасы тап болған қындықтарға, экономикалық қатынастардың мүмкіндіктерін кеңейте отырып, әлемдік экономиканы қайта құру, дағдарыстан кейінгі кезеңдегі экономикалық ахуал мен бизнестің этикалық нормаларын жетілдіру мәселелерінің төнірегінде тоғысты. Дәл осы жылы, әлем елдерін күзілткен дағдарыстан шығудың тосын жолы ғана емес, әлем экономикасының болашақтағы дүрыс дамуына тигізер әсері туралы идеялар да қамтылған Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Дағдарыстан шығу кілті» мақаласын Ресей басылымы жариялады. Мұнда жаһандық дағдарыс – ішкі шешімін таптаған мәселелердің занды сыртқы салдары ретінде қарастырылып, оны нақты айқындан белгілемейінше дағдарыстың өзі бастау алған әлемдік валюта-қаржы жүйесін реттеу жөніндегі бүкіл күш-жігер атусті сипат алғанын, қандайда бір жіберілген кемшіліктің алдын алмаса асқына жаңа дағдарысқа жол берілетінін нақтылады және одан шығатын жолды іздестіру қажеттігін мәлімдеді. Ол үшін түбекейлі жаңағыртуды бастау керек, тиісінше оны бастау үшін бүкіл ойлау жүйесін жаңарту керектігін ашып айтты. Жаһандық дағдарыстың басты себепшісі – әлемде баршаға ортақ, баршаның мұддесін қорғайтын валютаның жоқтығы. Оның жеті кемшілігі:

- әлемнің көптеген парламенттері ратификациялайтын Әлемдік валюта туралы бүкіләлемдік заның негізінде жүзеге асуы тиіс. Әлем болашағы әділетті де ортақ дуниежүзілік бір валютаның болуына тікелей байланысты. Бүгінгі қолданыстағылардың бәрі ешкінің бақылауына алынбаған, еркіндігі шектеулі әлемдік валюталар. Дүние жүзінің мемлекеттері тауарларға айырбастау үшін қажетті бүкіләлемдік занды ақша бірлігін жасау жөнінде келісімге келуі керек. Ол БҰҰ-да қабылданып, арнайы құрылған комиссияның бақылауына алыны тиіс. Үндістан Республикасында өткен екі ел кәсіпкерлерінің бизнес-форумында Қазақстан Президенті Н. На-

зарбаев алғаш жариялаған бұл бастама сол кезде-ақ жиналған іскер орта өкілдерінің қызығушылығын туғызған еді;

- заманауи әлемдік валюта қызметінің демократияландырылманғандығы;

- халықаралық валютаның ұсыныс пен сұраныстың тенденцияне арналған бәсекелестік және еркіндік ұстанымына сай жұмыс істемейтіндігі. Валюта айналымын қадағалайтын бүкіләлемдік монополияға қарсы тетік жоқ. Сондықтан да абсолютті түрде еркін рынокта әлемдік валютаның кез келген эмитенттер немесе сатушылар тобы үшін кез келген артықшылықтарға үзілді-кесілді тыйым салынуы тиіс;

- халықаралық валюта рыногының өркениетті жағдайда қызмет етпеуі. Оның басты себебі – валюта рыногындағы ойынның ережесі және бәріне міндетті ортақ тәртібі жоқ. Одан шығар жол – жаңа әлемдік валюта рыногында ойын ережесі заң бойынша белгіленіп, оның барлық қатысушыларының (сатушылар мен сатып алушылардың) ортақ шарты негізінде сакталуы тиіс;

- халықаралық валютаның эмиссиясы мен айналымы оның эмитенттерінің бақылауынан тыс болатындығынан, жаңа әлемдік валютаның барлық негізгі субъектілерінде – пайдаланушыларын да (елдерде, компаниялар мен азаматтарда) оның туындытын эмиссиясы мен айналымын аталаған заңмен арнайы көзделген тұрақты әрекет ететін бақылаушы құралдарын жасауға құқылы болуға тиіс;

- әлемдік валютаның эмитенттері оның негізгі пайдаланушы субъектілерінің алдында, тұтастай әлемдік қоғамдастықтың алдында жауапты емес. Ал ақиқатында ол жауапты болуы тиіс және оны қадағалайтын және тәртіпке шақыратын Бүкіләлемдік валюта арбитражы жұмыс істеуі керек;

- Әлемдік валюта жүйесі тиімді де нәтижелі болып табыла ма, яғни оның жұмысының нәтижелері адамзатты және тұтастай әлемді дамыту мақсаттарына қаншалықты сай келеді?

Әлемдік валюта жүйесі жұмысының іс жүзіндегі нәтижелері өркениетті әлемдік капиталдың және тұрақты әлемдік дамудың болуының өзі бүгінде қатерлі болып отырған жағдайға жеткізді. Бұл оның толық тиімсіздігінің айқын дәлелі. Жаңа әлемдік валюта эмитенттерінің іс-әрекеті әлем мен адамзатты дамытудың шешуші мақсаттары мен құндылықтарына сай келуі тиіс. Президент Н.Ә. Назарбаев «Дағдарыстан шығу кілті» мақаласында «Түбекейлі жаңару жоспарын (ТЖЖ)» ұсынды. Ежелгі грек дамуының жоғары кезеңі «акме»-мен байланысты жаңа әлемнің болашақ даму укладын «акме-

тализм» деп атайды, ал мінсіз әлемдік негізделген транзиттік әлемдік байлықтың жаңа түрін «транзитал» деп атап да болатындығын ұсынады: «...Біздің Транзит әлемінде осынау тарихи көшуге әзірлікке сондайлық та көп уақыт және ресурстар қалған жоқ. Капиталдардың – «транзиталдың» жаңа Нұх кемесін жобалау мен құруды кеше бастау керек еді. Егер әлемнің барлық көшбасшылары бүгіннің өзінде бүкіл әлемді «транзитализмнің» ішінәра ақаулы дәуірінен «акметализмнің» болашақ әлеміне іс жүзінде көшіруді бастамаса, онда тұрақты даму мен өркендеу туралы мәселе ондаған жылдарға кейінге қалуы мүмкін». Түбекейлі жаңару бағдарламасы – түбекейлі жаңару мәселесін шешудің алғашқы жаһандық кілті ретінде қараған Н. Назарбаев өзінің көзқарасын былайша түйіндеді: «Біз жаһандық әлемдік дағдарысқа бүкіл әлем болып кірдік және дағдарыстан шығудың осынау жаһандық кілтін бұрауды да біз бүкіл әлем болып қана істей аламыз». Яғни әлемдік валютаның жаңа жүйесі – әлемнің тұрақты дамуы мен бүкіл адамзаттың өркендеуінің жемісті бастауды бола алады [8].

Үкіметтің негізгі қызметі 2009 жылы жеке секторда шикізат емес тауарлар мен қызметтердің жаңа тұрлерін дамыту үшін ынталандыру жағдайларын туғызуға, экономика құрылымын әртараптандыру және шикізат емес салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жұмыс өндіріске және саудаға техникалық талаптарды жақсартуға, инфрақұрылымдарды, білім беруді, ғылымды, инновацияны, жаңа технологиялардың трансфертін және денсаулық сақтауды дамытуға бюджеттік қаржы бөлуді көтеруге бағытталды. Стратегияға сәйкес құрылған мемлекеттік институттар инновациялық жобаларды несиелеуге, сонымен қатар, құрылатын кәсіпорындардың жарғылық қорына ішінәра қатысуға жеткілікті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілді. Сындарлы жылдар өтінде ел экономикасы әлі де сын-тегеуріндер алдында тұрды.

2011 жылы ел экономикасының 7,5 пайызға өсті, ішкі жалпы өнім жан басына шаққанда 11 мың доллардан асты, бүрын сатылып кеткен активтердің маңызды бөлігі мемлекет меншігіне қайтарылды. Қазақстан жолының жаңа кезеңі – экономиканы нығайтудың, халықтың әл-аукатын арттырудың жаңа міндеттерін алға қойған 2012 жылғы Елбасы Жолдауы: «...Барлық акциялар пакеті Қазақстанда. Енді өзіміз барлығына ықпал жасайтын боламыз» деген мәлімдемесімен басталды [9].

Индустріалдық-инновациялық даму стратегиясы аясында Қазақстан экономикасының басымды, мықты секторларының

бәсекеге қабілеттіліктерін анықтау және олардың дамуы бойынша нұсқаулар жасау мақсатында кластерлік жобасының негізі салынды және Қазақстан Үкіметі консалтинг компания J.E-мен келісімге отырды. Қазақстан экономикасының мұнай өндіру мен шикізат саласына бағыныштылығынан айыру үшін және оның жоғары өндірістілігін төмендету үшін жеті пилоттық кластерлер анықталды. Олар: «Туризм», «Тамақ өнеркәсібі», «Мұнай-газ машина жасау», «Текстильді өнеркәсіп», «Транспорттық логистика», «Металлургия», «Құрылым материалдары». 2005 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстанның ішкі өнім есімі Орталық Азия мен Кавказдың жеті елінің арасында ІЖӨ өнімі жиынтығынан асып тұсті. Тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылында ІЖӨ Қазақстан тұрғындарының жан басына шаққанда 700 АҚШ долларынан 3 мың 600 доллар денгейіне көтерілген [10, 188].

2010-2012 жылдары 440-тан аса жалпы құны 12 миллиард долларды құрайтын 440 жаңа өндіріс орны іске қосылды. 2012 жылы жалпы құны 77 миллиард долларды құрайтын 700-ден аса индустріалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыру жоспарланды. Экономиканы инновациялық индустріализациялауда ресейлік әріптестер 5,5 миллиард доллар инвестиция көлемімен 26 жобамен үлес қосты. Ал 2012 жылғы 19 қыркүйектегі Қазақстан және Ресей Аймақаралық ынтымақтастықтың IX Форумының пленарлық сессиясында Елбасы форум қорытындысы бойынша, екі ел арасында біріккен жоба бойынша жалпы құны 2 миллиард долларды құрайтын тағы да 27 келісімшартпен толығатынын атап өтті [11].

Республиканың аймақтық даму мәселелерін шешуде Қазақстанда әлеуметтік-кәсіпкерлік (ӘКК) корпорация (АҚШ, Англия, Дания моделіне жақын алынған) моделі жұмыс жасайды. Қазақстанда мемлекет ӘКК-ның басшысын тікелей тағайындауды. Корпорация қызметін қаржыландыру, сонымен қатар Ұлттық қорды пайдалану мемлекеттік бюджет арқылы жүргізіледі. Қазақстандағы ӘКК қызметі акционерлік қоғам туралы Заңмен реттелетін, табыс табу мақсатында құрылған тұрақты бизнес-құрылым. 2007 жылы ӘКК ҚР Индустрія және сауда министрлігіне, кейін 2008 жылы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация ФНБ «Самұрық-Қазына» күзінде беріледі.

2010 жылдың 31 наурызындағы Қазақстан Республикасы «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар туралы» №266 Қаулысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар аймақтық әкімшіліктерге берілді. Отандық экономист-мамандардың сарапта-

уы бойынша ӘКК-ның тиімді қызметіне әсерін тигізетін, жасалуга тиісті басты шаралар:

- кейбір облыстар бойынша нормтивтік-заңнамалық қызметтерді жетілдіру, әсіресе ӘКК-ні жүзеге асыру бойынша, ұжымдық басқару, есеп беру, экологиялық және әлеуметтік қатынастардың қатал ережелері;

- ӘКК арқылы дамытудың бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру төтікерін өзгерту қажеттігін анықтау мақсатында қабылданған дамытудың салалық және аймақтық бағдарламасының тиімділігіне талдау жүргізу;

- институционалды органдың тиімділігіне мониторинг (басқа да аймақтық даму институттарына) ұйымдастыру;

- бизнес құрылым жобаларын жүзеге асыруды қарастыру мен шешім қабылдаудың айқын төтікерін анықтап алу қажет болды [12].

Ел экономикасының дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету аймақтық факторларға тікелей байланысты, инновациялық қайта күрulerғa келіп тіреледі. Басқарудың жана институтты экономикалық және әлеуметтік мәндегі мемлекеттік бағдарламаны тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылуы тиіс.

Қорытынды. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі елдің экономикалық даму тарихы, оның тікелей экономиканы реформалау нәтижелеріне байланыстылығымен өзекті. Қазақстанның экономикалық дамудың негізі – экономикалық өсімнің жоғарғы қарқынына, сыртқы экономикалық қатынасқа жол ашу, әлеуметтік тұрақтылыққа, кіші және орта бизнес дамуына құрылды.

Қазақстан экономикасы дамуының өсімі 2001-2008 жылдар аралығында жыл сайын 10%-ға жетіп отырды. Өнеркәсіп саласы кең құлаш жайып, шетелдік капиталдың қатысуымен трансүлттүк корпорацияларды қоса алғанда 7 мыннаң аса ірі кәсіпорындар жұмысқа қосылып, жыл сайын 20 млрд. долларға жуық өнім шығара бастады. Сонымен қоса кіші және шағын өніріс орындары да ел экономикасының дамуына үлес қосты. Ауыл шаруашылығында, әсіресе астық өндірүде және оны шетке шығару қолға алынып, төрт түлік майдың санын көбейту шаралары жасалды және жалғасын табуда. Көлік, байланыс, құрылым салаларының дамуы жолға қойылып, қаржы және банк жүйесінің даму сапасына ерекше мән берілді. Ресми сарапшылардың мәлімдеуі бойынша 2008 жылы ұлттық қорды қоса есептегендеге жинақталған қорлардың көлемі 40 млрд. долларды құраған, бұл елдегі қаржы жүйесін тұрақтандырып, экономиканы дамытуға әсерін берді.

Қазақстан экономикасының жедел дамуына үлкен әсер еткен оның қазба байлықтары. Минералдық ресурстар қорының мөлшері бойынша Қазақстан дүние жүзінде алтыншы орында. Бірақ оны тиімді өндіріп және Қазақстан халқының игілігіне пайдалана білу, әсіресе мұнай және газ саласын қatal бақылау қажеттігі де заңды, бұл мәселе осы салада шетелдіктердің үлесінің басымдылығына, яғни құйылатын инвестицияның 89%, өндірілетін өнімнің 91%, жер асты қорының 73% болуына байланысты. Сондыктan да 2006 жылы ел экономикасы дамуының осал тұсы және оны өзгерту мәселелері қамтылған «Қазақстанның 2007-2024 жылдарға арналған тұrlаулы (орнықты) даму Тұжырымдамасы» жасалынып, экономикалық көрсеткіштер сапасын тұракты және ұзак мерзімді даму қарқын қамтамасыз ету мақсаты қойылды. Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі Стратегиясы аясында мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау, әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау, қоғамдық сананы қайта өзгерту белгіленген болатын.

Мұндай алға қойылған мақсаттар 2008-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыс жылдары үлкен серпіліс берді, елдің қуаты арта түсті. 2010 жылдан бастап «Қазақстан-2030» Стратегиясы басымдылықтарымен дамудың жаңа кезеңі басталды. Мемлекет басшысы айқындаған, жаңын аралықтағы онжылдықтардың басты мақсаттары: бәсекеге қабілетті экономиканы құру, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімдерінің өсімін, экономиканың заманауи үлгісін қамтамасыз ету, әлеуметтік салаларды жетілдіру. ТМД елдері арасында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарық жүйесі жасалынды.

Қазақстанның экономиканы дамыту үлгісі – шетелдік инвестицияларды тартудағы мемлекеттің белсенді рөліне (2012 жылдың желтоқсан айының ортасындағы мәлімет бойынша елімізге 160 млрд. доллардан астам шетел инвестициясы тартылған) негізделген. Кәсіпкерлік қызмет үшін негізгі талаптар мен заманауи салық жүйесі қалыптасты. Ұлттық экономика жоспарлы түрде әртараптандырылууда. Мемлекет басшысы үдемелі индустріяландыру бағдарламасында екі бесжылдықта ел экономикасын шикізаттың әлемдік бағаларының ауытқуына тәуелсіз ету міндетін қойды. «Қазақстан-2030» Стратегиясын жүзеге асыру аясында Қазақстан 15 жыл ішінде әлемдегі ең серпіндідамушы елдер бестігінене енді. Әлемнің барлық елдері өз дамуын салыстыратын мойындалған рейтингтер бар. 2006 жылы Елбасы бастамасымен Қазақстан алдына әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру жөнінде жалпыұлттық

міндеттін қойды. Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингісі бойынша 2012 жылдың аяғында 51-орынды иеленді.

Ұлттық экономикамыздың дағдарысынан өтуі жаңа белестің жобаларына жол ашты. Ол Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдаудында айқындалған жаңа бағыттың экономикалық саясаты. Осындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тарихи аспектілері мен тәжірибелін арнайы қарастыру терең зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Егемен Қазақстан» газеті, 19 ақпан 2005 жыл.
2. http://www.kisi.kz_0702soc_econ_06.doc
3. Мұхамедов.М.Б., Сырымбетұлы Б. Тәуелсіздіктің он сегіз асусы: құлдыраудан өрлеуге дейін. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2009. – 398 б.
4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауы. – Астана, 28 ақпан 2007 жыл.
5. <http://www.0806zanyat.doc>
6. Назарбаев Н.А. Выступление на торжественном собрании, посвященном 15-летию независимости Республики Казахстан «Казахстанский путь: от стабильности – через модерацию – к процветанию». г. Астана, 15 декабря 2006 года // Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности. 2006 год. – Астана: Деловой мир Астана, 2010. – 356 (301).
7. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты бағыты» Жолдауы, – Астана, 6 ақпан 2008 жыл // «Егемен Қазақстан» газеті, 7 ақпан 2008 жыл.
8. Назарбаев Н.Ә. Дағдарыстан шығу кілті // «Российская газета», 2 ақпан 2009 жыл.
9. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы // «Егемен Қазақстан» газеті, 28 қаңтар 2012 жыл.
10. Аяган Б., Әбжанов Х., Махат Д. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Астана: Мемлекет тарихы институты, 2010. – 180-198 бб.
11. Выступление Президента Казахстана Н. Назарбаева на пленарной сессии IX Форума Межрегионального сотрудничества Казахстана и России. 19 сентября 2012 г.
12. Кошанов А.К., Панзабекова А.Ж., Завлишина А.А. Государственное предпринимательство и приоритеты его развития в посткризисный период // Модернизация и рост конкурентоспособности экономики Казахстана. Под. ред. О. Сабдена. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 58 бет.

Сирек кездесетін кітаптар мұражайы қорындағы қолжазбалар мен сирек кітаптар: зерттелу және аударылу мәселесі

Әбдіғали БЕКІШЕВ,
«Ғылым ордасы» РМК
Сирек кездесетін кітаптар мұражайының меншерушісі

С – тұлғаның бойында түрлі дағдылар мен құзіреттіліктерді қалыптастыратын белгілеу жүйесі болып табылады. Адамзат ауыз екі сөйлеу және жазба мәдениетін игере бастаған сэттен бастап айтылатын, жазылатын әрбір сөзге, дыбыс пен буынға белгілі бір мән-мағына тасушы қызметін жүктеді. Белгілі бір тәртіpte түзілген сөздер ақпарат алмасудың ең кішігірім өлшем бірлігіне айналған түсті. Адамзаттың тарихы бойы өткерген оқиға-сәттері, білім мен ғылымның археология, этнография, тарих, әлеумет, саясат, халық ауыз әдебиеті және жазба мәдениеті, сенім-наным мен тыйым-ырымдары сияқты салалардан жинақталған түрлі бағыттағы рухани құндылықтары алғашқы тарихи кезеңде тас, ағаш бетіне, кейінгі уақытта қолжазба ретінде қағаз, қамыс бетіне, ал өнеркәсіп пен шаруашылықтың даму алып, жетіле түскен заманынан бастап кітап бетіне басыла бастады.

Атадан балаға ауызша мұра ретінде қалып отырған халық ауыз әдебиеті қолжазбалар мен кітап бетіне фольклор жинақтаушы, әдебиеттанушы, тіл білімі қызметкерлері, тарихшы-этнографтар тарапынан түсіріліп халқымыздың көздің қарашығындай асыл мұрасы қатарына қосылды. Осы орайда, ата-бабаларымыздан қалған сөзді

Үрпақ жалғастығын бұзбай үрпақтарына тапсыру түпнұсқалық және аудармалық материалдардың көмегімен іске асырылды.

Адамзат тарихында әрбір ұлт, қоғам алмасу, ауысу, араласу нәтижесінде өмір ағымымен алға жылжиды, өседі, өркендейді. Яғни өзінде жокты өзгеден алады, білмейтінін үйренеді, білгенін басқаға үйретеді. Осылай мәдени алмасу үдерісінің тиянақты тірегі – аударма [1, 3].

Тақырыпқа тікелей көшпестен бұрын алдымен аударма жайын, оның зерттеу нысаны мен қолданылатын әдіс, тәсілдерді ашып кеткен дұрыс. Отандық ғалым Ж. Сәмитұлы «Аударма дегеніміз – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл, әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қымыл немесе бір ұлт тіліндегі сөзді екінші бір ұлттың тіліне көшіріп шығатын қарым-қатынас құралы болып табылады» және сол жерде «Тіл ғалымдардың деректерін негізге ала отырып, қазіргі танда дүниеде 2796 тіл бар деп есептейтін болсақ, аударма қызметінің қаншалықты маңызды екенін ешбір даудамайсыз-ақ мойындауымызға тұра келеді. Міне, дәл осы себептен де ғалымдар аударма жұмысын ұлken бір ғылыми процесс деп қарап келді» деп, атап көрсетеді [2, 3].

Ал аударма барысында аудармашы қатарынан бірқатар әдістер қолданылады. Олар:

1. Сөзбе сөз аударма: а) Транслитерациялау; ә) Транскрипция; б) Калькалау; в) Семантикалық неологизм.
2. Функционалды аударма: а) Эквивалент; ә) Функционалды аналог; б) Сипаттамалық аударма;
3. Лексикалық трансформация: а) Мәндердің дифференциациясы; ә) Мәннің нақтылануы; б) Мәннің жалпылануы; в) Контекстуалды аударма; г) Антонимді аударма; ғ) Толықтай өткізе аудару; д) Алмасыту (Компенсация).

Дегенмен, әрбір аударма мектебінің қолданатын өзіндік стилі ерекше. Аталған әдістер [3], [4], [5, 24] қайнар көздерде өз алдына бөлек сипатталып, толық қамтылған.

Аудармашының бойындағы тиянақтылық, өзінің және өзге мәдениетті білуі, жанжақтылығы, шетел мәдениетіне, оның рухани, мәдени, тарихи құндылықтарына немқұрайлы қарамау, ісіне адалдықпен күшін салу сияқты жеке қасиеттер мен көптеген жағдайлардағы ұстанымдарын қамтитын кәсіби біліктілігі аударманың сәтті болмаса сәтсіз боларына едөүір әсер етеді. Бұл айтылғандарды ескере келе аудармашылық кәсіптің, шеберлікін қандай болуы тиіс деген сұрақ ойға келеді.

Әдеби аударма маманы Қазыбек Г.К. бұл түсініктерге келесідей анықтама береді:

Аудармашылық шеберлік – шығармашылық шеберлікің құрделі де қызын бір қыры. Аудармашы, ең алдымен, әдеби жазу шеберлігін және әдебиет теориясын жақсы білу керек және филологиялық-лингвистикалық және көркем талдау ұстанымдарын дұрыс менгеруі шарт.

Автор сомдаған (аударған) образдар, кейіпкерлер мінездемелері қандай әдеби әдіс-тәсілдермен бейнеленгенін, сюжеттік желі мен композициялық құрылымдағы ерекшеліктер сырын анық танитын аудармашы ғана көркемдік дәлдікке, бірлікке, тілдес стильдік оралымдарға кол жеткізе алады.

Көркемдік суреттеу өрнектерін барынша дәл және айшықты етіп тәржімелеу – түпнұсқа стилінің қайта тууына апаратын басты жол [1, 4].

Қайтсе де, жоғарыда бірнеше рет атап көрсетілгендей, әрбір аударма мектебі өзіндік ерекшеліктерге тән әдістер мен тәсілдерді қолданады. Алайда бұл негізге аларлық бір анықтама болуга жараптық дәйек. Осылай қоса айта кетерлік, белгілі бір мәндерге өзара қатынас орнату мақсатында жасалған сапасыз және біліксіз маманың аудармасы, әдеби шығарманың, тіпті ұлттық әдебиеттің барынша жақсы тұстан қабылдалуына шек қойып, оған қатыстықисық пікірдің туындауы қауіпімен ерекшеленеді.

Бұл сөз отандық ғалым филол.ғ. д., профессор Н. Сагандыкованың іргелі еңбегінде де негізгі де маңызды ұстаным мәніне ие [6, 14].

Алынған түсініктерді жинақтап, саралай келе, солардың негізінде ой жинақтайдын болсақ, аударма мен аудармашыға қойылатын талаптар негізі мынадай шарттардан тұрады дегенді ҚазҰУ доценті Л.Ж. Мұсалы орынды түрде келесідей көрсетеді:

- 1) Өзі аударатын мәтіннің мазмұнын жете түсініп, түпнұсқа авторының ойын терең ұфына білуі қажет;
- 2) Аударатын да, аударылатын да тілді жетік менгеруге міндетті;
- 3) Сөздерді жолма-жол мағынасын беруден аулақ болуы керек, себебі кейбір жағдайда ондай сөздер форманы бұзып тұруы мүмкін;
- 4) Аударма кезінде жалпыхалыққа түсінікті сөздерді қолдану қажет;
- 5) Сөздердің баламаларын дұрыс тауып, өз орнында қолдана отырып, түпнұсқадағы мағынасын аша білуі керек;
- 6) Аударма түпнұсқаның толық мағынасы мен ойын, идеясын беруі қажет;

7) Аудармада түпнұсқаның стилі мен мәтінді жеткізу шеберлігі сол қалпында сақталуы қажет және т.б. шарттар [7, 54].

Осыдан бөлек, ғалым Н. Сагандыкова еңбегінде А. Лейтестің айтқанын атап және сол ойды жетілдіріп «жақсы аудармашы осы күзіреттіліктер мен дағдыларды игеріп білмесстен бұрын, бойында үш дарынды қамтуы тиіс, олар: ақындық дарын, прозаиктік дарын және аудармашы дарыны»... «шетел тіліндегі шығарманы тікелей айтса «демонтаждаған» аудармашы, оны өзінің ұлттық тілінің, өзінің «атрибутикасымен» қамтылған негізде түпнұсқадағы рөлінен ауытқусыз орнына қойып қайтадан қалпына келтіруі тиіс», – дейді [6, 24-25].

Нағыз сәтті аударма мен аудармашының белгісі де осылай ашылады. Ал енді осыдан туындастын тағы бір сұрақ – көркем аударма деген не және ол қалай сипатталады?

Бұл сұраққа жауап ретінде – көркем аударманың қазіргі заманғы әдеби үдерістің бөлінбес бөлшегі, түрлі (мәдени/ұлттық) әдебиеттердің өзара баууы мен өзара қатынаста болуының кепілі дегенді дәлелдеудің қажеті жоқ деп қысқаша анықтама берілген [6, 9].

Осылардан жауап алынбаған сұрақтарға әдеби компаративистика саласы және [8] еңбек жауап алуға өз септігін тигізе алады.

Озенбегінде ғалым Н. Сагандыкова «Қазақстан Республикасының егемендігін алуы кезеңінен бастап көркем әдеби шығармалардың аударылуы құрт төмендеді десе болады. Бұл егеменді елдің жаңа әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің пайда болуымен түсіндіріледі. Мәселелер қандай күрделі болса да, рухани мәдениет топтастырудың қажеті жок.», – деп атап көрсетсе, ендігі жолы Г.Ж. Болатова бұл жағдайлардың барлығын да тағы бір қамтып көймай, көркем әдеби шығармалардың жақындастыруышы рөлін баяндал береді [6, 193], [5, 8].

Негізіне келгенде, бұл әлеуметтік-саяси жағдайлардың барлығы елдегі көркем әдебиеттің аударылуы үдерісін тек уақытша тежеді және Қазақстанның қазіргі уақыттағы көпбағытты саясатының, қазақ тілінің Қазақстан халқын жақындастыруушы, топтастырушы рөлінің қайта қаралып, сол ырғақпен қалпына келтірілуімен көкейкесті мәселелер қатарына қайтып оралуда. Бұл, әрине, аударматаңу, тіл білімі саласындағы іргелі зерттеулер санын арттыру қажеттілігін айрықшалайды.

Жалпы қазақ аударматаңу мектебінің қалыптасуы өте күрделі де ұзак даму жолын өткөргөн болатын. Шетелдегі қандасымыз F. Османның айтуы бойынша «Аударма елімізде сонау Шығыс Хан

хандығынан басталып, қазірге дейін он сегіз-он тоғыз ғасырдың бастан кешіріп отыр. Аударманың

I ғасырдан IX ғасырга дейінгі дәуірі буддизм кітаптарын аудару дәуірі болады», – деп көрсетілген [9, 1].

Қайткенмен, еңбек еткен ғасырдың 1979 жылы және КХР-да басылғанын, Хан патшалығы Fұн ұғымын білдіріп, осы ғұн тайпаларының түркі этносын құраудағы рөлінің болғанын ескере кетсек те қазақ аударматаңуның тарихы ресми деректерге қарағанда Ресей империясының қазақтарды отарлау кезеңіндегі тілмаштардың аударған хан, елші хаттарынан бастау алады.

Н. Сагандыкова осы мәселеге толығырақ тоқтала кете, бұл үдерісті іске асыруда «Дала уәллятты газеті» мен «Түркістан уәллятты газетінің» айтарлықтай рөлінің болғанымен сипаттайды [6, 4-5].

Осылан қоса кетері, аталған газеттерге қосымша ретінде Ы.Гаспринскийдің түркішілік сипаттағы «Тәржіман» газеті аудармашылардың кәсіби деңгейін арттырып, қазақ даласынан алғашқы аудармашылардың қалыптасуына орасан зор үлесін тигізді. Ал хан хаттарын сипаттайтын деректердің мұражай қызметкерлері тарапынан ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында талдауы, тарихши Фетисов М. мен ҚазССР Ғылым академиясы ұжымымен жарияланған «XIX ғ. орыс-қазақ қарым-қатынастары» еңбегінің шынайылығын тағы бір рет дәлелдей берді.

Озінің негізгі міндеті Қазақстанның жазба мәдениет тарихы мұраларын жинақтау, сақтау, зерттеумен айналысады «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар мұражайының тағы бір ғылыми-зерттеу саласы баспағерлік, аудармалық және ғылыми-зерттеу жобалары бойынша жұмыс. Осы күні Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясы, Фалымдар үйі, Орталық Ғылыми Кітапхананың (осы күні «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы) бірігүі жолымен құрылып, Қазақстан ғылыми орталығының мұрагеріне айналған және аса сирек деген 500 астам қолжазба мен сирек кітаптарды корына жинақтаған «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар мұражайы сирек басылымдардың қайта аударылып, қайта жарық көрүінде өз үлесін қосуда.

Мұражай қорындағы аударылуды қажет ететін сирек басылымдарды саласы бойынша топтастыратын болсақ:

1. **Колжазбалар:** Ауыз екі тілдің ғрамматикалық амалдары. XIX ғ.; Saif Сараи. Баян Гулістан. XIX ғ.; Кәнз аши-Шариф тәңсір кітабы. XIX ғ.; Магдәм ал-ғілм. XIX ғ.; «Мұхтасар» дін негіздері туралы кітап. XIX ғ.; Мәсләк ал-Мұттаққин. XIX ғ.; Науаи Әлішер.

7) Аудармада тұпнұсқаның стилі мен мәтінді жеткізу шеберлігі сол қалпында сақталуы қажет және т.б. шарттар [7, 54].

Осыдан бөлек, ғалым Н. Сагандыкова еңбегінде А. Лейтестін айтқанын атап және сол ойды жетілдіріп «жақсы аудармашы осы күзіреттіліктер мен дағдыларды игеріп білместен бұрын, бойында үш дарынды қамтуы тиіс, олар: ақындық дарын, прозаиктік дарын және аудармашы дарыны»... «шетел тіліндегі шығарманы тікелей айтса «демонтаждаған» аудармашы, оны өзінің ұлттық тілінің, өзінің «атрибутикасымен» қамтылған негізде тұпнұсқадағы рөлінен ауытқусыз орнына қойып қайтадан қалпына келтіруі тиіс», – дейді [6, 24-25].

Нағыз сәтті аударма мен аудармашының белгісі де осылай ашылады. Ал енді осыдан туындағын тағы бір сұрақ – көркем аударма деген не және ол қалай сипатталады?

Бұл сұраққа жауап ретінде – көркем аударманың қазіргі заманғы әдеби үдерістің бөлінбес бөлшегі, түрлі (мәдени/ұлттық) әдебиеттердің өзара баууы мен өзара қатынаста болуының кепілі дегенді дәлелдеудің қажеті жоқ деп қысқаша анықтама берілген [6, 9].

Осылардан жауап алынбаған сұрақтарға әдеби компаративистика саласы және [8] еңбек жауап алуға өз септігін тигізе алады.

Өз еңбегінде ғалым Н. Сагандыкова «Қазақстан Республикасының егемендігін алуы кезеңін бастап көркем әдеби шығармалардың аударылуы күрт төмөнделі десе болады. Бұл егеменді елдің жаңа әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің пайда болуымен түсіндіріледі. Мәселелер қандай курделі болса да, рухани мәдениет туралы ұмытудың қажеті жоқ.», – деп атап көрсетсе, ендігі жолы Г.Ж. Болатова бұл жағдайлардың барлығын да тағы бір қамтып қоймай, көркем әдеби шығармалардың жақындастыруышы рөлін баяндаң береді [6, 193], [5, 8].

Негізіне келгендеге, бұл әлеуметтік-саяси жағдайлардың барлығы елдегі көркем әдебиеттің аударылуы үдерісін тек уақытша тежеді және Қазақстанның қазіргі уақыттағы көпбағытты саясатының, қазақ тілінің Қазақстан халқын жақындастыруышы, топтастыруышы рөлінің қайта қаралып, сол ырғақпен қалпына келтірілуімен көкейкесті мәселелер қатарына қайтып оралуда. Бұл, әрине, аударматану, тіл білімі саласындағы іргелі зерттеулер санын арттыру қажеттілігін айрықшалайды.

Жалпы қазақ аударматану мектебінің қалыптасуы өте курделі де ұзак даму жолын өткөрген болатын. Шетелдегі қандасымыз F. Османның айтуы бойынша «Аударма елімізде сонау Шығыс Хан

хандығынан басталып, қазірге дейін он сегіз-он тоғыз ғасырдың бастан кешіріп отыр. Аударманың

I ғасырдан IX ғасырға дейінгі дәуірі буддизм кітаптарын аудару дәуірі болады», – деп көрсетілген [9, 1].

Қайткенмен, еңбек еткен ғасырдың 1979 жылы және ҚХР-да басылғанын, Хан патшалығы Fұн ұғымын білдіріп, осы ғұн тайпаларының түркі этносын құраудағы рөлінің болғанын ескере кетсек те қазақ аударматануының тарихы ресми деректерге қарағанда Ресей империясының қазактарды отарлау кезеңіндегі тілмаштардың аударған хан, елші хаттарынан бастау алады.

Н. Сагандыкова осы мәселеге толығырақ тоқтала кете, бұл үдерісті іске асыруда «Дала уәллятты газеті» мен «Түркістан уәллятты газетінің» айтарлықтай рөлінің болғанымен сипаттайды [6, 4-5].

Осыған қоса кетері, аталған газеттерге қосымша ретінде Ы.Гаспринскийдің түркішілік сипаттағы «Тәржіман» газеті аудармашылардың кәсіби деңгейін арттырып, қазақ даласынан алғашқы аудармашылардың қалыптасуына орасан зор үлесін тигізді. Ал хан хаттарын сипаттайтын деректердің мұражай қызметкерлері тарапынан ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында талдауы, тарихши Фетисов М. мен ҚазССР Ғылым академиясы ұжымымен жарияланған «XIX ғ. орыс-қазақ қарым-қатынастары» еңбегінің шынайылығын тағы бір рет дәлелдей берді.

Өзінің негізгі міндеті Қазақстанның жазба мәдениет тарихы мұраларын жинақтау, сақтау, зерттеумен айналысады «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар мұражайының тағы бір ғылыми-зерттеу саласы баспагерлік, аудармалық және ғылыми-зерттеу жобалары бойынша жұмыс. Осы күні Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясы, Ғалымдар үйі, Орталық Ғылыми Кітапхананың (осы күні «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы) бірігуі жолымен құрылып, Қазақстан ғылыми орталығының мұрагеріне айналған және аса сирек деген 500 астам қолжазба мен сирек кітаптарды корына жинақтаған «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар мұражайы сирек басылымдардың қайта аударылып, қайта жарық көруінде өз үлесін қосуда.

Мұражай қорындағы аударылуды қажет ететін сирек басылымдарды саласы бойынша топтастыратын болсақ:

1. Колжазбалар: Ауыз еki тілдің грамматикалық амалдары. XIX ғ.; Саиф Сараған. Баян Гулістан. XIX ғ.; Кәнз аш-Шариф тәңсір кітабы. XIX ғ.; Магдәм әл-ғилм. XIX ғ.; «Мұхтасар» дін негіздері туралы кітап. XIX ғ.; Мәсләк әл-Мұттақұн. XIX ғ.; Науай Әлішер.

Ілкі Диуан. Қолжазба факсимилиесі. (Ташкент, 1968); Молда Ақын баба. Қожса Ҳафиз (1325-1390) диуандары. XIX ғ.; Шәмси әд-Дин Ширази Диуандары. XIX ғ.; А. Қайнарбаев. Төрелер шежіресі. XX ғ.; А. Қайнарбаев. Қожалар шежіресі. XX ғ.; Шады төре ибн Жиһангер. Қожса Ахмет Яссави хикметтері мен ақын әрі ойшыл Бабрахим Машрабтың диуандары. XIX ғ.; «Жүсіп-Зылиха» лирикалық жырының қолжазбасы. XIX ғ.; Құлжықов Өмірқұл. Әмір Темір туралы. 1952 ж.; Байұлы Масқар Ұәли деген галымның философиялық-теологиялық трактаттары. XX ғ.; Қазақ шежіресі. XIX ғ.; Шығыс тілінен бірнеше шыгармалар аударған халық ақыны Айманқұлдің Нартай ақынга жазған хаты. XX ғ.; Сырлодасқан үшінәйелдің әңгімесі. Өлең жолмен жазылған хикаялар жинағы. XX ғ.; Қуаныш қоясаның өлеңдері. XX ғ.; Қолжазба: Сәлиқожса мен қыпшақ Гайнижамал қыздың айтисы. XX ғ.; Қолжазба: Айыш қызы мен Төлеу ақынның жұмбақ айтисы. XX ғ.; «Сүмұрын жаппас» есімімен танымал Ораз ақынның найман Бақжазага өлең сөзбен жазған шағын хаты. XX ғ.; С.Ы. Бегалиннің 1946 жылғы жеке қолжазба дәптері; Афақ Қожса манақибы. Қоғам түркі тілінде жазылған қолжазба факсимилиесі. XX ғ.; Зия әл-Кулуб. Жүрек нұры. Қолжазба көшірмесі. XVI ғ.; Түркі ақындарының шыгармалары; XIX ғ.

2. Шығыс ақын-жазушыларының еңбектері: Меграж нәме. XIX ғ.; Алты бармақ кітабы. (Қазан, 1899); Арабша жазба түрлөрі кітабы. (Бейрут, 1885); Арабша-татарша мукаммал сөздік. (Қазан, 1912); Тарихе қауме түркі. (Уфа, 1909); Мұса Жәліл. Гүлістан. (Петроград, 1915); Сағди F. Татар әдебиеті мен тілдер тарихы. (Қазан, 1925); Тоқай F. Шайырлар. (Қазан, 1909); Бақырган кітабы. (Қазан, 1901); Әбілгазы Баҳадүр хан. Тарихи шежіре түрк. (Қазан, 1891); Ақылбек Сабал. Ғибрат нәме. (Қазан, 1911); Бурнаш Ф. Адашқан қызы. (Мәскеу, 1928); Тарих қаум түркі. I бөлім. (Қазан, 1900); Хикмат ал-айм. Ғылым көзінің негізі. Наджми ад-дин Алиб Умарал-катиби. (XIX ғ.); Тибби Юсуфи. Жүсіп медицинасы. Юсуф ибн Мухаммад ибн Юсуфи Ат-Табиб. (XIX ғ.); Минхадж әл-абидин. Тақуалар жолы. Иман Ғазали. (Қазан, 1287 ғ.ж.); Иршад ал-алзин шарх сабат ал-аджизин. (Қазан, 1902); Раудат аши-Шұхада. Шейіттер бағы. Ҳусайн Ваиз Кошири. Т. Ізтілеуовтың аудармасы. (XIX ғ.); Маснауи уә магнауи Маулауи. Жасырын магына туралы жыр. Жәлел әд-Дин Руми. (XIX ғ.); Зарқұм. (Ташкент, 1899); Ғылм Табақат ал-ард. Жер қабаттары туралы ғылым. (Ыстамбул, 1269); Тарихи Рақим. Мұхаммед Ұафа.

(XIX ғ.); Тарихи Қиғчақи. Ҳоджамкули Балхи. (XIX ғ.); Әлішер Науай. Ҳамсе. (Ташкент, 1889).

3. Қазақтың алғашқы баспа кітаптары: Алтынсарин Ы. Мәктубат. (Санкт-Петербург, 1896); Жихангер ұлы Шәді төре. Хейбір құссасы. (Қазан, 1910); Құсса Сал-сал. (Қазан, 1917); Құсса Жұм-жұма. (Қазан, 1917); Хикайе Қөрүегұлы сұлтан. (Қазан, 1915); Байтұрсынұлы A. Ер Сайын. (Мәскеу, 1923); Мәлике кітабы. (Қазан, 1868); Үшінәйелдің 30 жылдық құссасы. (Қазан, 1901); Құсса Жүсіп Зылиха. (Қазан, 1918); Құсса Сейфулмәлик. (Қазан, 1894); Құсса Қанағман. (Қазан, 1892).

4. 1917 ж. Қазан төңкерісіне дейінгі сирек кітаптар: Азиатская Россия Т.1-3. (Санкт-Петербург, 1914); Живописная Россия. Отечество наше. Т.1, 4. (Санкт-Петербург, 1879-1900); W. Radlov. Proben der Volksliteratur der türkischen Stämme. Theil I-VII. (St-Petersburg, 1837-1918); Веселовский Н.И. История Востока. Қолжазба факсимилиесі. (Санкт-Петербург, 1903-1904); Харузин А. Киргизы Букеевской орды. Вып.1-2. (Москва, 1889-1891); Бартольд В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч.1. (Санкт-Петербург, 1898); В. Радлов и П. Мелиоранский. Сборник трудов Орхонской экспедиции. Древне-туркские памятники в Кошо-Цайдам. (Санкт-Петербург, 1897); Елец Ю. Император Менелик и война его с Италией. (Санкт-Петербург, 1898); Рагозин З. История Индии. (Санкт-Петербург, 1905); Рагозин З. История Мидии. (Санкт-Петербург, 1903); Рагозин З. История Халдеи. (Санкт-Петербург, 1902); Учебные записки императорского Казанского университета по историко-филологическому факультету. (Казан, 1886); А.В. Васильев. Исторический очерк русского образования, в Тургайской области и современное его состояние. (Оренбург, 1896); Сибирь. Природа. Люди. Жизнь. (Москва, 1902); Путеводитель по Великой Сибирской железной дороге 1901-1902. (Москва, 1902); Купреянова Е.А. Поэма Зейнеб (из мусульманской жизни). (Симферополь, 1913); Н.А. Рубакин. Среди книг. Том 2-3. (Москва, 1913-1915); Каталог Русского музея императора Александра III. (Санкт-Петербург, 1899); Псалтырь. (XIX ғ.).

5. Қазақ ақын-жазушыларының кеңес дәүірінің алғашқы кезеңінде жарық көрген еңбектері: М. Әуезов. Абай жолы. (Қызылорда, 1923); Майлин Б. Құллаш. (Қызылорда, 1926); Төрекұлұлы Н.

Ұлт мәселесі мен мектеп. (Мәскеу, 1926); Баржасыұлы А. Мың бір мақал. (Мәскеу, 1923); Досмұхамедов Х. Жануарлар. 2 Бөлім. (Ташкент, 1922); Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі. (Ташкент, 1923); Иванов Г. Бастауыш жағдияция 2-ші бөлім. Азия, Африка, Америка, Австралия. (Мәскеу, 1928); Бірінші бастауыш бірлескен іс мектептерінің 1,2,3,4-ші класстар ушин жаңа программа. (Мәскеу, 1924); Қазақстанның бекестер съезі мен 1-ші сессия. (Қызылорда, 1927); 1927-жыл Кеңестер мен кеңес комитетінің сайлауы қалай өтті. (Қызылорда, 1927); Қазақстанның 5 жылдығына (1920-1925) кітап. (Қызылорда, 1925); Ақы заңы (Азаматтық кодекс). (Қызылорда, 1926); Қазақ әдебиеті. (Қызылорда, 1927).

6. КСРО ғалымдары мен жазушыларының Екінші Дүниежүзілік соғыска дейін жарияланған еңбектері: Затаевич А. 1000 песен Киргизского народа. (Оренбург, 1925); Зеленин Д. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии. (Ленинград, 1929); Тизенгаузен В. Сборник материалов относящихся к истории Золотой орды. (Москва-Ленинград, 1941); Яговкин И.С. Успенское медное месторождение. Ақмолинск губ. в Каз АССР. (Ленинград, 1928); Диваев А.А. Казакские пословицы. (Ташкент, 1927); Брайнин С., Тимофеев Н. А. Иманов вождь восст. 1916 г. в Казахстане. (Алма-Ата, 1939); Казахстан. Книга составлена Андронниковым, Павловым, Асфендияровым, Барановым. (Москва, 1936); Мельников Г.Н., Октябрь в Казахстане. Очерки и рассказы участников гражданской войны. (Алма-Ата, 1930); Академия наук СССР республикам Средней Азии 1924-1934. (Москва-Ленинград, 1934); Вся Средняя Азия. Справочная книга. (Ташкент, 1926); Страны Востока. Экономический справочник. (Москва, 1929).

7. Қазақ ақын-жазушыларының жаңа латын әліпбіндегі шығармалары, шетел классиктерінен аудармалары: Қазақ совет фольклоры. Жинақ I. (Алма-Ата, 1935); Қазақстан. Қоркем очерктер жинағы. (Алма-Ата, 1940); Қазақтың мақалдары мен мәттелдері. (Алма-Ата, 1935); Батырлар жыры. Т.1. (Алма-Ата, 1939); 1916 жыл. 1916 жылғы көтеріліс туралы өлең, поэма және әңгімелер жинағы. (Алма-Ата, 1940); Тарту. Бірінші бөлім. Өлеңдер, поэмалар. Құрастыргандар: А. Тоқмаганбетов, Ә. Әбішев, Д. Әбілев. (Алма-Ата, 1940); Турксіб. Туркістан-Сібір темір жолының 10 жылдығына арналған жинақ. (Алма-Ата, 1940); Алдар көсе. (Алма-Ата, 1936); Жұмбақтар. Құрастырган: С. Аманжолов. (Алма-Ата,

1940); Есеп құралы. (Алма-Ата, 1932); ҚазақССР Конституциясы (Негізгі заңы). (Алма-Ата, 1937); Шәріпұлы С. Непті. (Қызылорда, 1931); Жәңгр. Қалмақ халқының эпосы. (Алма-Ата, 1940); Гоголь Н.В. Өлі жандар. Бөлім I. (Қызылорда, 1932); Достоевский Ф.М. Бейшаралар. (Алма-Ата, 1935).

8. Шетелде жарық көрген сирек басылымдар: М. Шокай. 1917 ж. туралы естеліктерінен паршалар. (Анкара, 1988).

9. Мерзімдік басылымдар: «Оқу істері» журналы. (Қырым, 1926); «Жаңа қышлақ» журналы. Ташкент, 1923; «Милли әдәбиат» №2, №3, №5; «Милли Түркістан» Түркістан ұлттық тәуелсіздігі ушин күресушілердің журналы. Бас редакторы – Уәли Қайым хан. Дюссельдорф, 1963.- 10(21) қараша-желтоқсан, 1972.- 19(30) дәкабрь.

Осы тоғыз бағытта жіктелген қолжазбалар мен сирек басылымдар Қазақстан мен Орта Азия, Еуразия кеңестігін мекендерінде халықтардың тұрмыс-тіршілігі, этнографиясы, салт-дәстүрі, діні, әдет-ғұрыптары, тілі мен әдебиеті, фольклор мен ауыз әдебиеті, тарихы, шежіресі мен тарапу тарихы, мәдениеті мен өнері салаларынан әлі күнге дейін зерттелмеген тың материалдарға аса бай. Олардың көпшілігі көне түркі, оғыз-қыпшак, араб, парсы, шағатай, монгол, өзбек, қырғыз, османлы, түрік, татар, қырымтатар, башқұрт, қазақ, шіркеу славян, патшалық орыс, неміс тілдерінде.

Кітаптардың кейбірі әдебиеттер тізімінде көлтірлген еңбектердің негізіне алынған. Солардың ішінде қазақ киссалары, М. Әуезов, Абайдың еңбектері. Тілден тілге аудару мәселе мен шетел тілінен жоласты аудармалар ыңғайына қарай алдымен шетел тілінен жоласты аудармасы арқылы қазақ, одан кейін орыс немесе керісінше орысшадан казакшаға дайындалуда.

Заманның өзгеруіне байланысты кейбір терминдер қолданыстан шығып, историзмдер, архаизмдер қатарын толықтырып, ғылыми айналымға жаңа неологизмдер, сөз тіркестері, фразеологиялық түсініктер енгізілуде. Дегенмен, заман өзгере адамның санасы да баяндалған оқиғалардың жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырылуын қажет етеді. Егер де аударма алғашында қос тілді жетік менгермеген, қалам ақысы мұддесін ғана ойлаган жартылай сауатты мамандардың тараپынан аударылса, ендігәрі бұл мәтіндер

оқытылып жатқан аймақ, ел бойынша жас буын кәсіби мамандардың еңбектерін күтүде. Себебі, Н. Сагандыкова атап өткендей аударма аудармашыдан тек қана калькалау әдісін қолдануды қажетсіндейді, аудармашы маман аударманың бар мәнін жаңымен, тән-түйсігімен түсініп, өзінің ана тіліне әлдеқайда жақын лексикалық бірліктерді қолдана отырып тәржімалаған абзал.

Аударма әдістеріне келер болсақ, араб графикасы мен латын графикасында жарық көрген басылымдар көркем әдеби аудармаларына мұқтаждық етпейді. Жетпіс жыл бойы темір бұғау күрсауында жатқан арнайы қордың сирек басылымдары қазақ оқырманына, ізденісте журген ғалымдар мен көшілік қауымға транслитерациялық және репринттік басылымдар арқылы әлі де болса түсінкіт болар. Әрине, бұл ғасырлар бойы жоғалып кеткен үрпақ жалғастығы, әліпбилердің түрлілігі (араб-парсы, қадим жазуы, жәдид жазуы немесе Ахмет Байтұрсынұлының төте жазу емлесі, 1929-1940 жж. Жаңаеліп жазуы, 1940-1950 жж. алғашқы кирилл жазуы) мәселелерін шешуде кітапхана, мұражай, мұрағат, әдебиетші, тарихшы, аудармашы мамандардың бірлескен қызыметін талап етеді.

Көрсетілген бірқатар басылымдар отандық библиограф және кітап тарихын зерттеуші мамандар Ү.Х. Субханбердин, Ә.М. Жиреншин, Н. Сабитов, С. Рахимжанова, Л.Д. Абуова, Н.М.Аскарбекова, Т.А. Замзаева [10], [11], және т.с.с. іргелі зерттеу еңбектері мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұжымының басылымдарында [12], 24.04.2013 ж. «Сирек кітаптар мен қолжазбалардың ғылымдағы орны мен маңызы» атты дәңгелек үстел материалдарында [13] әлдеқайда толық және жан-жақты қарастырылған. Бұгінгі таңда, сирек кітаптар мен қолжазбаларды аудару мәселесі аса кең, іргелі зерттеулерді қажет етуде, әрі өз зерттеушілерін зарығып күтүде.

Сондықтан көптеген жылдар бойы үнсіз жатқан өте құнды еңбектерді орыс тіліне және басқа тілдерге аударып, халықтарға жеткізу, біздің егемендік алған ұлттымыздың ерекше міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазыбек Г.Қ. Әдеби аударма көркі: оку құралы. – Алматы: Қазақ университетті, 2010. – 60 бет.
2. Сәмітұлы Ж. Аударма теориясы және практикасы: Оку құралы. – Алматы: Қазақ университетті, 2005. – 272 бет.

3. Мемлекеттік тілді дамыту институты ғаламдық торабы – <http://www.mtdi.kz/audarmashyga-komek/makalalar/1485-audarmanypurtleri>
4. LingoPlus Аударма бюросының ресми уеб-сайты – <http://www.lingvo-plus.ru/sposoby-perevoda/>
5. Болатова Г.Ж. Теория и практика перевода «Слов назиданий» Абая на русский язык: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университетті, 2008. – 108 стр.
6. Сагандыкова Н. Основы художественного перевода. Учебное пособие. – Алматы, «Санат», 1996. – 208 стр.
7. Мұсалы Л.Ж. Аударманы оқыту әдістемесінің кейір мәселелері. «Аударма теориясы мен тәжірибелесінің және салыстырмалы әдебиеттандырылған өзекті мәселелері» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Редакторы: Мұсалы Л.Ж. – Алматы: Қазақ университетті, 2007. – 200 бет.
8. Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем аударма: оку құралы. – Алматы: Қазақ университетті, 2011. – 182 бет.
9. Ғылайден Осман. Аударма. Негізгі білімдері. – Үрімжі: Шыңқан халық баспасы, 1979. – 324 бет.
10. Араб графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы (1841-1932) / Құраст.: Н.М. Асқарбекова, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Казахстанника» баспа үйі, 2006. – 176 бет.
11. Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы (1928-1941). 1-бөлім. Құраст.: Н.М. Асқарбекова, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Казахстанника» баспа үйі, 2007. – 192 бет.
12. Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көркем шығармалардың текстологиясы. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының баспасы, 2012. – 184 бет.
13. «Сирек кітаптар мен қолжазбалардың ғылымдағы орны мен маңызы» атты Ғылым күніне арналған дәңгелек үстел материалдары / жауапты редактор: Қ.Қаймақбаева. – Алматы: «Ғылым ордасы», 2013. – 260 бет.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру философиясы

Берік АТАШ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы,
философия ғылымдарының докторы,
Нұрсөүле МАХАНОВА,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3I эксперти

Бүгінгі тандағы әлемдік өркениет көшіне ілесуді және оның алдыңғы шебінде болуды мақсат еткен еліміздің стратегиясы дамудың барлық алғышарттарын да назардан тыс қалдырмаған. Экономикалық өрлеу қашандан әлемдік аренадағы саяси-әлеуметтік қатынастардың ынғайластырылған кеңістігін қалайды. Сондықтан Қазак Елі де осындағы дүниежүзілік ынтымақтастық кеңістігінен тыс бола алмақ емес. Олай болса, экономикалық байланыстарды өрістету мен әлеуетін одан әрі арттырумен келіп сабактасады. Бірақ жастардың тек қана бірді-екілі өкілдерін ғылыми шығармашылық тартуғана емес, мүмкіндік келгенше, неғұрлым кең арнада құлаш жаюныса алынып отыр. Осындағы үстаным «интеллектуалды ұлт» нысаныңдағы айналып отыр. Яғни, қоғам дамуындағы «адам қалыптастыру саясатын туындаатты. Яғни, қоғам дамуындағы «адам капиталы», «адам ресурсы» деген сияқты түсініктердің жаңаған формасы «интеллектуалды ресурс» дегенге келіп саяды. Себебі, қоғам дамуына, алдымен, адам аса қажет болғандықтан, онсыз ілгерілеу мен даму да болмайтындықтан, адам құнды капитал ретінде бағаланады. Ол болашақта ілгері жылжу үшін салынатын

қомақты қаражат іспетті деген сөз. Бірақ бұндай адамды капитал немесе ресурс ретінде бағалайтын әлеуметтанулық көзқарастарды артқа тастаның кезең де келіп жетті. Ендеше, алдымен, ресурстың көптігі емес, оны сапалылығына баса маңыз беру керек екендігі туралы түсінік туындаиды. Қазақ халқы мұндай кемшін ахуалды: «саны бар да, сапасы жоқ» деп сынайды. Сондықтан, бірінші кезекте, адам ресурсын дайындалап, одан сапалы қорды таңдал алу қажет. Сапалы адам ресурсының басты екі қағидасты бар десек те болады: бірінші – денсаулығы мықты тұлғалар, екінші – рухани интеллектуалдық тұрғыдан жетілген субъектілер. Осыдан бірнеше жыл бұрын Елбасы адам денсаулығына баса назар аударып, еліміздегі медицинаны дамытуды, салауатты өмір салтын насиҳаттауды, баршаның спортпен шұғылдануына жағдай жасауды және оған құлшындыруды назарға алған болатын.

Ендеше, рухани дамудың басты нысаны ретінде қолға алынуы да кезекті қисынды құбылыс. Бірақ тек қана білімділік шығармашылық деңгейді арттырмайтындығы түсінікті. Дегенмен, білімділік сауаттылық ретінде осы шығармашылықтың алғышартты болып табылады, білім болмаса, интеллектуалды ұлт туралы сөз қозғаудың өзі артық екендігі белгілі жайт. Біз халықты жаппай сауаттандыру мен надандықты жоуды XX ғасырдың басында-ақ қолға алып, ортасына таман бұл саясат өзінің онды нәтиежесін берді, ал аяғына таман өзінің межесіне келіп жетті. Ендеше, ағартушылық мәселесі бүгінгі таңда өздігінен-ақ шешімін тапқан ахуал ретінде өзекті емес. Қазір жастар түгелге жуық сауатты, көбісі жоғары білім алған. Демек, бүгінгі тандағы интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін негіз қаланған десе де болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтың ағартуши зиялышарының үстанымы – білімді (сауатты) ұлт қалыптастыру болса, XXI ғасырдың басында, сол білімді ұрпақ негізінде, орындалған армандар бойынша интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясаты жолға қойылып келеді. Ендеше, XX ғасырдың басында «білімділік» қандай деңгейде өзекті болса, XXI ғасырдың басында «интеллектуалдық» те сондай дәрежеде өзекті болып отыр. Ол кездегі ұлт зиялышарының білімділікке аландашылығы мен бүгінгі ұлт зиялышарының интеллектуалдылыққа баса көніл бөлуі тарихтың жаңа сападағы қайталанған үлгісі десе де болады.

Себебі, ол кездегі заман халықтар мен мемлекеттердің тек білімді ұлтпен қанағаттануына болатында жағдайда болған болса, бүгінгі сұраныс, бұндай қанағаттануды артқа тастанады, сол

білімге негізделген интеллектуалдылықты талап етіп отыр. Бұл екі ұстанымның аралығын тұра жүз жылдай уақыт бөліп жатыр. Қазақ халқында «елу жылда ел жаңа» деген орныкты мақал бар. Ендеше, екі аралық екі елу жылмен байланысады. Елу жылдың жаңалығынан да жаңаған заманды талап етеді. Олай болса, «Елу жылда ел жаңа, жуз жылда тым жаңа» деп тұжырымдай отырып, бүгінгі бізге жүктеліп отырған жауапкершіліктер мен міндеттердің зор екендігін сезінуімізге болады.

Осы тұста интеллектуалдық пен білімділіктің ара жігін, бір бірінен қалай туындастырылғын ашып алуымыз қажет. Білім бірінен қалай туындастырылғын ашып алуымыз қажет. Білім академиялық болсын, шығыстық немесе ұлттық болсын, қандай-ма бір белгіленген ғылым салаларын стандарттар бойынша толықтай игеру дегенге келіп саяды. Ал интеллектуалдық деген ұғым жалпы психологияда – ақылдың ұшқырлығы, сыншылдығы, тапқырлығы деген сияқты үдерістер арқылы жетілетін және тестілер бойынша өлшенетін адам санасының жоғары дамыған көрінісінің нәтижесі ретінде белгіленген.

Бірақ еліміз ұстанған интеллектуалды ұлт қалыптастыру осы түсінікке барынша сәйкес келгенмен, батыстағы өлшенетін таза өткізу көрсетілген. Ендеше, бізге қажетті «интеллектуалдық» - білімді негізге ала отырып, шығармашылық ойлауды талап ететін, ақылдың тапқырлығын басшылықта алатын ілгерішіл және жігерлі, он нәтижелі психологиялық үдеріс болып табылады. Қазіргі психологияда, осы үдеріске тікелей байланысты немесе оған тұра сәйкес болып келетін мынадай құбылыстар бар: өнімді ойлау (продуктивті ойлау), креативті ойлау (жаратушы ой), шығармашылық ойлау (творчестволық қабілет), сынни ойлау (критикалық ой), интуитивті ойлау т.б.

Өнімді ойлау – бұрын болмаған идеяны, жаңа пікірді тудырушы, ешкім айтпаған жаңа ой айту дегенді білдірсе, креативті ой да осында мағынаға келіп жуықтайды. Бұған Эл-Фарабидің «білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені аша білу қабілетіне ие болу деген сөз» деген даналық сөзі тұра сәйкес келеді.

Бұл жердегі креативтілік – ойды жарату, тудыру, өндіру деген түсінікке келіп саяды. Демек, бұлар ой өндірісі дегенді білдіреді. Ал шығармашылық ойлау да осында мағынаға жақын, бірақ бұлардан айырмашылығы ол көбінесе өнер иелеріне байланысты айтылады. Өнер мен ғылым қашанда жаңашылдықты қажет етеді, егер өнер туындысы біреуді қайталайтын болса немесе оның үлгісін көшіріп мүлде төлтума, алатын болса, онда ол өнер емес. Ал негұрлым тың, мүлде төлтума,

ешқашан қайталануы да мүмкін емес туындалыр пайда болса, онда ол талант деп аталады. Таланттың адам өнер иесі де, ғалым да бола алмайды. Талантқа берілетін тағы бір жауапкершілік – тек жаңа ойды бір реткі құбылыс түрінде тудыру емес, үнемі-үздіксіз, талмастан жаңа идея тудыру. Сыни ойлау – өзгениң немесе өзінің идеясына сын көзбен қарай білу. Идеяның кемшілігі мен жетістік жақтарын қатар көре білген адам ғана сынни ойлауга бейім болып келеді, егер оның тек біреуін ғана көріп, екеуін қатар таба алмаса, онда ол сынни ойлаушы емес деген сөз. Интуитивті ойлау – талдау мен сараптаудан, логикалық операциялардан тыс, ақиқатқа тез, бірден жету, әкпараттардың ішкі сезім түйсігі арқылы сол сәтте адамның өзіне де түсініксіздеу жағдайда қабылдануы. Халқымыз көзі көрмеген, дәлелденбеген нәрсесін «ішім сезіп тұр» деп айтады. Немесе, қазакта «ат сыншысы», «бала сыншысы» деген білікті мамандар болған. Олар атты немесе адамды сыртынан қарап-ақ тұтас болмысын бағалап беретін болған. Бұл да интуицияның жемісі. Әлем халықтарына ортақ көріпкелдік те осы интуицияға байланысты болып келеді.

Бұл қабілеттер мен ойлаудың осы түрлері тұтаса келе, біз ұстанып отырған интеллектуалдылықты құрайды. Бұл көрсетілгендер ойлаудың түрлері ғана, ал оған жетудін жолы – сараптама жасау, ішкі мәнді көре білу, байланыстарды ашу сияқты психологиялық операциялар арқылы жүзеге асады. Демек, ғылымды дамытуға аса қажетті ойлаудың түрлері де осылар. Бұлардың барлығын жинақтап, «ғылыми ойлау» деп те атаяға болады. Ендеше, осы ғылыми ойлау үшін ғылыммен арнайы шүғылдану қажет. Ғылыммен шынайы шүғылданып жетістікке жету және ашылған жаңалықтардың әлемдік деңгейде болуы – интеллектуалдылықтың нақты нәтижесі болып табылады. Демек, жаңалық ашу интеллектуалдықсыз мүмкін емес жайт.

Бүгінгі таңда техникалық ғылым дамуы немесе өнертапқыштық қана емес, қоғамдық ғылымдарды да өркендету басты назарда болып отыр. Әсіресе, тарих, психология, саясаттану, әлеуметтану, философия, педагогика сияқты ғылым салаларына бас көңіл бөлу қоғамдық ғылымдардың басты кепілі болмақ. Қоғамдағы рухани ахуал, әлеуметтік-саяси байланыстар, мәдениетті тұлға дайындау т.б. барлығы осы гуманитарлық ғылымдардың өркендеуіне тікелей байланысты. Сондықтан, интеллектуалды ұлттың болашақ қорлары жас үрпақ болғандықтан, келесі кезекте, сынни, өнімді, шығармашылық ойлауды оларға үйрету маңызды қадамдардың бірі

болмақ. Ол бір сәткі шара емес, үнемі-үздіксіз және шексіз жүргізіліп отырылуы тиіс беталыс болуы керек.

Қазақ халқының интеллектуалдық қорлары мен оған бейімділігі тарихқа жүгінсек, тым көнеден, сақ-туркі дәуірінен бастау алады. Бүгінгі таңда түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі ұшантеңіз екендігін тек отандық қана емес, әлем ғалымдары мойындалап отыр. Берісі IX-XII ғасырлардағы түркі ойшылдары, әлемге аты мәшінр болған әл-Фараби бабамыз бүгінгі заман тұрғысынан айтқанда, интеллектуалдылықтың кемелді көрінісін паш етті.

Одан кейінгі түркі-қазақ даласындағы даналық пен шешендейтің мектебінің өзі парасат пен ақылдың түйіскен тұсында жоғары жетістіктерге жетті. Бірақ осындай мындаған жылдар бойы сабактасқан интеллектуалдық үрдіс Ресей отаршылдығы тұсында психологиялық дағдарыстарға ұшырады, олар нақты тәжірибелік және психотехникалық тәсілдермен ұлтты интеллектуалсыздандыру саясатымен де шұғылданғандығы жасырын емес.

XX ғасырдың басындағы күғын-сүргін байлармен қатар ұлттың интеллектуальдық зиялыштарды және кеңестік идеяға қарсы шыққан зиялыштарды тубегейлі жойып жіберуді мақсат етті. Интелектінің қан (ген) арқылы тасымалданатындығын жақсы түйсінген олар ұлт зиялыштарын ұрпақтарымен қоса жойып жіберуді қолға алды.

Олардың ұлттымызды үздіксіз кемсітушіліктері, сайып келгенде, санамызға сінірліп, нәтижесінде бұл ахуал: «иә біз, шындығында да, надан халық едік, біз тек сіздердің арқаларыныңда жетілдік» деген сияқты бас шұлғуга және оған өзіміз де сеніп қалатын жағдайларға алып келді. Осы таптаурынның сарқыншақтары бүгінгі күнге дейін сақталып отырғандығы жасырын емес. Бұл, дегенмен, өткен тарих, бірақ сабак алатын ата-бабамыздың жүріп өткен жолы.

XX ғасырдың басындағы интеллектуализм қазақ халқының өзіндік бір қайта жаңғыру, қайта өркендеу дәуірі болғаны жасырын емес. Адамзаттың рухани-ғылыми-танымдық эволюциясында осындағы төңкерістер мен жаңғырулар қайталаамалы түрде кездесіп отырады. Бірақ кейбірі екі-үш ғасырды қамтыса, кейбірі тек елу-жүз жылмен ғана шектеледі. Мысалы, орта ғасырдағы араб-мұсылмандық өрлеу үш-төрт ғасырға созылып жатса, орыс әдебиетінің «алтын ғасыры» деп аталып жүрген кезең XIX ғасырдың орта тұсына сәйкестенген. Осындай интеллектуалдық жаңғырудың XX ғасырдағы біздің еліміздегі үлгісі, шындығында, аяқталмай қалған үдеріс болып табылады. Ресей мен Кенес одағының Қазақ халқына деген антиинтеллектуалдық саясатының екінші бір қыры – күғын-деген антиинтеллектуалдық саясатының екінші бір қыры – күғын-

сүргіннен тірі қалған қазақ зиялыштары мен көшбасшыларын қатаң бақылауда ұстап, қорқытып-үркітіп, шығармашылық еркіндігін айыру болатын. Шығармашылық еркіндіктен айрылған интеллектуалды зиялыш өзінің шын мағынасын жояды, ол шын зиялыш болмай қалады. Өзінің ішкі дүниесіндегі рухани шабыты мен талпынысын аша алмаған өнер иесі немесе ғалым бірте-бірте жасанды зиялышға айналады. Ғылым дамуында – экстернализм, яғни, ғылымның өркендеуі тек сыртқы әсерлерге немесе қандай-ма бір ықпалдар мен сұраныстарға байланысты дамып отырады, ғалымның жеке еркіндігі шектеледі деп санайтын ағым және оған қарама-қарсы – ғылым ғалымның өзінің ішкі шабыты мен қызығушылығы арқылы өркендейді, ол сыртқы әсерлерге барынша тәуелсіз деп санайтын бағыт бар. Міне, XX ғасырдың басындағы күғын-сүргіннен аман қалған ат тебеліндегі ғана қазақ зиялышы осындай рухани-психологиялық қыспакта өмір сүрді. Олар тек жай ықпал ететін сыртқы әсерлерге ғана алаңдап қойған жоқ, коммунистік идеологияға негізделген қысымшылдықпен, арнағы тапсырмалармен жұмыс жасауға мәжбүр болды. «XX ғасырдың басындағы өркендерген интеллектуалдық, егер де, өзінің табиғи эволюциялық жолымен ешқандай да күғын-сүргін көрмей жүріп отырғанда, ол XX ғасырдың аяғындағы тәуелсіздік тұсындағы рухани еркіндікке іліккенде» деп болмаған, бірақ болуы тиіс тарихты модельдесек, бүгінгі таңда Қазақ Елі әлемдегі алдыңғы, тіпті көшбасшы мемлекеттердің біріне айналатындығы сөзсіз еді. Міне, бүгінгі таңдағы интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясаты идеясының тұпмәні мен философиясы да осындай нұсқаға тікелей байланысты болып отыр. Демек, бұл саясат үзілген интеллектуализмді қайтадан жалғау болып табылатындықтан, халықтың зиялыштың шабытының табиғи даму нышандарын сабактастырып жіберу дегенге келіп саяды.

Ендеше, бүгінгі күні интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясатын жүзеге асыру үшін, мынадай әдіснамаларды іске асыруымыз керек.

1. Бейсанамызға сінірліген «қазақ халқы надан, ойлау қабілеті темен» деген сыңаржақ бағалаулардан саналы түрде арылу. «Өзге елдің адамдары ақылды, өркениетті елдердің қарекеттерінің бәрі дұрыс, ал біздің қам-қарекеттеріміздің барлығы бұрыс, біз олардан үнемі үлгі алуға тиістіміз» деген қагиданы абаилап қолдану.

2. Қазіргі еліміздегі отандық жастарымыздың интеллектуалдық қабілетіне қарап, азды-көпті жетістіктерін бағалай отыра, оларға деген үміт және интеллектуалды ұлт болып қалыптасадыныңмызыға деген сенімділік орнықты болуы керек.

3. Интеллектуалды ұлт болу үшін осындай жағдаяттардың барлығын ашып айтып, ішкі рух берушілік тетікті іске қосуымыз аса қажет. Мысалы, кезінде кек бөрі тотемі көшпенің түркілердің жауынгерлік рухын көтермелеу үшін қолданылған сенім болса, бүгінгі таңда көне ғұн-сақ замандарында қазіргі қазақ жерінде осыдан 3000 жылдай бұрын жазу-сзыздың өркендегендігі, кейіннен Отырар қаласында дүниежүзіне әйгілі кітапхана болғандығы, одан сусындаған ғалымдардың әлемге аты жайылғандығы т.б. интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жетерлік рух, шабыттану мен жігер беру болып құрылуы тиіс. Яғни, бүгінгі жастар білімді-дана халықтың ұрпактары екендігін мактандышип сезінуі керек.

4. Еуропорталықтың санадан да арылу – «кәрі құрлықтың» өркениетімен ғылымының өзімігетиеселі, пайдалы, тиімді жақтарын сұрыптаң пайдалануымызға септігін тигізе алады. Бүгінгі таңда халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрып жүйесін сол еуропаның өзі бірте-бірте мойындан келеді. Мысалы, қарапайым құрт, қымыз, шұбат сынды азық-тұлік өнімдерін қолданудан бастап, жеті атаға дейін қыз алыспау салттымызға дейінгінің біразын дүниежүзі мойындан келеді. Мәселе, «Жеті атаға дейін қыз алыспаудың» қастерлігі мен тиімділігі, өмірмәнділік маңызы мен тұрмысқа пайдалылығындаған емес, осындай салтты ойлап тапқан халықтың интеллектуалды қоры мол екендігіне сенуімізде болып отыр.

5. «Интеллектуалдық» терминінің өзі батыстық академиялық ғылымдардың өнімі. Жоғарыда атап өткендей, ол тек ақылдың ұшқырлығына, тапқырлығына, тиімділік пен пайдалы ойлауга негізделген құбылыс. Бірақ бір өкініштің бұл жерде тұлғаның руханилық пен адамгершілік жақтары мүлде ескерілмеген. Сондықтан ол екінші бір нұсқада және қазақ тілінің төл сөзі бойынша – «парасатты ұлт» болып айтылуы қажет. «Парасат» сөзі жалпылама кең ұғым (концепт). Ол ақылдылықты, интелекттін, руханилықты, кең адамгершілікті, өмірлік даналықты, білімділікті, зиялышты тұтас қамтиды. Түркілер әлемдік философиялық ой-саналаға өздерінің этикалық ілімдері арқылы мәлім болып отыр. Сондықтан, біз де адамгершіліктен алыс кете алмаймыз. Әл-Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» екендігі де рас. Бүгінгі қазақ халқының да парасатты ұлт қалыптастыру ұстанымы осы даналық сөзге келіп табан тірдейді. Осы тұста, тағы бір ескере кететін жайт: «интеллектуалды ұлт азаматының тұтас келбетінің қандай болуы керектігі» туралы арнайы тұжырымдама жасалуы қажет. Яғни, интеллект пен білімнен басқа, жастарымыз

қандай жалпыға ортақ моральдік-психологиялық, әлеуметтік-саяси сапаларды бойына жинақтау қажеттігі туралы арнайы жасалған үлгі ұсынылуы керек.

Бүгінгі таңда Қазақ Елі жастарының парасатты ұлт болып қалыптасуына шынайы жағдайлар орнықкан. Тарих дәлелдеп бергендей, қазақ халқының қанында (генофондында) интелекттінің ұрығы себілген, оны қандай қару қолданса да, тубегейлі жойып жіберу мүмкін емес. Ендеше, өзекті мәселе, оны рухтандырып, оятып, нәр беріп отыру қажеттігінде болып отыр. Сонымен қатар, Қазақстан жастарының түгелге жуығы немесе көп бөлігі білімді. Бұл да интеллектуалды ұлт болып қалыптасуымызға толық мүмкіндіктер аша алады. Оның үстінен, отанымыздағы тыныш, бейбіт жағдай, басқа да әлемнің озық дамыған елдерімен орнатылған қатынас, ақпараттық кеңістікке еркін шығып отырғандымыз да озық ойлы азаматтарды қалыптастыруымызға берілген мол мүмкіндіктер болмақ. Сондай-ақ, қазақтардың көп тіл үйрену машығы мен тәжірибесі де бірнеше жылдардан бері түзілген үдеріс болып табылады. Бұндай шынайы сыртқы алғышарттар енді келесі кезекте, адамның өзіне ғана байланысты ішкі себептермен келіп ұштасуы тиіс. Өзін-өзі үнемі жетілдіру, еңбеккорлық, табыстылық, ой мен ақылды нәтижелі мақсатқа жұмсай, уақытты босқа өткізбеу, терең ойлау машығына бейімделу т.б. болашақ интеллектуалды ұлттың бойынан табылуы тиіс қасиеттер.

Мәдениеттанудағы классикалық емес көзқарастардың қалыптасуы

Гүлнар РАХИМОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы,
философия ғылымдарының кандидаты

Mәдениет күбылыштарын түсіндіруде психологиялық ғылымды пайдалану идеясын қарастырып көрелік. Даму барысында психоанализ ғылымы бірнеше кезеңдерден – невроздар терапиясы мен бейсаналық психикалық процестерді зерттеу әдістерінен бастап, адамның табигаты туралы теориялық тұжырымдардың жиынтығы болып табылатын «метапсихологияға» дейінгі аралықтарды қамтыйды. Кейірінек осы жалпылама психоанализ теориясын этно-қамтыйды. Сондайқтан мәдениеттің тәрбие арқылы сіңген талаптар мен тыйымдарды жинақтап тұрады. Сонымен, «Мен» өмірде қарапайым ғана қызмет атқарады және оны өмірдің ағымына басшылық жасайды деп пайымдау алданыш сезімі болып табылады. Шын мәнінде адамның үстінен екі бейсаналық бастау билік жүргізеді. Олар: «Ол» және «Жоғары-Мен».

Бұл жолда психоанализ бағытының негізін салушы австриялық невропатолог, психолог және психиатр Зигмунд Фрейд болды.

З. Фрейд: Мәдениет – тыйым салулар жүйесі ретінде классикалық дәстүр өкілдері мәдениеттен адамның еркіндікке самфауын, оның қозғалысының көрген болса, Фрейд мәдениетті талдау барысын-рухани нығаюын көрген болса, Фрейд мәдениетті талдау барысында оны тыйымдар жүйесі ретінде – табу ретінде қарастыру үлкен маңызға ие екенін көрсете алды. Фрейд мәдениеттің алғашқы негіздерін индивидтік психиканың бейсаналық қатпарларынан орын алған мұқтаждықтардан іздеді. Мәдениет дегеніміз индивидтік психиканың қоғамдық қарым-қатынастарға деген проекциясы, сондықтан да адамдық іс-әрекеттегі алғашқы негіздерді қарастыру мәдениетті толықтанды зерттеудің алғышарты болып табылады.

Бейсанана түсінігі естен шығару, ұмыту жөніндегі ілімдермен байланысып жатыр. «Естен шығару» – психиканың қорғаныс механизмі, оның мәнісі тұлғалық болмысқа нұқсан келтіретін психикалық мұқтаждықтар мен ұмтылыстарды сананың жұмыс істеу арнасынан ығыстырып шығуға саяды. Психикадағы мұндай механизмдердің бой көрсетуі оның механизмінің құрылымын айқындай түседі: Мен (Ид), Ол (Эго), және Жоғары-Мен (Суперэго).

«Мен» деп аталатын психиканың сатысы сана мен пайымдау секілді қасиеттерді алға тартады және ең бастысы ол сыртқы әлемнен алынатын әсерлерге жауап береді. Сонымен, «Мен» өмірде қарапайым ғана қызмет атқарады және оны өмірдің ағымына басшылық жасайды деп пайымдау алданыш сезімі болып табылады. Шын мәнінде адамның үстінен екі бейсаналық бастау билік жүргізеді. Олар: «Ол» және «Жоғары-Мен».

«Ол» деген табиғи шығу тегіне ие және оның болмысында адам баласының алғашқы екі мұқтаждығы тұнған: оның бірі – жыныстық қатынасқа түсуді қалауы болса, екінші – өлімнің мұқтаждығы. «Жоғары -Мен» бейсаналық идеалда, дәстүр мен әлеуметтік ортада қалыптасқан тәрбие арқылы сіңген талаптар мен тыйымдарды жинақтап тұрады. Сондықтан мәдениет тек бейсананың бірі болғандықтан, «Жоғары-Меннің» бір сатысы ретінде тіркелгендейтін ғана адамды басқаруға қауқарлы бола алады, адамның бойында оның әсері ар-ұят ретінде көрініс табады. Тек ар-ұят қана бейсанана жүйесіндегі тыйымдар мен талаптар негізінде мәдениеттің феноменін тудырады және ол адамзатты шығармашылық қызметінде өзін-өзі жетілдіретін кеңістік қана емес, сонымен бірге адамды әлеуметтік ортада қалыптасқан тәртіптік әрекеттерге мәжбүрлелітін, әлеуметтік тәртіптен тыс қадамдарды болдырмайтын құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Сублимация және мәдениет. Фрейд адамзаттың мәдени дәстүрлеріне ешқандай оптимизм таныта қойған жок. Оның көзқарасы бойынша адам баласы «табигатынан» тек өзінің жабайы және қитүркі пиғылдарын қанагаттандыруға ұмтылады, алайда кейде ол мақсаты іске аса бермейді [1, 584]. Оған бүкіл ғаламның жаратылысы қайши келеді. Сондықтан да адам баласы өзінің орындалмай қалған мұқтаждықтарының азабынан өзін құтқаруға мәжбур. Оның ең бір оңай жолы – есірткі. Ал кең тараған жолы – дін немесе діни образдарды ойлап табу. Яғни, өзінің қалауларын діни образдар арқылы иллюзиялық жолмен қанагаттандыру. Ең күрделісі – сублимация, мақсаттар мен психикалық мұқтаждықтардың араласуы, араласқанда

сыртқы әлемнің тарапынан ол мұқтаждықтықанағаттандыруға қарсылықтың болмауы. Бұл кезде адам интеллектуалды еңбек пен шығармашылық қызметтен жоғары ләzzat алады. Сублимация барлық мәдени құндылықтардың негізі болып табылады.

Сонда да, бұл құндылықтар шыныайы мұқтаждықтардың нысанадары болып табылады, ал сублимацияға көшілік адам икемді бола бермейді. Сонымен, Фрейдтің философиясындағы қорытындылар куанышты емес, яғни бұдан шығатын қорытынды – табиғат адамнан мықты, ләzzatқа бөлену мерзімі де қысқа, ал қасірет шегу адамды өмір бойы мазалайды. Ал мәдениет болса не құнасіз көзбояушылық, не «Жоғары-Меннің» цензурасынан өткен алданыш әрекет. Мәдениет көп жағдайда әлеуметтік тұрғыда тыйым салынған әрекет. Мәдениет қоғамдастырылғандағы қызметтерін атқаратын тұс секілді. Осы себептен де түстерді жору – психоанализдің маңызды әдістерінің бірінен саналады, өйткені тұс көрү мұқтаждықтар модельдерінің парадигмасы болып табылады. Тұс көрү кезінде психикалық аппаратта архаизмге қарай регрессия орын алады да, адам өзінің бастапқы кездегі мұқтаждықтарына оралады, яғни адам алғашқы болмысының негізінен алшақтан кете алмайды.

Сонымен, Фрейдтің пайымдауынша, адам әртүрлі бетперделер таққан жасырын мұқтаждықтардың сарсаңымен әлек, оның санауы әлемі рационализацияға толы болғанымен ол шын мәнінде рационалды емес, яғни оның рационалдық әрекеттері оның идеалдық мотивтерін ақтауға ғана бағытталған шараптар. Себебі, олар оның шыныайы мұқтаждықтарын қанағаттандыра алмайды. Адам баласының санаасы шектеулі, оның айқын да нақтылы пайымдауларының арғы жағында қараңғы, шым-шытырық елестер, түстер мен галлюцинациялар (сандырақтар) – ішкі, инстинктивтік мұқтаждықтар мен санадан тыс тыйымдардың психикалық шағылышулары жатады. Мәдениет ішкі түйсіктерді сабырға салатын және осыған байланысты адамзат тағдырында елеулі рөл атқаратын күш ретінде сипатталады.

Меніңше, адамзат үрпағы үшін қасіретті сауал мынау ғой деймін: мәдениет жолында адамзаттың болмысын құрдымға жіберуге бастайтын және өзін-өзі жоюға деген мұқтаждықтарды арттыруға бола ма және ол қай шамада болмақ?, - деген сауал тастайды Фрейд [2, 155]. Егер мәдениет адамның мүмкіндітерінен тыс нәрсelerді талап етсе, онда ол индивид бойында бүлік немесе невроз тудырады, не болмаса оны бақытсыз, өз өміріне өзінің көнілі толмайтында халге душар етеді. Мәдениет адамның өмірін адамдық инстинктерді тұсаулау арқылы қауіпсіз етеді, алайда бұл арқылы

адамның психикалық өміріне зиян келтіреді. Өйткені ол адамды өзінің табиғи мұқтаждықтары мен мәдениет нормаларының арасында, яғни, жыныстық қатынас мұқтаждығы мен әлеуметтік талаптар арасында, агрессия мен мораль арасында тұратын рухани және еріктік қасиеттерге ие тұлғалық бағамына орын қалмайды.

Фрейдтің адам өмірінің биологиялық жақтарын абсолютизациялауына психоанализге оң қабақ танытпайтын ғалымдар ғана емес, өзінің жақын ізбасарларының арасында да сын тағу жайттары болды. Солардың бірі швейцариялық психолог және психиатр Карл Густав Юнг.

Юнг: «ұжымдық бейсан» және «мәдени архетиптер» идеясы. Фрейдтен Юнгтың ерекшелігі ол адамның психикасында индивидтік бейсанамен қатар оның одан та терен қабаты ұжымдық бейсана болады дегенді алға тартты. Ұжымдық бейсана мидың құрылымында бұрынғы ата тегінің тәжірибелерінің негізі жатады деп санады. Бұл тәжірибе жалпы адамдық психиканың негізінде жататын және мифтер мен наным-сенімдерден, тұс көрүлерден, әдеби шығармалардан, өнерден және рухани өмірдің көптеген салаларынан көрініс табатын «мәдени архетиптер» деп аталатын алғашқы әлемнің құрылышы туралы түсініктерде сакталады. Юнг өзінің психологиялық зерттеулері барысында емделуші адамдардың түстері мен өндөрінде бой көрсететін образдарды жүйелейді [3, 205].

Э. Кассирер: Символдық мәдениет. Тіл, миф, өнер, дін, ғылым – сезімдік дүниенің негізінде өсіп жетілген символикалық немесе рәміздік формалар болып табылады. Мәдениет қашанда символданған, ал мәдениет философиясы символикалық формалардың философиясы болып табылады. Бұл орайда символдан белек шындық та бар емес пе деген сауал орынсыз. Олай дейтініміз адам баласы қашан да және барлық жағдайларда образдар әлемнің тұтқыны болып қала береді, тіпті адам баласы жануарлық әлеммен жаңасқан кезде де әлемді символикалық образдардан құрастыруышы «символдық жануар» болып қала береді. Себебі адам ең алдымен символикалық – homo symbolicus. Символдың ең бір карапайым қызметі – мифті магиялық дүниетаным тұрғысынан қарастыратын экспрессивтік қызметі. Оның ең басты ерекшелігі образ бер заттық, белгі мен оның нені білдіретіні арасында ешқандай айырмашылықтың болмауы. Осы қызметтің шеңберінде өнер пайда болады.

Символдың екінші функциясы репрезентация (көз алдына келтіру) болып табылады. Бұл жерде нақтылы уақытта түйсікпен оның «объ-

ектификация» деп аталатынның арасындағы бөліну бой көрсетеді. Яғни нақтылы жағдай мен оны жалпылаудың арасында өзгерістер болады. Осы кезде образдан тілге көшу процесі орын алады.

Символдың үшінші қасиетін Кассирер оның таза манызымен байланыстырады. Бұл қызмет таным процесі кезінде, ең алдымен ғылыми таным баrasында қалыптасады. Бұл жерде әлемді сезімдік қабылдау мен әлемді танымдық құрылым ретінде қарастырудың арасында дистанция – қашықтық пайда болады.

Символдың барлық қасиеттері рух белсенділігінің нәтижесі болып табылады. Олар шындықты шығара немесе көрсете отырып өздерінің кеңістік формаларымен байланысты екенін танытады және бұл орайда бірыңғай тұгастықты паш етеді. Мұндай тұгастықты Кассирер гештальттар деп атады. Гештальттардың көп образдылығы және олардың үнемі туындауы – сезімдік дүниеге негізделген шығармашылығының, интуиция мен киялдардың нәтижесі. Адам осынау кеңістік формаларды өзінен бөгделей алады, сонда олар оның өзіне қарсы тұрып, өзіндік шындық ретінде қабылданады. Осылай, шындық өмірді символдық жүйе арқылы конструкциялау бірыңғай символдар жүйесін құруға мүмкіндік береді. Э.Кассирердің мәдениеттің символдық тұжырымдамасы мәдениеттанудың қалыптасуына айтартықтай әсер етті деп айтудымызға болады.

М.Хайдеггер: Экзистенциалдық мәдениет философиясы. Экзистенциалдық философия заманауи мәдениеттің түсінігіндегі ішкі қайшылықтарды ашты. XX ғасырдағы немістің ірі философы М. Хайдеггердің символикалық формалар философиясының негізін қалаушы Э. Кассирерден айырмашылығы – ол мәдениеттің символикалық универсумына негізделген жалпылама принциптердің мүддесіне адамның субъективтік көзқарасын құрбан етуден аулақ болды. Индивидтің болмысынан символикалық көкжиекті кенейтуге шығармашылық икемі бар, сондай-ақ басқа адамдар және олардың өз өзімен диалогтық пікір сайысқа тұсу қабілеті бар болып шықты. Бұл қабілеттен бас тарту өз өзіне деген сатқындық жасауды білдіреді және адамдықтан аулақ болуға алып барады. Неміс философы субъективтің өз еркін анықтауын, өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыруды мәдени-тариhi әлемнің трансформациялануының шынайы негізін әділ бағалады. Шындығында индивидтің тіршілігін еркін анықтауды талап ететін альтернативтік спектрлерсіз елестету мүмкін емес. Жағдайдың ішкі салдарынан шыққан нәтижеге токталу немесе соны таңдау адамның өзіндік мүмкіндіктерінің де көрінісі болып табылады. Әлем танымын басқа адамдармен болісу арқылы

ол шығармашыл, сұхбатшыл жаратылыс болып қалыптасады. Басқа адамдармен әлдеқандай бір мәдениеттің ықпалында өмір суро адаласына қалай да өз өзімен болу мәселесін қояды. Хайдеггердің пайымдауынша, адам «барлық адамдар» сияқты болуға ұмтылышында өзінің қайталанбас ерекшелігі туралы ұмытып өзіндік ерекшелігінен бас тартып кетуі әбден мүмкін. Осында жағдайлар адамзат тарихында өшпей, толастамай келе жаткан феномен болып қала бермек. Бөтенсініп өмір суро тәуекелі қашан да индивидтің мәдениетарихи әлеміне әсер етеді. Адамның осында белгілі бір тарихилық қатыстырығы, оның ағымына араласуы, адамның шынайы болмысын күрделендіріп жібереді.

Егер адам өзін шындықты жасаушы ретінде пайымдайтын болса онда оның қауіпті көзбояушылыққа ұрынғаны. Адам баласы осы әлемді өзінің ойларына сай қайта құруға деген қарекеті ең соңында оны нигилизмге – қиратушылыққа алып барады. Идеологтардың романтизмі ең соңында тапаралық немесе нәсіларалық фанаттардың революциялық-төңкерістік әрекетімен аяқталады.

Алайда Хайдеггер адам баласының шындықты игеру ісінде өзінің субъективтік көзқарасын жүзеге асыру үшін жаралмағандығын алға тартады. Субъективтің осынау әлемді өзінің барлық нәрсени бағындырығыш алаңы ретінде қарастырудан бас тартуы Хайдеггер ұстанымының негізгі тұсы болып табылады. Ол үшін болмыстың тереңіне бойлау – шынайы болмыстың мәні болмақ. Бұл жол тіл алаңы арқылы өтеді, өйткені тіл ғана сол болмысқа жетудің көкжиегін көрсете алады. Бұл тұрғыда: «Тіл – болмыстың үйі», – дейді философ.

Алайда, ғылыми-техникалық өркениетпен өндөлген тіл, керінше, адамды «үйсіз» жағдайға тап етеді. Қөттеген тілдер, – деп жазады Хайдеггер, өздерінің өтірігімен біздердің жерімізді толтырып отырған, бұл бір тілдің тек бір тұсы ғана, олар санымен көбейе отырып сөйлеудің кез келген түрін толтырып отыратын – компьютердің ақпараттық тілі ғана. Санауды үйренбеген адам үшін бір ғана өлшем бар, ол – квант. Болмыстың бастаудың желісі болып табылатын поэзиялық тіл ғана субъективтік гипертрофияны жеңе алады [4, 162-163]. Шынайы поэзияның мақсаты – адамның поэзиялық өмір сүретін орнын ұйымдастыратын жердегі өмірін сақтауға қамқорлық жасау болып табылады. Осылай адамның болмысын ғылыми таным емес, көркем шығармашылық ашады. Олай дейтініміз, көркем шығармашылық белгілер секілді ешнәрсені менземейді, ештеңені көрсетпейді. Ол өз болмысында өзін әспеттейді. Солай танушы-

ны өзімен болуды қамтамасыз етеді. Шынайы өнерді жасаудың болмысы оның «Мен» толғанысымен шектелмейді, оның болмысы «толғанысқа» кіру, оны көрсету емес, оның мәнісі бүкіл бұрынғы үйреншікті нәрселерді аудастыруды. Шығармашылықтың ақиқаты, оның мәнісі. Ол жолдың бойында жатқан жок, оның мәнісі – түпсіз тұңғибықта, – деп түсіндіреді Г. Гадамер. Алайда әрбір көркем туынды барлық нәрсені өзіне бағындырғысы келетін ерікке толассыз кедергі жасап тұратын әлдебір нәрсенің бар екенін ұғындырады.

М.М. Бахтин: мәдениеттің диалогтық тұжырымдамасы. Мәдениеттердің бір-бірінен алшақтығы соншалық, көптеген ғалымдар Шпенглерден кейін әр түрлі мәліметтердің арасындағы өзара түсінікті қамтамасыз ететін мүмкіндігіне күмән арта бастады. Алайда бұл ұстанымға келіспейтін, оған да сын айтатын ғалымдар бар. Солардың бірі, орыстың әйгілі философи әдебиет және мәдениеттанушы қайраткері М.М. Бахтин. Ол мәдениеттің маңызын диалогтан көре білді. Диалог болғанда ол мәдениетті пікірталас, сұхбат немесе ой бөлісу ретінде емес, адам санасының әмбебап сипаттамасы ретінде түсінді. Диалог жекелеген ұстанымның тұтастығын және оған сауал немесе жауап беретін өзге тұлғаның ұстанымын береді де осы диалогтың текстінде оның идеализациясы көрінеді. Мәдениет үшін диалог өмірлік маңызы зор шара болып табылады. Себебі, өркендеген мәдениет жаңа мәністің тууына себепші, ол қоғам алдында уақыт талабымен қойылған жаңа саулдарға жаңа жауаптар табады. Осылайша ол адамның индивидтік болмысына жаңа мән беріп тұрады. М. Бахтин негізінен диалог идеясын эстетикада ұтымды пайдаланды. Шындық (оның ішінде бір ұшы ғана) тен құқықты адамдық тіршіліктегі қарым-қатынас диалогы барысында ашылуы мүмкін.

Корыта айтар болсак, гуманистік және романтикалық дәстүрлер мәдениет идеясын адамның жоғары рухани қасиеттерінің дамуымен байланыстырып қарастырды. XX ғасыр ағымында мәдениет мәселесі басқа қырынан, яғни, индивидтік және ұжымдық бейсаналықты зерттеу тұрғысынан қарастырылды. Рухани дамудың шарықтау шегіне жетуге қабілеті бар адамдық болмыстың өзіндік тереңдігі болады және оның құпияларына философия, психология, мәдениеттану ілімдері терең үніле алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Фрейд З. Психология бессознательного. – М.:АСТ, 2007. – 605 с.
2. Фрейд З. Недовольство культурой // Антология культурологической мысли. – М., 1996.
3. Юнг К.Г. Архетип и символ // Сост. А.М. Руткевич. – М.: Ренессанс, 1991. – С. 304.
4. Хайдеггер М. Бытие и время. – М.,1997. – С. 451.

Кеңестік идеология тұсындағы діни таным ерекшеліктері

Мархабат НҰРОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистратура
және PhD докторонтура
институтының магистранты

Kеңестік идеология туралы сөз бастамас бұрын, «идеология» терминің мағынасын ашып кеткеніміз жөн. Идеология туралы білім біздің қазіргі жағдаймызыдағы ғылыми танымда жатыр. Идеологияны жалпы формада алсақ, ғылым секілді ақиқатқа негізделмеген, қайта нақты адамдар тобының немесе бір ұйымның, құрылымның, қоғамның мүдделерін корғау мақсатында құрылған үнемі насиҳатталуды қажет ететін идеялардың жүйесі. Сондықтанда идеология белгілі бір топтың мүддесін жалпы мүдде ретінде қарастырып, біздің іздейтін ақиқатымыздың астында қалып қояды, кейде оны бүркемелеп тастанады. Соның нәтижесінде қоғамдағы билік етуші таптың және әсер етуші топтың идеясы негізгі идеологияға айналады.

XX ғасыр басындағы әлем тарихында пайда болған алпауыт мемлекеттің бірі – Кеңестік социалистік республикалар одағы. Ол 1922 жылдың 30 желтоқсанынан 1991 жылдың аяғынан дейін өзінің марксистік-лениндік идеологиясына негізделіп өмір сүрген мемлекет. Соның құрамында болған Қазақстан да кеңестік идеологияның бір бөлшегі ретінде осы идеологиямен бірге ғұмыр кешті. Кеңестік идеология мемлекеттің негізгі күші болғандықтан террориясындағы барша адамдарға жалпыға бірдей міндетті болды. Карсы шыққандар мен оған бойұсынбағандар заңмен кудаланып, жазаланды. Марксистік-лениндік болып саналатын идеология Кеңес Одағын құрған тұлғалар мен сол тұлғалардың ұстанған бағыты нәтижесінде болды. Бірақ біз оның барлығын марксизм-ленинизмге тіркей аламыз. Себебі 1917 жылғы революциядан кейін құрылды және оның құрылуына барша кеңес адамдары атсалысты. Кеңестік идеологияның қайнар көзі ленинизм болса, оған В.И. Ленин шығармаларының біршама бөлігі енгізілді. XX ғасырдағы адамзат өмірінің келбеті мен интеллектуалдық материалы онда өз орнын тапты, бірақ экстерналистік сипат алған еді.

Кеңестік идеология өзін ғылым ретінде қарастырып, оның негізгі үш тарауын жүктелді: 1) диалектикалық материализм (философия); 2) тарихи материализм (социология); 3) коммунистік қоғам тұралы білім (оны ғылыми коммунизм деп те атайды). Ендеше ғылым ретінде, бас идеология ретінде болған кеңестік идеология мен діни таным мәселесін қарастырамыз.

Таным – дүние бойынша дәлелді білімдер алуға бағытталған субъекттің шығармашылық қызметі болса, ал діни таным – ғылымға қарағанда өзіндік теріске шығарушылыққа дайын тұрушулық тән қасиетінен бастап – базалық принциптеріне дейін, діни білім – барлық діндер тұргасынан алғанда – белгілі догматтарды мойындаپ, құптауға бағытталған [1].

Діни таным ол адамдардың дүниені танудағы діни білімдер жүйесі мен оның өмірде қолдану. Бұдан «осы діни таным мәселесі кеңестік идеологияда қандай орын алды, шектелді немесе сол жүйеде ұсынылған ережелерге сейкестендірілді мә?» деген сауалдарға жауап іздеу мәселесі туындаиды. Осы төңіректе кеңестік идеология мен діни таным жағдайын қараймыз.

Кеңестік идеологияның дін мәселесінде, оның ішінде діни танымға деген көзқарасы атеистік идеологияға негізделді. Кеңес Одағының конфессиялық өмірінде қатаң құпиялық бақыланды. Дінге қатысты құжаттар мен материалдар құпия мұрағаттарда сакталды. Идеологияның зардабынан тақырыпты жан-жақты зерттеу зарар алды. Мысал ретінде 1920-1940 жылдардағы ислам дініне қарсы бағытталған саясат жүргізу барысында Кеңес Одағының мұсылман халықтары тек дін мәселесінде ғана емес, сонымен қатар, мәдениет, тіл жән діл мәселесінде зардап шекті.

Кеңестік идеология тұрғысынан дін мемлекеттен бөлек болатын болса, мемлекет істеріне араласпайтын болса, ондағы атеистік бағыт адамдар сенімінің еркіндігіне қолқа салды. Діни таным атеистік жағынан қарағанда ғылыми таным болды. Ал ғылыми таным мен діни таным ол екі түрлі нәрсе. Дінмен идеологиялық крестің тәжірибесі ғылыми принциптер мен партиялық басқарманың үйымдастыру формаларын құрастырды. КОКП

(КПСС) идеологиялық мекемелер мен ұйымдардың қызметін басқарды, сонымен бірге БАҚ-ы мен жергілікті халықтың ұстанған дініне байланысты идеологияның жүргізуін де қадағалауда ұстап отырды.

Атеистік жұмыстың партиялық басқармасы мәселелеріне ден қойылып, оның жұмысының нәтижелігі БКП (б) Қазақстан, Өзбекстан, Қыргызстан, Түркменстан, Тәжікстан және Эзебайжан мемлекеттері Компартиясының XXVI съездерінде талқыланды. Осы идеологияның көрінісі В.И. Ленин жұмыстары мен КОКП шешімдері мен құжаттарына сәйкес атеизмнің наисхатына үлкен мән берілгені болып табылады.

Марксистік-лениндік әдісте діни таным мәселелері атеистік бағыттың зоркөлемденасихаттану жалпы таным мен дінитанымның ақиқаттан алыстағанын көрсетеді. Осы орайда кеңес адамдарының Кеңес Одағы өмір сүрген кездеңі бар философиясы Сталиннің 1938 жылы жарық көрген «О диалектическом и историческим материализме» атты жұмысында қарастырылды. А.А. Хамидов ол жұмыс жайында: «катехезис пен ескери жарғыны елестетеді», – деп сипатта йды [2]. Осындай идеологияның қысымынан адамдардың діни танымы шындықтан аластатылды. Ал бізге белгілі, В.И. Ленин мемлекет пен дін арасындағы байланыс турасындағы декрет жобасымен түсіндірілді, оның бастапқы «Ар-оқдан бостандығы, шіркеулер мен діни қоғам туралы (О свободе совести, церковных и религиозных обществах)» атын «Шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі (Об отделении церкви от государства и школы от церкви)» атына өзгертуен болатын [3]. Осы декрет бойынша дін турасындағы идеология Кеңес Одағы өмір сүрген уақыт аралығында басты әрекетті.

Діни таным, жалпы алғанда, діндерді танудағы білім, оның негізгі қағидаларын үйрену, күнделікті өмірде қолдану, мәдениеттің бір саласы ретінде қарайтын болсақ, осыған қатысты кеңестік идеологияның, оның бастапқылары большевиктердің «мешіттер мен мавзолейлерді, шіркеулерді кирату керек» атты ұрандары вандализмге жол ашты. Қазақстан жағдайын мысалға алатын болсақ, 1920-1940 жылдары орын алған дінді дінсіздікпен ауыстырған атеизмнің наисхаты нәтижесінде қазақ зиялы қауымын құрбан қылған, мешіттер мен медреселердің жаппай жабылуы, имам-ишишандарды кудалау, сонымен қоса түрғылықты халықты тұтастай діни таным мәселесінде атеистік идеологиядан басқа ешнәрсені қалдырмауға тырысты. Осыған байланысты М. Койгедиевтің 2009 жылы жарық көрген «Сталинизм и

репресии в Казахстане 1920-1940-х годов» [4] атты кітабында қазақ тарихының сол жылдарындағы кеңестік идеологияның келбетін барынша құжаттық негізде мұсылман руханиятының репрессияға ұшырауын көрсетеді. Трагедиялық жағдайға толы болған сол заман Қазақстан руханияты мен қоғамына, мәдениеті мен дініне тоқырау экелді.

Адамдарың діни танымын ешқашан шектеуге болмайды. Ғылым әрқашан дәлелге сүйенеді, діни таным да адамның ақиқатты тану барысындағы ұмтылысын көрсетеді. Осы жағдайда кеңестік идеологияның бұлағы марксистік-лениндік идеология Р. Занер [5] көзқарасы бойынша әлемдік діндердің көптеген идеяларын алған эклектикалық дін болатын болса, К.Поппердің маркизмдегі діни элемент бар екендігін жазғанын білеміз. Бұдан біз, кеңестік идеологияның діни-еретикалық наисхатының діннен алыстамағанын көреміз. Сондықтанда діни таным ешқашан санадан үзілдікесілді жоғалып кетпейді. Кеңестік идеологияның өзі діни таным нәтижесінде құрылған деп санаймын.

Кеңестік идеологияның діни элементтерін біз осы идеологияның кейір жақтаушылары тарапынан мойындалды. Бұл жерде В.И. Ленин тарапынан қатты сынған ұшыраған А. Луначарский мен М. Горькийдің айта аламыз. Немесе Н. Хрущевтің КОКП XX съезінде жасаған атақты «О культе личности и его последствиях» атты баяндамасын алсақ та жеткілікті. Онда баяндалған мазмұн Сталин кезеңінің идеологиясын жеке басқа табынушылық деп айыппат, оның діни сипаттамасын көрсетіп берді. Сталин жүргізген идеологияның марксистік-лениндік идеологиядан әлдеқайда қашық екендігін айтты. Міне, осыдан біз Кеңестік идеологияның құрылған күні мен Сталин жүргізген саясаттың арасындағы қайшылық пен ерекшелікі көрсетіп отырмыз.

Кеңестік идеология діни таным, жалпы танымның атеистік тәрбие беруімен дәріптелді. Кеңес Одағы құрылғаннан бастап артта қалушылықтан біршама алға жылжыған процесс байқалды. Білім беру мен мәдениет саласында бірқатар өзгерістер болды. Адамдардың психологиясы мен түрмисы өзгерді. Дүниені танудағы танымы мен діни танымы атеистік ғылым негізінде оқытыла бастады. Мектептер мен ЖОО-ндағы пәндерден Кеңес үкіметі идеологиясы анық көрінді. Кеңес адамдарының діни танымында соңғы жылдары орын алған тағы бір беталыс ол діндерді ғылым ретінде қарастырғаны. Мысалы ислам дінін модернизациялаудағы ғылымның қатысын анықтағанда:

Біріншіден, Ислам ғылымға жау да, қайши да емес, оның білімдері ғылымды қамтиды, қайнар көздерінде ғылыми жағалықтар айтылған және адамға таным қабілеті берілген, ал барлық процесс алдын-ала жазылған жолмен келеді. Бұл нұсқа Құран аяттарынан алынған және апологетикалық сипатты.

Екіншіден, Ислам және ғылым — екітүрлі жазықтық, олар бір-біrine қарсы тұруы мүмкін. Бірақ бұл біржағынан дұрыс та, екінші жағынан бұрыс. Себебі ислам мен ғылымның ең басты ұқсастығын оның дәлелді талап етуінде.

Ушіншіден, Ислам өзін мәңгі, абсолютті ақиқаттығына баса ккніл бөлсе, қарастыратын болса, ғылымның ақиқаттығы тұрақты емес. Осыдан біз, мынадай тұжырым алуымызға болады: дін және діни таным ғылым ретінде қарастырылса, оның ашық насиҳатталуы көзделмейді, бұған себеп болатын адамдардың қоғамды өзгертуге әкелуіне жол ашылар еді. Сондықтанда кеңестік идеологияның діни танымға деген байланысы аса бақылаушылықпен келді.

Атеистік тәрбиенің жаңа адам құрударғы мақсаты ол экономикалық, әлеуметтік, мәдени және идеологиялық мәселелерді шешумен тығыз байланысты. Сондықтан кеңестік идеология осы проблемаларды шешуде идеологиялық кадрлерге бағдарланады. Бұл атеистік жұмыстың әрқашан халық ортасындағы насиҳаты тоқталмай, еңбекпен қатар қарастырылып, жеке индивидтердің әлеуметтік байланыстарын нығайтумен айналысқаны кеңестік идеологияның халықты бірқалыпты ұстап тұрудың, соның қатарында маңызды орынға ие діни сана, таным, білім мәселелерін қатаң бақылауда ұстаудан байқаймыз.

Жетпіс жылдың ішінде кеңес адамдары марксистік-лениндік, сталиндік, кеңестік идеологияның шенберінде өмір сүрді. Осы кезеңдегі діни таным мәселелері идеологияның қатал саясатынан зардал шекті, тұтастай мәдениеттердің жоқ болуына немесе өзгерілуіне әкелді. Дінсіздік заманы болған бұл атеизм діни танымды өзгеріске ұшыратты, оның негізгі мәнін қаз қалпында сақтап қалу қасиетінен айырды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- Головин С.Ю. Словарь практического психолога. — М.: АСТ, Харвест. 1998.

- Хамидов А.А. О диалектика мнимой и подлинной // Адам әлемі – Мир человека. – №1, 2002. – С. 50-51.
- О религии и церкви. Сборник высказываний классиков марксизма и ленинизма, документов КПСС и Советского государства. – М., 1981. – С. 220.
- Койгелдиев М.К. Стalinизм и репресии в Казахстане 1920-1940-х годов. Алматы, 2009. – С. 448.
- М.Столяр Религия советской цивилизации. Киев, 2010.

Түйіндеңе

Отход от традиционной религии ведет к фанатизму, а от него – к терроризму

Смагулов Мурат – научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена одному из основных направлений, обозначенных в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана, – противодействию всем формам и проявлениям радикализма, экстремизма и терроризма, с выявлением одной из причин формирования радикальных настроений среди населения.

Deviation from traditional religion leads to fanaticism, and from there – to terrorism

Smagulov Murat – Researcher at the Department of Social and Political Studies, KazISS under the President of RK

The article is devoted to one of the main areas indicated in the Address of the President of RK N.A. Nazarbaev to the people of Kazakhstan, – combating all forms and manifestations of radicalism, extremism and terrorism, along with the identification of one of the reasons for the formation of radical sentiments among the population.

Проблемы и перспективы регионального взаимодействия в Центральной Азии на современном этапе

Анна Гусарова – научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК (КИСИ), магистр социальных наук

Статья посвящена современным проблемам и перспективе регионального взаимодействия в Центральной Азии, так как, несмотря на смещение внешнеполитических ориентиров официального Вашингтона с Центральной и Южной Азии в зону ATP, вопросы обеспечения безопасности в регионе все же сохраняют свою актуальность. Учитывая современные тренды мирового развития, дестабилизиру-

ющий потенциал в Центральной Азии в перспективе может проявиться в сфере энергетики, водных ресурсов и geopolитики.

Problems and prospects of regional cooperation in Central Asia at the present stage

Anna Gussarova – Researcher at the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of RK (KazISS), Master of Social Sciences

The article is devoted to contemporary problems and prospects of regional cooperation in Central Asia, as, despite the shift in official Washington's foreign policy guidelines with Central and South Asia into a zone of ATP, security issues in the region still remain urgent. Taking into account the current trends of the world development, in perspective, destabilizing potential in Central Asia may be apparent in the energy sector, water resources and geopolitics.

Казахстанско-иранские отношения: история и будущее

Еркебулан Жумашов – старший научный сотрудник Центра международных и региональных исследований при ЕНУ имени Л. Гумилёва

В статье рассматриваются история и перспективы казахстанско-иранских отношений. Автор статьи указал несколько вариантов развития двусторонних отношений и факторы, влияющие на сотрудничество Казахстана и Ирана в определенных сферах.

Kazakhstan-Iran relations: history and the future

Erkebulan Zhumashov – Senior Researcher, Center for International and Regional Studies at the ENU named after L.N. Gumilyov

The article examines the history and prospects of Kazakh-Iranian relations. The author pointed out several options for the development of bilateral relations and factors affecting cooperation between Kazakhstan and Iran in certain areas.

Внутриполитические процессы в Казахстане, России и Беларуси в контексте евразийской интеграции

Оразгали Сельтевек – главный эксперт Института евразийской интеграции, докторант ЕНУ имени Л. Гумилёва

Развитие евразийской интеграции, ее практическая реализация и углубление обусловлены многими факторами, одними из которых являются внутриполитические процессы государств-членов. В связи с этим изучение характера и динамики социально-политических процессов, происходящих в Казахстане, России и Беларуси, является актуальным вопросом.

Internal political processes in Kazakhstan, Russia and Belarus in the context of Eurasian integration

Orazgali Seltayev – Chief expert at the Institute of Eurasian integration, Doctoral candidate at the ENU named after L.N. Gumliyov

Development of Eurasian integration, its practical implementation and deepening are due to many factors, one of which is the internal political processes of the member states.

In this regard, the study of the nature and dynamics of social and political processes taking place in Kazakhstan, Russia and Belarus, is urgent.

**Роль государства в обеспечении продовольственной безопасности: реалии (практика) Казахстана и международный опыт
Гулім Жұнусова – старший преподаватель Казахского экономического университета имени Т. Рыскулова**

Продовольственная безопасность является одним из важнейших элементов системы национальной безопасности, характеризующей экономическую устойчивость и стабильность, политическую независимость государства, способность обеспечить продовольственные потребности своих граждан, сохраняя физическую и экономическую доступность продуктов питания в таком количестве и качестве, которые необходимы для поддержания жизнедеятельности людей, а также национальные интересы и независимость государства от экспорта продовольствия.

The state's role in ensuring food security: reality (practice) of Kazakhstan and international experience

Gulim Zhunussova – Senior teacher at the Kazakh Economic University named after T. Ryskulov

Food security is one of the most important elements of the national security system, which characterizes the economic strength and stability, the political independence of the state. As well as the ability to meet the food requirements of their citizens, while maintaining the physical and economic access to food in a quantity and quality that are needed to sustain people's life activity, as well as the national interests and independence of the state from the food exports.

Диверсификация и управление производствами транспортного сектора

Saule Dzholdybayeva – PhD doctoral candidate in Economics at the Kazakh Economic University named after Turar Ryskulov

В экономике современных государств особое место занимает транспортный сектор, так как уровень развития транспорта и транспортной инфраструктуры определяет конкурентоспособность экономики и влияет на безопасность страны. Автор в статье рассматривает возможности и перспективы диверсификации производств транспортного сектора и эффективного управления в современных условиях.

Diversification and production management of the transport sector

Saule Dzholdybayeva – PhD doctoral candidate in Economics at the Kazakh Economic University named after Turar Ryskulov

The transport sector occupies a special place in the economy of modern states, as the level of development and transport infrastructure determines a competitive ability of the economy and affects security of the country. Author of the article considers the possibilities and prospects of diversification of the productions in the transport sector and effective governance in contemporary conditions.

Казахстан в системе мировых экономических процессов

Кундызыай Еримбетова – ведущий научный сотрудник Института истории государства, кандидат исторических наук

Статья посвящена истории экономических реформ Казахстана в контексте интеграции республики в мировое экономическое сообщество. В годы независимости Республика Казахстан, благодаря продуманным и правильно проводимым экономическим реформам, плавно, без болезненных эксцессов перешла от плановой к рыночной экономике. На сегодняшний день экономика Казахстана является неотъемлемой частью мировой экономики.

Kazakhstan in the system of the world economic processes

Kundyzai Yerimbetova – Senior Researcher, Institute of History of the State, Candidate in History

Article is devoted to the history of economic reforms in Kazakhstan in the context of the republic's integration into the world economic community. In the years of independence, Kazakhstan, thanks to intelligent and properly carried out economic reforms, smoothly, without painful excesses moved from a planned to a market economy. On today Kazakhstan's economy is an integral part of the global economy.

Рукописи и редкие книги фонда Музея редких книг: проблемы исследования и перевода

Абдиғали Бекішев – заведующий Музеем редких книг РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы по переводу и исследованию рукописей и редких изданий из фонда Музея редких книг РГП «Ғылым ордасы». Описываются часто применяемые переводческие стили, методы, приемы, ведется речь о лицах, которые внесли свой вклад в подготовку переводов и в исследование казахской книги, а также приводится классификация некоторых, требующих перевода книг по их категориям.

Manuscripts and rare books of the Museum of Rare Books: the problems of study and translation

Abdigali Bekishev – Head of the Museum of Rare Books, RSE “Gylym Ordasy” CS MES RK

This article discusses current issues on the translation and study of the manuscripts and rare books from the collection of the Museum of Rare Books RSE “Gylym Ordasy.” Describes frequently used translation styles, methods, techniques, mentions individuals who have contributed to the preparation of the translation and the study of Kazakh books, as well as a classification of some books needed to be translated by their categories.

Философия формирования интеллектуальной нации

Берик Аташ – старший преподаватель КазНПУ имени Абая, доктор философских наук,

Нұрсауле Маханова – эксперт НИИ формирования интеллектуальной нации

В данной статье анализируются историко-философские основы политики в формировании интеллектуальной нации. В результате представляются основные принципы и методология для формирования интеллектуальной нации.

Philosophy of intellectual nation formation

Berik Atash – Senior Lecturer at the KazNPU named after Abai, PhD Philosophy,

Nursaule Makhanova – Expert at the SRI of intellectual formation of the nation

This article examines the historical and philosophical foundations for the policy of intellectual nation formation. As a result, there are presented the main principles and methodology for the intellectual nation formation.

Формирование неклассических представлений в культурологии Гульнара Рахимова – преподаватель КазНПУ имени Абая, кандидат философских наук

В данной статье рассматриваются неклассические представления о культуре в работах З. Фрейда, К.Г. Юнга, Э. Кассирера, М. Хайдеггера. Культура предстает перед человеком как смысловой мир, который служит сферой индивидуальной самореализации.

Non-classical representations formation in culturology

Gulnara Rakhimova – Teacher at the KazNPU named after Abai, Candidate in Philosophy

This article discusses the concepts of non-classical culture in the works of Freud, C.G. Jung, E. Cassirer, M. Heidegger. Culture appears to man as a semantic world, which serves as a sphere of individual self-realization.

Особенности религиозного познания в период советской идеологии

Мархабат Нуров – магистрант Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ имени Абая

Статья посвящена вопросам религиозного познания и учения в период Советской власти. По идеологии Советов государство и религия были отделены друг от друга, вследствие чего в советском обществе религия не признавалась как часть культуры и не поддерживалась со стороны государства.

Features of religious knowledge in the period of Soviet ideology

Markhabat Nurov – Master's Candidate at the Institute of Masters and PhD Programs, KazNPU named after Abai

Article is devoted to the religious learning and teaching in the Soviet period. According to the Soviet ideology, the state and religion were separated from each other, whereby religion was not recognized in the Soviet society as a part of the culture and was not supported by the state.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ)

ҚСЗИ 1993 жылды 16 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған.

ЗЕРТТЕУЛЕРДІН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1. Сыртқы саясаттың стратегиялық аспекттері:

- ♦ көршілес елдердің ішкісаяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу;
- ♦ Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Түркиямен, ЕО және ТМД елдерімен еki жақты қатынастарын талдау;
- ♦ посткөңестік кеңістіктегі интеграция мәселелерін зерттеу;
- ♦ қауіпсіздік мәселелерін сараптау.

2. Бүгінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік үрдістер:

- ♦ Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси жағдайға мониторинг жүргізу;
- ♦ Қазақстанда саяси институттардың қалыптасуы мен демократиялану үрдістерін зерттеу;
- ♦ Қазақстандағы ағымдағы саяси жағдайды талдау.

3. Экономикалық қауіпсіздік:

- ♦ Қазақстан Республикасы экономикалық қауіпсіздік мәселелерін зерттеу;
- ♦ өлемдік экономиканың даму қарқынын зерттеу және оның Қазақстан экономикасына өсерін талдау;
- ♦ жаһандану мәселелерін және оның Қазақстанға ықпалын зерттеу;
- ♦ Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға мониторинг жүргізу.

4. Редакциялық-баспа қызметі:

- ♦ «Қазақстан-Спектр» ғылыми журналын басып шығару;
- ♦ «Қоғам және Дәүір» ғылыми-сараптамалық журналын басып шығару (қазақ тілінде);
- ♦ «Central Asia's Affairs» сараптамалық журналын басып шығару (ағылшын тілінде).

ҚСЗИ ҚЫЗМЕТИНІҢ ТҮРЛЕРИ

Институт Қазақстанның сыртқы және ішкі саясаты, оның әлеуметтік-экономикалық дамуы сияқты стратегиялық мәселелер бойынша іргелі зерттеулер жүргізеді, ел басшылығы үшін болжакама-талдау сипатындағы материалдар дайындауды.

Институт ез зерттеулерінің негізгі бағыттары бойынша семинарлар, конференциялар, дәңгелек үстелдер, халықаралық форумдар өткізіп отырады.

ҚСЗИ шетелдердің ғылыми және талдау құрылымдарымен ынтымақтастық орнатқан, олармен Қазақстан мен Орталық Азия дамуының өртүрлі мәселелері бойынша халықаралық зерттеу жобаларын іс жүзіне асруда.



Казахстанский институт стратегических исследований (КИСИ) при Президенте Республики Казахстан

КИСИ создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 г.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ КИСИ

1. Стратегические аспекты внешней политики:

- ♦ мониторинг внутриполитического и социально-экономического развития сопредельных стран;
- ♦ анализ двусторонних отношений Казахстана с Россией, Китаем, США, Турцией, странами ЕС и СНГ;
- ♦ исследование проблем интеграции на постсоветском пространстве;
- ♦ изучение вопросов борьбы с терроризмом и экстремизмом.

2. Общественно-политические и социальные процессы в современном Казахстане:

- ♦ мониторинг общественно-политической ситуации в Республике Казахстан;
- ♦ анализ этнодемографической ситуации и миграционных процессов в Казахстане;
- ♦ исследование процессов демократизации и становления политических институтов в стране.

3. Экономическая безопасность:

- ♦ исследование проблем экономической безопасности;
- ♦ изучение тенденций развития мировой экономики и анализ их влияния на экономику Казахстана;
- ♦ исследование проблем участия Казахстана в международном экономическом сотрудничестве;
- ♦ социально-экономический мониторинг Республики Казахстан.

ФОРМЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КИСИ

Институт проводит фундаментальные исследования по стратегическим проблемам внешней и внутренней политики, социально-экономического развития Казахстана, готовит материалы прогнозно-аналитического характера для руководства страны.

Институт выпускает три ежеквартальных издания: научно-аналитический журнал «Қоғам және Дауір» (на казахском языке), научный журнал «Казахстан-Спектр» и аналитический журнал «Central Asia's Affairs» (на английском языке), в которых освещаются проблемы внешней и внутренней политики, международных отношений, национальной безопасности, социальной и экономической политики Республики Казахстан, а также размещает материалы на собственном сайте.

Институт проводит семинары, конференции, «круглые столы», международные форумы по основным направлениям своих исследований.

КИСИ сотрудничает с зарубежными научными и аналитическими структурами, осуществляет международные исследовательские проекты по различным проблемам развития Казахстана и Центральной Азии.

Журналда басылатын қолжазбаларға қойылатын талаптар

Журнал «Қоғам және Дауір»

Мақала мәтіні екі дана түрінде принтерден шығарылып (14 кегель, шрифт «Таймс», жол аралығы бірлік, парап жиегі – әр жағынан 2 см) автордың (авторлардың) қолтаңбасымен бекітілуі тиіс. Әдебиеттер тізімі мәтін соңында түпнұска тілінде келесі тәртіппен көрсетіледі: реттік саны, автор, жұмыс атауы, дерек көзі, басылымның шығу айы мен жылы, басылу орны. Мәтіндегі сілтемелер төртбұрыш жақшалармен белгіленеді.

Басты материалмен бірге авторлық парап ұсынылады, оған автордың (авторлардың) аты-жөні, жұмыс орны мен лауазымы, қызмет немесе жеке телефон нөмері кіреді.

Мақалалардың қолжазбасы қайтарылмайды және рецензияланбайды. Мақаланың мазмұнына автор жауапты. Редакция мақаланың жариялануы және қабылданбауы туралы шешімді өзіне қалдырады.